



# ЦИФРЛАНДЫРУҒА БЕТАЛЫС

# 2021

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

САПА ПАЙДА МАСШТАБ

# МАЗМҰНЫ



Негізгі қаржы көрсеткіштері	3
2021 жылы орын алған негізгі оқиғалар	5
Басқарма Төрағасының үндеуі	6

## 1.0 КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ 8

▼ «КМФ» МҚҰ туралы	9
▼ Бизнес-модель	10
▼ Операциялық қызмет	11
▼ Іскерлік белсенділік стратегиясы	12
▼ Қызмет географиясы	14
▼ Тарихы	15

## 2.0 СЕРВИС ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ 18

## 3.0 ҚЫЗМЕТТІҢ ҚАРЖЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ 21

## 4.0 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ 29

## 5.0 ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ 47

## 6.0 ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК 58

▼ Персоналды басқару	59
▼ Қайырымдылық пен демеушілік	63
▼ Қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясат	65

## 7.0 ҚОСЫМШАЛАР 66


▼ Аудиторлық есеп	69
▼ Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есеп	71

## Мекенжайлар мен деректемелер 93




**Жедел цифрландыру** компанияның ковидтік шектеулерге табиғи реакциясы болды. Пандемия аз уақыт ішінде цифрлық әлеуетті жұмылдырып, КМФ клиенттеріне мүмкіндіктер мен жайлылықтың жаңа деңгейін берді. 2020-2021 жылдар ішінде КМФ-те клиенттерге қашықтан қызмет көрсету бойынша да, қызметкерлермен өзара іс-әрекет бойынша да көптеген цифрлық шешімдер жедел қарқынмен іске асырылды. Қоғамдағы және адамдардың мінез-құлық үлгілеріндегі өзгерістер жалғасып жатыр және КМФ-тегі барлық бизнес-процестерді цифрландыру да тоқтамайды. Цифрландырудың жемісін – қашықтан сату арналары мен цифрлық сервистерді пайдалану жұмыс тиімділігін арттырады, бірақ сонымен бірге IT-процестер мен жүйелерді мұқият қорғау мәселесін қояды. Цифрлық қызметтердің көбірек енгізілуіне байланысты киберқауіпсіздіктің де рөлі күшейіп жатыр.

КМФ-тегі цифрландыру туралы **20 бетте толығырақ.**









QR-кодты сканерлеңіз  
және есеп жайлы қосымша ақпарат алыңыз



**ОНЛАЙН  
МИКРОКРЕДИТЫ**

01. ҚАРЖЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ




02. САЛЫСТЫРМАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕР

03. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

04. ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР


8,5%

ROA




30%

ROE




25%

NIM (пайыздық маржа)




110

ФИЛИАЛДАР МЕН БӨЛІМШЕЛЕРДІҢ САНЫ




230 091

БЕЛСЕНДІ КЛИЕНТТЕР



1 990

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САНЫ



## НЕГІЗГІ ҚАРЖЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Қаңтар

Балаларға арналған «Абай мұрасы» байқауының қорытындысы шықты. 2020 жылы Қазақстанда Ұлы ақын және ойшыл Абай Құнанбаевтың 175 жылдығы кеңінен аталып өтті. «КМФ-Демеу» қоры мен «КМФ» МҚҰ Қазақстанның барлық өңірлерінде тұратын балалар мен жасөспірімдер үшін «Абай мұрасы» атты ауқымды онлайн-байқау ұйымдастырды. Байқаудың басты мақсаты оқушылардың ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы білімдерін кеңейту және тереңдету, пандемия және онлайн оқыту кезеңінде оқушыларға қолдау көрсету және өзін-өзі дамытуға ынталандыру болды. Барлық тілек білдірушілер «Абайдың балалық шағы» (сурет байқауы), «Абай өлеңдері», «Абай әндері», «Ақынға арнау» атты төрт шығармашылық номинацияға қатысып, өз жұмыстарын жібере алды. Онлайн-байқауға еліміздің әртүрлі аудандары мен қалаларынан 6-18 жас аралығындағы барлығы 285-тен астам бала мен жасөспірім қатысты. Жеңімпаздар мен номинанттар бағалы жүлделер мен сыйлықтар алды: графикалық планшеттер, суретшінің жинақтары, смартфондар, құлаққаптар, сондай-ақ А.Құнанбаевтың «Қара сөздері» атты басты еңбегі.

01

02

Ақпан

КМФ Қазақстанның үздік 100 жұмыс берушісінің қатарына кірді. Universum швед компаниясының зерттеу деректері бойынша қазақстандық студенттер КМФ-ті 2020 жылдың қорытындысы бойынша үздік жұмыс берушілер рейтингіне қосты. Жұмыс берушілердің тартымдылығын зерттеу әлемнің 50 елінде жүргізіледі. Оның мақсаты – ұйымдарға деген сенім деңгейін және еңбек нарығындағы ірі компаниялардың имиджін бағалау. Сауалнамаға 38 жоғары оқу орнынан 7 мыңға жуық студент қатысты.

Сауалнамаға қатысушылар – жеті академиялық саланың өкілдері: бизнес, инженерлік іс, ақпараттық технологиялар, жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар, сондай-ақ құқықтану және медицина. Зерттеу қорытындысы бойынша КМФ «Бизнес» бағытында 60-орынды иеленді. Жұмыс берушілер рейтингінде біздің Компания қаржы нарығының ірі бөлшек банктер сияқты қатысушыларынан басып озды. 2023 жылға дейін КМФ Қазақстанның ең тартымды 50 жұмыс берушісінің қатарына кіру жөнінде өршіл міндет қойып отыр.

<http://www.kmf.kz>

04

06

07

09

Сәуір

2021 жылғы 1 сәуірден 30 маусымға дейінгі кезеңде ШОБ клиенттерінің кредиттері кейінге қалдырылды.

Маусым

Fitch Ratings халықаралық агенттігі ұзақ мерзімді эмитент дефолтының рейтингін («ЭДР») «В+» деңгейінде берді, болжам «Тұрақты». КМФ-тің ұзақ мерзімді ұлттық рейтингі BBB-(kaz) деңгейінен/ «Тұрақты» болжамы BBB(kaz) деңгейіне дейін көтерілді/«Тұрақты» болжамы.

Июль

Автоорталықтардың серіктестік желісі арқылы автокредит беру іске қосылды және кредиттік сарапшылардан келіп түсетін барлық өтінімдер автоматтандырылған скорингтен өтетін болды.

Қыркүйек

Компания биржаға шықты. Облигациялардың екі шығарылымы нәтижесінде КМФ Қазақстан қор биржасында (KASE) 13% купон мөлшерлемесімен және екі жыл айналым мерзімімен 10 млрд теңге тартты.

11

12

12

Қараша

КМФ пен Samsung Алматыда ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды. «КМФ» МҚҰ Knox Configure бағдарламалық жасақтамасын сатып алды. Knox Configure – кәсіпорындарға Samsung құрылғыларын қашықтан баптауға және кастомизациялауға мүмкіндік беретін бұлтты сервис. Бағдарламалық жасақтама құрылғыларды бизнестің нақты қажеттіліктеріне тез және оңай бейімдейді.

Желтоқсан

«Касса 24» сауда маркасымен келісімге қол қойылды, соның арқасында КМФ клиенттері өтеулерді қосымша шығыстарсыз және комиссияларсыз төлей алады.

Желтоқсан

«КМФ Isker hanymy 2021» жүлдесі үшін кәсіпкер әйелдер арасында байқау өтті. 1000-нан астам өтінім қабылданды, іріктеу барысында номинациялар санын 5-тен 14-ке дейін, ал жүлде қорын **3,9 млн теңгеге** дейін ұлғайтты.



**Жүсіпов**

**Шалқар**

**Аманқосұлы**

Басқарма Төрағасы

## БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

### ҚҰРМЕТТІ АКЦИОНЕРЛЕР, СЕРІКТЕСТЕР МЕН КЛИЕНТТЕР!

Қазақстандық нарықта «KMF» МҚҰ – бұл ең ірі компания, кәсіпкерлерге, оның ішінде ШОБ секторларына, негізінен, елдің шалғай елді мекендерінде қызмет көрсететін микроқаржы өнімдерінің кең спектрі бар нарық көшбасшысы.

Компания жергілікті және халықаралық кредиторлармен, оның ішінде әлемнің ірі қаржы институттарымен табысты бірлесе жұмыс істейді және ауыл тұрғындарын, Қазақстанның өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарының көпшілігін қолжетімді қаржыландырумен қамтамасыз етеді, осылайша кәсіпкерлікті қолдау және дамыту, жұмыс орындарын құру және сақтау сияқты маңызды әлеуметтік миссияны орындайды. Компания өз клиенттеріне заманауи, сапалы және жоғары технологиялық микроқаржылық өнімдерді ұсына отырып, өз бизнесін дамытуда біршама жетістіктерге қолжеткізіп отыр.

2021 жылы COVID-19 пандемиясы Қазақстан экономикасына, демек KMF пен біздің клиенттерімізге де әсерін тигізуді жалғастырды.

2021 жылдың қиындығына қарамастан, KMF білікті және тәжірибелі ұжымның, жоғары өтімділік деңгейінің, үлкен қорға ие капиталдың, жылдам дамып келе жатқан цифрлық құралдардың және бейімделген кадр саясатының арқасында барлық қиындықтарға дайын болды. 2020–2021 жылдары жүргізілген жүйелі жұмыс пен дағдарысқа қарсы шаралардың арқасында KMF өз позициясын тұрақтандырып қана

қоймай, барлық стратегиялық бағыттар бойынша дамуды жалғастыра алды. Бұл KMF-ке 2021 жылы жақсы қаржылық және операциялық нәтижелер көрсетуге мүмкіндік берді.

### ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ

2021 жылғы тұрақсыз экономикалық жағдайға қарамастан, компанияның таза пайдасы 2020 жылғы көрсеткіштен 27%-ға асып түсті, бұл бүкіл МҚҰ секторының жиынтық таза кірісінің 35%-ын құрайды. Бұл бизнес-процестерді және қаржыландыруды соңғы қарыз алушыға жеткізу арналарын цифрландыру стратегиясын жүзеге асырудың арқасында мүмкін болды. 2021 жылы Компания нарықты кезең-кезеңімен қалпына келтіру жағдайында портфельдің 19%-ға қарқынды өсуін қамтамасыз ете алды. Кредиттік портфельдің өсу қарқыны KMF өнімдерінің сұранысына негізделген. Компания белсенді клиенттік базаны 230 мың адамға дейін ұлғайтты.

Бұл ретте біз тиімділікті арттыруды жалғастырып жатырмыз. Өткен жылы кірістердің өсу қарқыны шығыстардың өсу қарқынынан асып түсті. Несие портфелінің кірістілігі 2020 жылмен салыстырғанда 1,2%-ға өсті. Компания үшін тағы бір маңызды оқиға KASE биржасына шығу болды, соның арқасында қорландыру құнының төмендеуіне қол жеткізілді.

Жыл бойы біздің назарымыз жағдайды бақылауға және клиенттерді қолдауға бағытталды. Компания нағыз мұқтаж клиенттер санатына

төлемдер бойынша кейінге қалдыруды ұсыну практикасын жалғастырды. Сондай-ақ біз кәсіпкер әйелдер, жазда құрғақшылықтан зардап шеккен өндірушілер мен аграршылар үшін субсидияланған микрокредиттер бағдарламасын жүзеге асырдық.

Тәуекелдерді салмақты қабылдау тәсіліне негізделген алдыңғы кезеңдердегі консервативті шешімдердің арқасында Компания өзінің сенімділігі мен тұрақтылығын растады. Мерзімі өткен кредиттердің (NPL) үлесі айтарлықтай төмендеді және 2,2% құрады. Бұл ретте Компания күтілетін кредиттік залалдарға резервтердің жеткілікті көлемін қалыптастырды.

2021 жылдың қорытындысы бойынша таза пайыздық кіріс 17%-ға өсті. NIM (25%) және пайыздық спрэд (20%) көрсеткіштерінің пандемия алдындағы көрсеткіштерге дейін қалпына келгенін атап өтуге болады.

Компания өтімділік пен қаржылық тұрақтылықтың жоғары деңгейін сақтап тұр. K1, k2 капиталының жеткіліктілігінің пруденциалдық коэффициенттері ҚР Ұлттық Банкінің нормативтерінен екі есе артық.

## ПАНДЕМИЯНЫҢ СЫН-ҚАТЕРІ

2021 жылы бірқатар шектеулер алынып, карантин жеңілдегеннен кейін клиенттердің қаржылық тұрақтылығы едәуір артты. Шағын кәсіпкерлердің кез келген жағдайға тез бейімделуі үлкен артықшылық болды. Дегенмен, KMF жыл бойы клиенттердің сұрауларына жедел ден қойды. Мемлекеттік ақшаға жүгінбей, біз Компания ішінде қарыз алушыларды қолдау шараларын әзірледік. Сондай-ақ

клиенттердің үлкен пулының қарызын қайта қаржыландырдық. Клиенттердің жекелеген санаттарына біз пайыздық мөлшерлеменің жартысына дейін субсидияладық. Егер клиенттерге қосымша кредит қажет болса, оны да бердік. Бұл ретте компания әр үш ай сайын қатысушылардың санын көбейту үшін бағдарламалардың шарттарын қайта қарап отырды.

KMF мемлекет жүргізіп отырған кәсіпкерлер мен халықты қолдау жөніндегі жұмысқа белсенді қатысты. Біз төлемдерді кейінге қалдыру туралы ондаған мың өтініш алдық және көбісінің өтініштері мақұлданды.

Компания энергия тиімді жабдықты сатып алып, жұмсалған соманың 10% мөлшерінде кэшбэк ала алатын өз клиенттері арасында жасыл қаржыландыру жобасын іске асыруды жалғастырды.

Өткен жылы KMF Қазақстанның ірі автодилерлерімен серіктестікте автокредит беруді табысты дамытуды жалғастырды.

KMF-те мобильдік қосымшаны іске қосумен 2020 жылы басталған цифрлық трансформация жалғасып жатыр. 2021 жылы қосымша жаңартылды: дизайн жақсарды және оның мүмкіндіктері кеңейтілді.

Клиенттермен жұмыс жасау барысында біз коммуникацияның цифрлық арналарына көшуді жеделдеттік. Бұл Компанияның цифрландыру бойынша стратегиялық бағыт шеңберінде жүргізіп жатқан айтарлықтай жұмысының арқасында мүмкін болды. Біздің IT-команда бұл сын-қатерге толық дайын болды. Атап айтқанда, байланыс орталығының жұмысы күшейтілді, ол тәулік бойы жұмыс режиміне өтті.

## ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

Ұлғайып келе жатқан бәсекелестік жағдайында KMF өзінің ұзақ мерзімді даму стратегиясы шеңберінде сапалы қайта құруларға назар аударды. Біздің стратегиямыздың бірінші басымдығы бірінші дәрежелі сервистің икемді жүйесін құру болып табылады. Екінші басымдық бизнес-процестерді дамыту болып табылады. Бұған, ең алдымен, қолма-қол ақшасыз беру мен өтеу үлесінің артуы, жаңа өнімдердің дамуы, қосымша қызметтердің дамуы жатады.

KMF үшін дамудың үшінші басым бағыты биометрия технологиясын пайдалана отырып, қашықтан сатуды дамыту және өтінімдерді онлайн қарау үлесін арттыру болып табылады.

Бұл стратегиялық бастамалар KMF-тің МҚҰ нарығындағы көшбасшылық жағдайын сақтауға ықпал етеді.

**Жүсіпов**  
**Шалқар**  
**Аманқосұлы**  
Басқарма Төрағасы



01

21

# КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

▼ «КМФ» МҚҰ ТУРАЛЫ  
▼ КМФ БИЗНЕС-МОДЕЛІ

1  
2

▼ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ  
▼ ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІК СТРАТЕГИЯСЫ

3  
4

▼ ҚЫЗМЕТ ГЕОГРАФИЯСЫ  
▼ ТАРИХЫ

5  
6



## 1.1 «КМФ» МҚҰ ТУРАЛЫ

КМФ компаниясы – Қазақстанның ірі МҚҰ және нарық көшбасшысы. Қазақстан экономикасына ойдағыдай бейімделген қаржы институты, негізінен ауылдық жерлерде кіші және шағын бизнесті қаржыландыруға бағдарланған классикалық микроқаржы ұйымының бизнес-моделі.

1997 жылы негізі қаланған сәттен бастап, КМФ негізінен ауылдық жерлерде 2 млн астам қарыз бере отырып, Қазақстан экономикасына триллионнан астам теңге инвестициялады. «КМФ» МҚҰ клиентті қорғау принциптеріне сәйкес әрекет ететін және әлеуметтік бағытталған компания ретінде халықаралық танымалдылыққа ие болды.

КМФ-тің дамыған филиалдық желісі бар (бүкіл ел бойынша 110 кеңсе), сондай-ақ клиенттермен жұмыс істеу процесіне финтех-компанияларға тән элементтерді белсенді енгізеді.

КМФ-тің дамуы сенімді кредиторлардың қолдауынсыз мүмкін болмас еді. Компания ұзақ жылдар бойы IFC, EBRD, OeEB, SIFEM, Proparco, АДБ, ЕІВ сияқты халықаралық даму институттарымен ынтымақтасып келеді.

Miv (Microfinance Investment Vehicle) серіктестерінің арасында микроқаржыландыру әлеміндегі танымал есімдер: responsAbility, Triodos, Triple Jump, Incofin, DWM, BlueOrchard, Symbiotics, Frankfurt School.

Жергілікті қаржы институттары – Altyn Bank, Халық Банкі, ForteBank, сондай-ақ «Даму» кәсіпкерлік қоры КМФ клиенттерінің дамуына өз үлесін қосты.



### МИССИЯСЫ

#### Сіздің өркендеуіңіз үшін үздік микроқаржыландыру

**Бізге маңызды** – үздік микроқаржыландыру тәжірибесін: жинақталған тәжірибе, әдістеме, қызметтер, сервис қолдана отырып, мақсатты клиенттерді: кіші, шағын және агробизнес өкілдерін қамту.

Үздік микроқаржыландыру тәжірибесіне сүйене отырып, Компания тұрақты даму, тиімді кері байланыс және бағалау арқылы сапа мен әртүрлілікті арттыра отырып, үздік микроқаржылық қызметтер мәдениетін дамыту міндетін қояды. Сонымен қатар, үздік микроқаржыландыру тәжірибесін қолдана отырып, Компания клиенттердің өркендеуіне ықпал етеді.


### ПАЙЫМЫ

#### Әлемдік микроқаржыландыру көшбасшысы


Біз өз клиенттеріміз бен қызметкерлеріміз үшін мүмкіндіктерді кеңейту мақсатында өз қызметіміздің шекарасын кеңейтуге ұмтыламыз.

## 1.2 KMF БИЗНЕС-МОДЕЛІ


### КРЕДИТ БЕРУ БАҒЫТТАРЫ




**ШОБ субъектілеріне** бес жылға дейінгі мерзімге, 60 млн теңгеге дейінгі сомаға кредит беру



**Бес жылға дейінгі** мерзімге тұтынушылық кредит беру, кепілсіз 2 млн теңгеге дейін және кепілмен 10 млн теңгеге дейін




**Микрокәсіпкерлерге**, оның ішінде ауыл шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлерге бес жылға дейінгі мерзімге, 10 млн теңгеге дейінгі сомамен кредит беру




**Жасыл қаржыландыру** – змикрокредит сомасының 10%-на дейін кэшбэк алу мүмкіндігімен энергия тиімді және энергия үнемдейтін жабдықтарды сатып алуға жеті жылға дейінгі мерзімге 50 млн теңгеге дейінгі сомаға кредит беру



**Мобильді қосымшада** 15 минут ішінде 3 үш жылға дейінгі мерзімге және 2 млн теңгеге дейінгі сомамен онлайн қарыздар



**Топтық кредит** – Қазақстан нарығы үшін бірегей өнім, 2-ден 10 адамға дейін тұратын топтың әрбір мүшесіне бес жылға дейінгі мерзімге, 6 млн теңгеге дейін сомаға кредит беру



**Қазақстанның жетекші** автодилерлер желісі арқылы автокредиттеу.

### KMF-ТІҢ КРЕДИТТЕУ ҚАҒИДАТТАРЫ

Компания өз клиенттеріне әлеуметтік кредиттеудің жеті қағидатын сақтай отырып кредит береді.

#### Әлеуметтік кредиттеудің 7 қағидаты:

1. Өнімдерді және жеткізу арналарын сәйкесінше әзірлеу (клиенттердің қажеттіліктерін зерттеу және кредиттерді «дұрыс» сату)
2. Шамадан тыс берешекке жол бермеу (клиенттің төлем қабілеттілігі мен кредит төлеу қабілеттілігін бағалау)
3. Ашықтық (кредит берер алдында клиенттің барлық шығындарын анықтау, шарттың барлық талаптарымен мұқият танысу)
4. Жауапты баға белгілеу (клиентке қолайлы және компанияға тұрақтылық беретін дұрыс сыйақы белгілеу)
5. Клиенттерге әділ және құрметпен қарау (берешекті қоса алғанда, барлық кезеңдерде клиенттермен жұмыс істеу этикасын бұзуға жол бермеу)
6. Клиент деректерінің құпиялылығы (микрокредит беру құпиясын және жеке деректердің құпиялылығын сақтау)
7. Шағымдарды қарау және шешу тетіктері (нақты жүйенің болуы: шағымдарды қайда беру керек, олар қалай ескеріледі, қаралады, шағымға жауап беру мерзімдері және шағым нәтижелері бойынша клиенттің қанағаттануы)

## 1.3 ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

### НАРЫҚҚА ТАЛДАУ ЖҮРГІЗУ

2021 жылдың IV тоқсанында нарықта 237 МҚҰ жұмыс істеді. Бұл ретте 2021 жылы 33 компания жабылып, 43 бірлік ашылды. Кредиттік портфель бойынша КМФ-тің үлесі 22,43% құрады. Компания нарықтағы көшбасшы позициясын сақтады. 2021 жылдың қорытындысы бойынша КМФ-тің кредиттік портфелінің өсімі +18,5% құрады. Сонымен қатар МҚҰ бүкіл секторы 2021 жылы +65,8% өсімді көрсетті.

### НАРЫҚ ТРЕНДТЕРІ


- ҚР қолданыстағы заңнамасында қосымша қызмет түрлерін белгілеуге байланысты елдегі МҚҰ нарығында өнім желісін кеңейту жалғасын тапты. Мысалы, МҚҰ енді электрондық ақша эмитентінің, сақтандыру компанияларының және т.б. агенттері бола алады.
- 2021 жылы МҚҰ нарығына қатысушыларға қойылатын талаптар өзгерді:
  - Микроқаржы ұйымдары 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап екінші деңгейлі банктермен қатар қаржы ұйымдарына жатқызылды. Осыған орай микроқаржы қызметін атқаратын ұйымдар лицензия алуға міндетті болды;
  - 2021 жылғы мамырдан бастап онлайн микрокредит беру кезінде қарыз алушыны сәйкестендіруге қойылатын талаптар күшейтілді: қарыз алушы жеке кабинетте бастапқы тіркеуден өту кезінде міндетті түрде биометриядан өтуге тиіс;
  - 2021 жылғы 1 қазаннан бастап төлемге қабілетсіз борышкерге қатысты берешекті міндетті реттеу талабы қойылды, яғни қарыз алушы өтеу мерзімін өткізген жағдайда, Кредитор қарыз алушыға дауды реттеу үшін МҚҰ-ға өтінішпен хабарласу қажеттілігі туралы хабарламаны жіберуге міндетті. Осы рәсімді сақтағаннан кейін

және ымыраға келмеген жағдайда ғана МҚҰ қарызды өндіріп алу бойынша шаралар қабылдауға құқылы.

- мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген PDL-қарыздар бойынша сыйақының шекті мәні белгіленді, ол берілген соманың 25% құрайды. Қазіргі уақытта Реттеуші осы көрсеткішті берілген қарыз сомасының 25%-нан 5,5%-на дейін қысқартуды жоспарлап отыр. Бұл шара сыйақы деңгейін қолданыстағы жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің 56% мөлшерінде шектеу үшін қажет.

- Сонымен қатар Реттеушінің қарауында мына мәселелер болды: қарыз алушының борыштық жүктеме коэффициентін (БЖК) есептеуге қойылатын талаптарды қатаңдату; қысқа мерзімді онлайн-микрокредиттер бойынша ең жоғары мөлшерлемені азайту; кредиттік бюроға/одан ақпарат беруге/алуға келісім беру тәртібін өзгерту.
- Есепті кезең аяқталғаннан кейін, 2022 жылы, егер қарыз алушыда өтелмеген қарыз болса, оған БЖК есептеместен микрокредит беруге тыйым салатын Реттеушінің қаулысы күшіне енді. Сонымен қатар PDL-қарыздар бойынша артық төлем сомасын екі есе төмендететін, сондай-ақ онлайн-кредиторларды қарыз шартының қолданылу мерзімін тек жақсарту талаптарымен ұзартуға міндеттейтін түзетулер енгізілді.
- Пандемия тұтынушымен қашықтан жұмыс істеудің күшті трендін белгіледі, ол болашақта да сақталады. Компаниялар цифрлық форматтағы қызметтерді көбірек дамытады деп күтіледі. Нарыққа қатысушылардың көпшілігі кейіннен сату кеңселеріне келмейтін сегментті жоғалтпау үшін онлайн-нарықты дамытуға және бизнесті цифрландыруға инвестиция салады.
- Қазақстан Республикасында ЕҚДБ-ның «Бизнестегі әйелдер» бағдарламасы жұмыс істейді. Бағдарламада әйелдерді қаржыландыру және кеңес беру, оның ішінде оларға арнап семинарлар өткізу, қолдау жүйесі және жеңілдікті кредит беру қарастырылған.

### 2021 ЖЫЛЫ МҚҰ КРЕДИТТЕРІН БЕРУ СЕРПІНІ, БІРЛІК



### 2021 ЖЫЛЫ МҚҰ КРЕДИТТЕРІН БЕРУ СЕРПІНІ, МЫҢ ТЕҢГЕ



Бағдарламаны Қазақстанда іске асыратын ЕҚДБ серіктестері — банктер мен микроқаржы ұйымдары. Жоба қаржылық, сондай-ақ қаржылық емес шараларды, ақпараттық қолдауды, оқытуды және басқаларды көздейді.



## 1.4 ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІК СТРАТЕГИЯСЫ

### СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСЫМДЫҚТАР

#### Біз үш негізгі бағытты дамытамыз:

- ▼ Біздің клиенттер
- ▼ Біздің қызметкерлер
- ▼ Кәсіпкерлікті дамыту

KMF микроқаржылық сектордағы №1 позицияны сақтай отырып, Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік секторында қызмет көрсету бағытын жалғастырып жатыр.

Біз тұрақты және ұзақ мерзімді өсу үшін жоғары әлеуетке ие күшті корпоративтік мәдениеті және тұрақты клиенттік базасы бар технологиялық қаржылық құрылымды дамытамыз.

Орын алған шектеулерді, ықтимал тәуекелдерді қабылдай отырып және туындайтын қиындықтарды түсіне отырып, біз клиенттеріміздің үміттерін ақтауға, олардың бизнесі үшін KMF-пен ынтымақтастық құруға және оның құндылығын арттыруға дайынбыз.

### ҚЫЗМЕТТІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

#### Өнімдерді дамыту

Микроқаржы ұйымының саясаты нарық талап ететін әртүрлі жағдайларға байланысты икемді және оңай өзгеруі керек. Тек осы жағдайда ғана микроқаржы компаниясы өзінің тұрақты және әлеуетті клиенттеріне сұранысқа ие және қолжетімді қолдау құралы бола алады.

KMF клиенттердің барлық санаттарының сұранысына сәйкес кредиттік өнімдердің шарттарын уақытылы өзгертіп және бейімдей отырып, барынша қолжетімді және ыңғайлы кредиттік өнімдерді дамытуды жалғастырады.

#### Клиентке бағдарланған бизнес-модель

Бизнесі одан әрі кеңейтуге клиенттер үшін қосымша құндылықты құру арқылы қол жеткізіледі, атап айтқанда, сапаны, қызмет көрсетудің жоғары стандарттары мен клиенттерге күтім жасауды қамтамасыз ете отырып, қызмет көрсету жылдамдығын арттыру.

Бизнесінің табыстылығы мен тиімділігін арттыру мақсатында енгізілетін барлық өзгерістер біздің ұзақ мерзімді өсуіміздің негізі ретінде тұрақты клиенттік базаны қолдауға бағытталатын болады.

### Өнімдер мен қызметтерді цифрландыру

Клиенттеріміздің қажеттіліктерін ескере отырып, біз өнімдеріміз бен қызметтерімізді ұсынудың цифрлық форматына технологиялық көшуді жалғастырамыз.

Жаңа online өнімдерді дамыту және цифрлық арналарға қарапайым және түсінікті қол жетімділікті қамтамасыз ету арқылы біз қарыз алушылар үшін клиенттік тәжірибені (customer experience) байытып, цифрлық өнімдерді таңдауды тартымды етеміз.

### Бизнес-процестердің технологиялығы

KMF қызметтің барлық бағыттары бойынша сапалы қайта құруларды қамтамасыз ету есебінен тұрақты өсуге ұмтылады.

Операция көлемдерінің ауқымдылығы және олардың болжамды өсуі бизнес-процестердің технологиялық деңгейін тұжырымдамалық қайта қарауды, «қағаз» айғақтан «цифрлыққа» көшуді талап етеді.

### Мықты корпоративтік мәдениет және HR Brand


Бизнесінің тұрақты моделін құра отырып, Компания KMF-тің ең негізгі активі – персоналын дамытады. Корпоративтік мәдениетті нығайта отырып және HR-брендінің танымалдылығы мен маңыздылығын арттыра отырып, Компания нарықтағы бәсекелестік артықшылықтарын күшейтуге қол жеткізеді.

## 2022 ЖЫЛҒА ҮШ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР



## 1.5 ҚЫЗМЕТ ГЕОГРАФИЯСЫ

### КЕҢСЕЛЕР ЖЕЛІСІ



## 1.6 ТАРИХЫ

### ҚАЗАҚСТАНДА МИКРОҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТАРИХЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**1997 жыл** ▼ 20 қараша – Қазақстандық Кредиттеу қорын (ҚБК) құру. Талдықорғанда бөлімшенің ашылуы. 21 адам 100 доллар (7 500 теңге) көлеміндегі ортақ жауапкершілігі бар топтық микрокредит алды.

**1998 жыл** ▼ Қор клиенттерінің саны 1 000 адамға дейін өсті.  
▼ Клиенттерге арналған «Іскер» басылымның алғашқы шығарылымы жарық көрді

**1999 жыл** ▼ Компанияның алғашқы үш жылдық стратегиясы: компанияның миссиясын, негізгі мақсаттарын анықтау.  
▼ Өңірлерде микрокредиттеу моделін масштабтаудың басталуы.

**2000 жыл** ▼ Шымкент қаласында филиал ашылды.

**2001 жыл** ▼ Алматы қаласында филиал ашылды.  
▼ Жеке микрокредит беру әдістемесі ендірілді.

**2002 жыл** ▼ Компания қызметінің бес жылдығын атап өтті. Клиенттер саны 4 487 адамға жетті, ал несие портфелі 217,5 млн теңгеге дейін ұлғайды.  
▼ Тұтынушылық мақсаттарға микрокредит беру әдістемесі ендірілді.

**2003 жыл** ▼ Түркістан мен Таразда филиалдар ашылып, аудан орталығында бірінші кеңсе ашылды.

**2004 жыл** ▼ 2004 жылы компания екі рет (2003–2004 жылдары) «Альфа» бағасын бере отырып, M-Crill (Үндістан) халықаралық рейтингтік агенттігінен өзінің бірінші қаржылық рейтингін растады: «Компанияның басқару, менеджмент және қаржы параметрлері бойынша жақсы көрсеткіштері бар», бұл микроқаржыландыру нарығындағы әлемдік тәжірибенің параметрлеріне сәйкес келеді.

**2005 жыл** ▼ Астана (қазір – Нұр-Сұлтан) қаласында филиал ашылды.  
▼ Ауыл шаруашылығы өндірушілеріне микрокредит беру әдістемесі енгізілді.

**2006 жыл** ▼ Қостанай мен Қызылордада филиалдар ашылды.  
▼ Қазақстандық Кредиттеу Қоры өзінің мәртебесін өзгертіп, «Қазақстандық кредиттеу қоры» микрокредиттік ұйымы болды, бұл ретте коммерциялық емес ұйым болып қала берді. 2006 жылдың аяғында Қор «KazMicroFinance» МКҰ» (КМФ) ЖШС коммерциялық еншілес ұйымын құрды. Қазақстандық Кредиттеу Қорының барлық клиенттері мен қызметкерлері жаңа ұйымға ауыстырылды.  
▼ MixMarket «Бес бриллиант» жоғары бағасын берді. MixMarket – Дүниежүзілік банк жанындағы CGAP бастамасымен құрылған, микроқаржы ұйымдарына арналған жаһандық, ақпараттық платформа, онда КМФ әлемнің жүз үздік микроқаржы ұйымдарының арасында кредиттік портфель сапасы бойынша үшінші орынға ие болды.

**2007 жыл** ▼ Американың Forbes қаржы-экономикалық журналы «KazMicroFinance» МКҰ-ны әлемнің 50 үздік микроқаржы ұйымдарының тізіміне қосты, онда Компания 37-ші орынды иеленді.



**2008 жыл** ▼ Құрылтайшы – ACDI/VOCA америкалық корпорациясының шешімі бойынша «KMF қазақстандық кредиттеу қоры» МҚҰ «KMF-Демеу» корпоративтік қоры болып қайта құрылды.

**2009 жыл** ▼ USAID «KazMicroFinance» МҚҰ-ны Қазақстанның экономика саласындағы үздік ұйымы деп таныды және «Тиімді басқару және микрокәсіпкерлер үшін қаржылық қызметтерге қолжетімділікті кеңейтудегі көшбасшылық үшін» марапатымен марапаттады.

▼ «KazMicroFinance» МҚҰ компанияның сыртқы және ішкі рәсімдеуде «KMF» қысқа логоға ауысуын аяқтады.

**2010 жыл** ▼ Өскемен, Көкшетау, Павлодар, Семей қалаларында филиалдар ашылды.

▼ Компания екі рет әлемдік наградалармен марапатталды: клиенттермен жүргізілген жұмыс үшін ХҚО сыйлығымен және «Клиенттің құқықтарын қорғаудағы жетістіктері үшін» Smart Campaign сыйлығымен; клиенттердің шамадан тыс қарызын болдырмау мақсатында қабылдаған әрекеттері үшін Smart Campaign («Ақылды Кампания») үздік микрокредиттік ұйым деп танылды.

**2011 жыл** ▼ Ақтөбе қаласында филиал ашылды.

▼ Компанияның жалпы жиналысының шешімімен 2011 жылы «KMF» МҚҰ ЖШС-да компанияның стратегиясын әзірлеу мен басқаруда көшбасшы рөлін атқаратын білікті және тәжірибелі мамандардан тұратын Бақылау кеңесі құрылды және құрамы бекітілді. KMF тәуекелдерді басқару жүйесін де күшейтті.

**2012 жыл** ▼ Компанияның 15 жылдығы.

▼ 2012 жылғы қарашаға қарай KMF кредиттік портфелі 12 миллиард теңгеге жетті.

**2013 жыл** ▼ Орал қаласында филиал ашылды.

▼ Компания «KMF-Демеу» Корпоративтік қорымен бірлесіп, Қазақстан халқының қаржылық сауаттылығын арттыру жобасын іске асыруды бастады. Жоба қаржылық сауаттылық бойынша сабақтар қамтылған тегін кітапшаларды таратуды және компанияның қарыз алушылары үшін компанияның кеңселерінде презентация өткізуді көздейді. Сабақтар қазақ және орыс тілдерінде «KMF-Демеу» қорының сайтында да қолжетімді. 2013 жылдан бастап сабақты 150 000-нан астам қазақстандық өтті.

**2014 жыл** ▼ Петропавл қаласында филиал ашылды.

▼ Нарықта алғаш рет капиталға \$13,6 млн көлемінде халықаралық инвестиция тартылды. KMF акционерлері микроқаржыландыруды инвестициялаумен айналысатын ірі халықаралық қорлар болды: responsAbility Management Company S. A., responsAbility SICAV (Lux), Triodos Custody B. V., TRIODOS SICAV II. Бұл сол кездегі микроқаржы компаниясындағы ең ірі жеке инвестициялардың бірі болды.

**2015 жыл** ▼ KMF Smart Campaign сертификатын алған Қазақстандағы бірінші және әлемдегі 31-ші компания болды. Бұл компанияның процестері, саясаты және басқару жүйесі жеті қағидат бойынша клиенттерді әлеуметтік қорғау қағидаттарына сәйкес келетінін растайды: өнімдер мен жеткізу арналарын әзірлеу, шамадан тыс қарызды болдырмау, ашықтық, жауапты баға белгілеу, клиенттерге әділ және құрметпен қарау, клиент деректерінің құпиялылығы, шағымдарды қарау және шешу тетіктерінің болуы.





- 2016 жыл**
- ▼ KMF заңға сәйкес өзінің мәртебесін микрокредиттік ұйымнан (МҚҰ) микроқаржы ұйымына (МҚҰ) өзгертіп, қайта тіркелді.
  - ▼ Қазақстанда ғана емес, ТМД-дағы ең ірі МҚҰ мәртебесі расталды. 225 мыңнан астам қарыз алушы, кредиттік портфель 105 млрд теңгеден асты немесе 300 млн долларға жуықтады. Көлемі бойынша бүкіл нарықтың кредиттік портфелінің 54%-ың, ал саны бойынша – Қазақстанда берілетін үш микрокредиттің екеуін алып отыр.
  - ▼ Еуропа қайта құру және даму банкімен «Бизнес-тегі әйелдер» жобасы бойынша ынтымақтастық басталды, кәсіпкер әйелдерге және бизнесі өңірлерде: қалалар мен ауылдық жерлерде орналасқан әйел басшыларға кредиттер берілді.
  - ▼ «Даму» ҚДҚ-мен шағын кәсіпкерлерді кредиттеудің үш бағыты бойынша ынтымақтастық басталды: тікелей қаржыландыру, кепілдікке қаражат беру және оператор ретінде қаражат беру.

- 2017 жыл**
- ▼ KMF-тің 20 жылдығы. Компанияның кредиттік портфелі 80 млрд теңгеден асты, ал қарыз алушылардың саны 200 мың адам.
  - ▼ KMF Қазақстандағы алғашқы тұрғындардың қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша халықаралық конференцияның ұйымдастырушысы болды.
  - ▼ Компания 560 млрд теңгеден астам сомаға 1,7 миллион микрокредит берді.

- 2018 жыл**
- ▼ Дүниежүзілік банк тобының мүшесі – Халықаралық қаржы корпорациясынан (IFC) МҚҰ нарығы тарихындағы \$44 млн көлемінде бірлестірілген кредит алды.

- 2019 жыл**
- ▼ KMF Қазақстанда кіші-, шағын және орта кәсіпорындарды қаржыландыру үшін 50 миллион АҚШ доллары мөлшерінде ЕҚДБ-ның алғашқы синдикатталған кредитін алды.
  - ▼ KMF «Мобильді сарапшы» жобасымен әлемдегі үздік МҚҰ үштігіне кіріп, European Microfinance Award 2019 беделді сыйлығының финалисті болды.

- 2020 жыл**
- ▼ Компания COVID-19 пандемиясымен байланысты сын-қатерлерге сәтті төтеп берді. Экономикалық құбылмалылықтың күрделі жағдайларында KMF ЕҚДБ-дан \$40 млн теңге мөлшерінде кредит алды. Кредит отандық кәсіпкерлерге Кәсіпкерлік қызметін жалғастыруға және жұмыс орындарын сақтауға көмектесті.
  - ▼ Клиенттерге арналған мобильді қосымша іске қосылды. 2020 жылдың соңында 150 мыңнан астам пайдаланушы болды.

- 2020 жыл**
- ▼ Қарыз алушыларды қолдау бағдарламасы әзірленді және табысты жүзеге асырылды, онда клиенттерді қолдауға арналған әртүрлі шаралар қарастырылды. Бағдарлама ондаған мың клиенттерді қамтыды.
  - ▼ KMF гендерлік және экономикалық интеграция саласындағы тұрақты даму жобаларын енгізу және іске асыру бойынша жетістіктері үшін ЕҚДБ-дан марапатқа ие болды.
  - ▼ ЕҚДБ-мен бірлесіп «Жасыл» микроқаржыландыру жобасы іске қосылды. KMF теңге баламасында 5 млн доллар сомасына кредит желісін алып, Қазақстанның қаржы ұйымдары арасында ЕҚДБ-ның бірінші жергілікті серіктесі болды.

- 2021 жыл**
- ▼ Компания биржаға шықты. Облигациялардың екі шығарылымы нәтижесінде KMF Қазақстан қор биржасында (KASE) 13% купон мөлшерлемесімен және екі жыл айналым мерзімімен 10 млрд теңге тартты.
  - ▼ Автоорталықтардың серіктестік желісі арқылы автокредит беру іске қосылды және кредиттік сарапшылардан келіп түсетін барлық өтінімдер автоматтандырылған скорингтен өтетін болды.
  - ▼ Fitch Ratings халықаралық агенттігі ұзақ мерзімді эмитент дефолтының рейтингін («ЭДР») «В+» деңгейінде берді, болжам «Тұрақты».

02

21



# СЕРВИС ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ

▼ СЕРВИСТІ ДАМУ

19

▼ ЦИФРЛАНДЫРУ

20

## 2.1 СЕРВИСТІ ДАМУ

### Компания клиенттермен жұмыс істеу кезінде қызмет көрсету сапасына үлкен мән береді.

Компания клиентті қорғаудың халықаралық қағидаттарын ұстанатын болғандықтан, бұл жұмыс жүйелі түрде жүргізіледі.

Компанияда қызмет көрсету сапасының белгіленген стандарттары, қызметкерлерді сервиске оқыту жүйесі бар және бизнес-процесс клиенттердің үміттеріне қалай сәйкес келетінін өлшейтін сервис сапасын бағалау жүйесі жұмыс істейді. Бұл қызметті бағалау жүйесі мыналардан тұрады:

- ▼ клиент қоятын сервисті бағалау;
- ▼ чек-парақтар жүйесі арқылы жергілікті жерлердегі сервис стандарттарына сәйкестікті тексеру;
- ▼ негізделген шағымдарды есепке алу жүйелері.

Сервистің жергілікті жерлерде сәйкестігін тексеру чек-парақтар, сондай-ақ құпия сатып алушы жүйесі арқылы жүргізіледі.

Клиенттің шағымына уақытылы және сапалы жауап беру ұзақ мерзімді ынтымақтастықты құруға ғана емес, сонымен қатар бизнес-процестерді жақсы жаққа дер уақытында өзгертуге мүмкіндік береді.

Компанияда клиенттерге қызмет көрсету жүйесі бар. Клиенттерге ыңғайлы болу үшін QR-кодты қоса алғанда, түрлі жүгіну арналары әзірленді. Компания клиенттердің ауызша, жазбаша, электрондық өтініштерін қабылдайды, жүйеде өңдейді және клиентке кері байланыс береді. Сондай-ақ, клиенттердің қанағаттану жүйесі аясында шағымдарды өңдеуге қанағаттану тұрғысынан кері байланыс алу жүйесі бар.



## 2.2 ЦИФРЛАНДЫРУ


Пандемиядан туындаған ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдаланудың жандануы соңғы онжылдықта әлемдік экономиканы цифрландырудың жалғасуымен сәйкес келді. Тұтынушылық мінез-құлықтың өзгеруі және пандемияның ұзақтығы АКТ тауарлары мен қызметтерінің жаңа түрлерін енгізудің ұзақ мерзімді процесін бастады. Пандемия көптеген адамдарды онлайн-сатып алуға мәжбүр етті – кейбіреулер мұны алғаш рет жасады: 2020 жылдың наурызында электронды сауда 25%-ға өсті. Бұл ретте Қазақстандағы цифрлық сектордың, оның ішінде онлайн-сауда мен қаржы қызметтерінің өсу әлеуеті, пандемияға байланысты дағдарыс көрсеткендей, орташа әлемдік деңгейден асады.

Жедел цифрландыру Компанияның ковидтік шектеулерге табиғи реакциясы болды. Пандемия аз уақыт ішінде цифрлық әлеуетті жұмылдырып, KMF клиенттеріне мүмкіндіктер мен жайлылықтың жаңа деңгейін берді.

2020–2021 жылдар ішінде KMF-те клиенттерге қашықтан қызмет көрсету бойынша да, қызметкерлермен өзара іс-қимыл бойынша да көптеген цифрлық шешімдер жедел қарқынмен іске асырылды.

Компания үшін ең үлкен нәтиже мобильді қосымшаны іске қосу және дамыту болды. Мобильді қосымша жаңа функциялармен белсенді түрде толықтырылды: кредитті кейінге қалдыру туралы келісімдер мен өтініштер беру, кейінге қалдырылғаннан кейін жаңа өтеу кестесін көру мүмкіндігі, кредит беру. Клиенттерге ыңғайлы болу үшін және мобильді қосымшаның жаңа мүмкіндіктерін түсінуді жеңілдету үшін қысқа роликтер мен қарапайым жадынамалар әзірленді.

### Қосымшаны іске қосқаннан кейін екі айдан соң қосымшаны пайдаланушылар саны



дейін өсті.

2021 жылы қосымша жаңартылды, онда биометрияның көмегімен сәйкестендіру мүмкіндігі жүзеге асырылды.

Сондай-ақ, Компания клиенттердің өтінім беруімен және оларды автоматтандырылған өңдеумен және кредит беру бойынша шешім қабылдаумен байланысты ішкі бизнес-процестерді белсенді цифрландырып жатыр.

Сондай-ақ, онлайн коммуникацияларды дамытудың тағы бір элементі телемаркетингі дамыту және клиентпен өзара әрекеттесу кезінде байланыс орталығының рөлін күшейту болды: енді байланыс орталығы кеңес беріп қана қоймайды, сонымен қатар өтінімді қабылдау және кредит беру, сондай-ақ сатудан кейінгі қызмет көрсету функцияларын атқарады.

Компания өз қызметкерлері үшін электрондық құжат айналымы жүйесін әзірледі, бұл барлық қызметтік хат алмасуды және HR-құжат айналымын қызметкерлердің ЭЦҚ пайдалана отырып, электрондық форматқа көшіруге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, ішкі порталдың жаңа, мобильді нұсқасы әзірленді, ол жұмыс компьютерлерінен де, сондай-ақ қызметкерлердің жеке мобильді құрылғысынан да қолжетімді және қашықтан жұмыста, іссапарда немесе демалыста болған кезде компанияның ақпараттық алаңында қалуға мүмкіндік береді.

Қоғамдағы және адамдардың мінез-құлық үлгілеріндегі өзгерістер жалғасып жатыр және KMF-тегі барлық бизнес-процестерді цифрландыру да тоқтамайды. Цифрландырудың жемісін – қашықтан сату арналары мен цифрлық сервистерді пайдалану жұмыс тиімділігін арттырады, бірақ сонымен бірге IT-процестер мен жүйелерді мұқият қорғау мәселесін қояды. Цифрлық қызметтердің көбірек енгізілуіне байланысты киберқауіпсіздіктің де рөлі күшейіп жатыр.

03

21

# КМФ ҚЫЗМЕТІНІҢ, ҚАРЖЫЛЫҚ, КӨРСЕТКІШТЕРІ

▼ АКТИВТЕР

22

▼ ПОРТФЕЛЬ САПАСЫ

24

▼ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ

26

▼ КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬ

23

▼ КРЕДИТ БЕРУ

25

▼ ПАЙДА МЕН ЗАЛАЛ

27


## 3.1 АКТИВТЕР

Компания активтерінің динамикасында қарқынды өсу байқалады. Активтер өсімінің негізгі себебі – кредиттік портфельдің өсуі. Есепті күнге активтер 183 млрд теңгені құрады, жылдық өсім 29 млрд теңгеге немесе 19%-ға артты.

2021 жылдың қорытындысы бойынша нарықтың кезең-кезеңмен қалпына келуі жағдайында Компания портфельдің 26 млрд теңгеге немесе 19%-ға қарқынды өсуін қамтамасыз ете алды. 2020 жылы уақытылы қабылданған клиенттерді қолдау шаралары клиенттік базаның тұрақтылығын сақтауға мүмкіндік берді және 2021 жылы одан әрі дамуға серпін берді. Оған қоса, 2021 жылы өнімдер желісі автокредиттеу өнімімен кеңейтілді.

2021 жылдың қорытындысы бойынша пандемияның теріс ықпалынан 2020 жылы төмендеген ROA активтерінің рентабельділігі қалпына келді.

### АКТИВТЕР VS. КРЕДИТТЕР, МЛРД ТЕҢГЕ




Өтімділік деңгейі 5.5-6% деңгейде сақталады. Компания міндеттемелерді өтеу мерзімінің басталуына қарай барлық міндеттемелерді орындау үшін қажетті ақша қаражатының тұрақты болуын қамтамасыз ету мақсатында өтімділіктің қажетті деңгейін қолдайды. Компания қаржыландыру көздерінің әртараптандырылған және тұрақты құрылымын белсенді қолдауға тырысады.

2020 жылдан бастап жаңа заңнама шеңберінде Компания ақша қаражатын бағалы қағаздарға және РЕПО операцияларына орналастырылуын әртараптандырды.

2021 жылдың қорытындысы бойынша өтімділікті орналастырудан түскен кірістілік 8-9% құрады.

### ЖОҒАРЫ ӨТІМДІ АКТИВТЕР VS. ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҢ КІРІСТІЛІГІ\*



\*КТС шегергенде, депозиттер бойынша сыйақы

## 3.2 КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬ ЖӘНЕ КЛИЕНТТІК БАЗА


Кредиттік портфельдің өсу қарқыны КМФ өнімдеріне деген сұраныстың жоғары болуына және қызметкерлердің тиімділігі мен өнімділігін ұлғайтуға бағытталған процестерді құруға негізделген.

### 31.12.21ж. белсенді клиенттердің жалпы базасы

230 000

ҚАРЫЗ АЛУШЫ


### КЛИЕНТТІК БАЗАНЫҢ ПОРТФЕЛЬДІК ҚАРҚЫНЫ




Кредиттік портфельдің құрылымында тұтынушылық кредит берудің төмендеу және ауыл шаруашылығына кредит беруге ауысу үрдісі байқалады. Компания агросектордағы бизнесті дамытуға ерекше назар аударады. Портфель құрылымындағы барлық өзгерістер Компанияның стратегиялық мақсаттарына сәйкес келеді.

Ауылдық жерлерді қамту Компания басымдықтарының бірі болып табылады. Клиенттік базаның жартысынан астамын ауыл тұрғындары құрайды.

### КЛИЕНТТІК БАЗАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ «ҚАЛА/АУЫЛ»



### САЛАЛАР БОЙЫНША КРЕДИТТІК ПОРТФЕЛЬ



### 3.3 ПОРТФЕЛЬ САПАСЫ

Мерзімі өткен кредиттер 4%-ға немесе 0,3 млрд теңгеге азайған.

Компания өз активтерінің тәуекелдерін бағалауға жауапты қарайды. Активтің құнсыздануына резервті есептеу әдістемесі толығымен 9 ХҚЕС сәйкес келеді және ЕУ халықаралық аудиторлық компаниясымен расталған.

Берілген қарыздар бойынша құнсыздануға резервтер жыл басынан 3%-ға немесе 0,24 млрд теңгеге азайып, құрады.


**7,6** МЛРД

БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР БОЙЫНША ҚҰНСЫЗДАНУҒА РЕЗЕРВТЕРІ

МЕРЗІМІ ӨТКЕН КРЕДИТТЕРДІҢ ЖИЫНТЫҚ МӨЛ-ШЕРІН РЕЗЕРВТЕМЕН ЖАБУ ДЕҢГЕЙІ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ


**90%**

#### РЕЗЕРВТЕР VS МЕРЗІМІ ӨТКЕН ҚАРЫЗДАР, МЛН ТЕҢГЕ



\* Мерзімі өткен берешегі бар кредиттер баланстық құны бойынша, яғни негізгі борыштың қалдықтары мен есептелген сыйақыны ескере отырып көрсетілген.

#### 90 КҮННЕН АСТАМ МЕРЗІМІ ӨТКЕН ҚАРЫЗДАР, МЛН. ТЕҢГЕ



2020 жылы, пандемияның ауыр зардаптарына қарамастан, Компания шұғыл әзірленген дағдарысқа қарсы бағдарламасының шеңберінде уақытылы қабылданған шаралар есебінен портфель сапасын тиімді деңгейде сақтап қала алды.

2021 жылдың қорытындысы бойынша 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар кредиттердің үлесі 2020 жылы 3,2%-дан есепті күні 2,2%-ға дейін төмендеді.





### 3.4 КРЕДИТ БЕРУ


**2021 ЖЫЛЫ ЖАЛПЫ СОМАСЫ 211 МЛРД ТЕҢГЕ БОЛАТЫН 286 МЫҢ КРЕДИТ БЕРІЛДІ, ӨТКЕН ЖЫЛЫ ДӘЛ СОЛ КЕЗЕҢДЕ 149 МЛРД ТЕҢГЕ СОМАҒА 224 МЫҢ КРЕДИТ БЕРІЛГЕН ЕДІ.**

2021 жылы Компания бір жылда берілген кредиттердің көлемі бойынша ең жоғарғы көрсеткішке жетті. Бұған сатуды арттыруға және жаңа өнімдерді ендіруге бағытталған бірқатар шаралар ықпал етті.


2021 жылы KMF автокредиттеу бағдарламасын іске қосты.

KMF онлайн сату арналарын белсенді түрде дамытып, клиенттермен цифрлық қарым-қатынасты жақсарту бойынша тұрақты жұмыс жүргізіп келеді.

#### ТҮРІ БОЙЫНША БЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, %



#### БЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕР



2021 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША МҚҰ СЕКТОРЫНДА БЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕРДІҢ САНЫ БОЙЫНША KMF ҮЛЕСІ

**31%**

ҚҰРАДЫ

**24%**

2021 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША МҚҰ СЕКТОРЫНДА БЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕРДІҢ СОМАСЫ БОЙЫНША KMF ҮЛЕСІ 24% ҚҰРАДЫ

### 3.5 МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ

Компанияның міндеттемелері 140,5 млрд теңгені құрады, жыл басынан бері 34,0 млрд теңгеге немесе 31,6 % өсті.

Міндеттемелердің құрылымында айтарлықтай өзгерістер болған жоқ, есепті күнге тартылған қарыздар портфелінің үлесі 95% құрады.

Міндеттемелердің активтерге қатынасы есепті күнге 77%-ды құрады, жыл басынан бастап дивидендтерді төлеу есебінен 8 т.т. ұлғайды.

Компания қаржыландыру көздерінің жеткілікті ауқымды тізіміне ие, олар халықаралық қаржы институттарымен, сонымен қатар жергілікті банктермен танылған.


2021 жылы Компания жергілікті қаржы институттарынан қаржыландыру үлесін арттыру есебінен қаражат тарту портфелін әртараптандыруды жалғастырды. Осылайша, портфельдегі жергілікті қаржыландыру үлесі 2020 жылы 14%-дан, 2021 жылы 26%-ға ұлғайды.

Бұдан бөлек, Компания валюта тәуекелін азайту мақсатында валюталық қарыздарға қатысты ұстамды саясатты ұстанады. Негізгі портфельді немесе 87% қарызға алған теңге құрайды.



2021 жылдың қорытындысы бойынша ROE капитал рентабельділігі 27,2%-дан 30,0%-ға дейін ұлғайды. Көрсеткіштің өсуі таза пайданың ұлғаюына байланысты.

Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті 21,9%-ды құрады, бұл Реттеушінің пруденциалдық талаптарынан 2 есе жоғары.

#### МІНДЕТТЕМЕЛЕР VS. ТАРТЫЛҒАН ҚАРЫЗДАР, МЛРД ТЕҢГЕ



#### КАПИТАЛ VS. ТИІМДІЛІК




### 3.6 ПАЙДА МЕН ЗАЛАЛ

2021 жылдың қорытындысы бойынша таза пайыздық кіріс 38,0 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 17%-ға немесе 5,5 млрд теңгеге жоғары.


NIM көрсеткіштерінің және пайыздық спрэдтің пандемия деңгейіне дейін қалпына келуі байқалады.

Жылдық пайыздық кірістер 54,5 млрд теңге мөлшерінде алынды. Оның ішінде өтімділікті орналастырудан 0,8 млрд теңге мөлшерінде түсім түсті немесе жиынтық кірістің 1,6% құрады.

Пайыздық шығыстар 16,5 млрд теңгені құрады, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 4%-ға кем.



#### 31.12.2021 Ж. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ





Операциялық шығыстар 18,4 млрд теңгені құрады, бұл 2020 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 5,2 млрд теңгеге немесе 40%-ға артық.

2021 жылдың қорытындысы бойынша қызметкерлер штаты 1 990 адамды құрады, жыл басынан бері 179 адамға өскен. Кредиттік бөлім қызметкерлерінің үлесі 46% құрады.

2021 жылдың қорытындысы бойынша **таза пайда** 14,0 млрд теңгені құрады (Қазақстандағы МҚҰ барлық секторының 23%). Кредиттік портфельдің таза пайда бойынша рентабельділігі өткен жылдың дәл сол кезеңімен салыстырғанда 1,4 т.т. жақсарды және 9,7% құрады.

Үстеме шығыстардың коэффициенті (CIR) 50% аспайды.



► Жалғасы

### 3.6 ПАЙДА МЕН ЗАЛАЛ

№	ПРУДЕНЦИАЛДЫҚ НОРМАТИВТІҢ АТАУЫ	НОРМАТИВ	ФАКТ	ОРЫНДАУ
01	Төленген жарғылық капитал	>=50 млн теңге	14 431 млн теңге	✓
02	Есептелген меншікті капитал	>=50 млн теңге	42 453 млн теңге	✓
03	Меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті	$k1 \geq 0,1$	0,219	✓
04	Бір қарыз алушыға тәуекелдің ең жоғары мөлшерінің коэффициенті	$k2 \leq 0,25$	0,003	✓
05	Левередж коэффициенті	$k3 \leq 10$	3,309	✓

2020 жылдың қорытындысы бойынша капиталдың жеткіліктілік көрсеткіші 28,1% құрады, бұл ҚР Ұлттық Банкі белгілеген ең төменгі деңгейден айтарлықтай жоғары. Компания өзінің қызметіне тән тәуекелдерден қорғау мақсатында капиталдың жеткіліктілік деңгейін белсенді басқарады.

2021, 2020, 2019 және 2018 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания капиталға қатысты заңнамада белгіленген барлық сыртқы талаптарды сақтады.

#### ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛДЫҢ МӨЛШЕРІ:

50 000 000 ₸

2021 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРДАН БАСТАП

70 000 000 ₸

2022 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРДАН БАСТАП

100 000 000 ₸


2023 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРДАН БАСТАП

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

▼ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ	30	▼ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ	42	▼ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ АУДИТ	45
▼ БАҚЫЛАУШЫ КЕҢЕСІ	31	▼ ЖШС ҚАТЫСУШЫЛАРЫ	43	▼ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА БАЙЛАНЫС	45
▼ БАСҚАРМА	37	▼ МИНОРИТАРЛЫҚ АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ	43	▼ АЛАЯҚТЫҚҚА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ	46
▼ СЫЙАҚЫЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	41	▼ ІРІ МӘМІЛЕЛЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	44		

## 4.1 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ


«KMF» МҚҰ ОРГАНДАРЫ:



## 4.2 БАҚЫЛАУШЫ КЕҢЕС

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Бақылаушы кеңестің құрамына Бақылаушы кеңестің Төрағасы мен мүшелерін қоса алғанда, бес адам кіреді, олардың біреуі – тәуелсіз мүше.

### БАҚЫЛАУШЫ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ КОМИТЕТТЕРГЕ МҮШЕЛІК

БАҚЫЛАУШЫ КЕҢЕС МҮШЕСІНІҢ АТЫ-ЖӨНІ	ЛАУАЗЫМЫ	САЙЛАНҒАН КҮНІ	КОМИТЕТТЕРДЕГІ МҮШЕЛІК
 <b>Шәмшиева Гүлнара Жаманқұлқызы</b>	Бақылаушы кеңестің Төрағасы – қатысушының мүдделерін танытады	21.12.2021	<div style="display: flex; justify-content: space-around;"> <div style="background-color: #f1c40f; width: 30px; height: 30px;"></div> <div style="background-color: #95a5a6; width: 30px; height: 30px;"></div> <div style="background-color: #f1c40f; width: 30px; height: 30px; writing-mode: vertical-rl; transform: rotate(180deg);">           жөніндегі комитет         </div> </div>
 <b>Чалмерс Моррис Джеффри</b>	Бақылаушы кеңестің мүшесі – қатысушының мүдделерін танытады		<div style="display: flex; justify-content: space-around;"> <div style="background-color: #95a5a6; width: 30px; height: 30px;"></div> <div style="background-color: #95a5a6; width: 30px; height: 30px;"></div> <div style="background-color: #f1c40f; width: 30px; height: 30px; writing-mode: vertical-rl; transform: rotate(180deg);">           жөніндегі комитет         </div> </div>
 <b>Болд Йоахим</b>	Бақылаушы кеңестің мүшесі – тәуелсіз мүше		<div style="display: flex; justify-content: space-around;"> <div style="background-color: #f1c40f; width: 30px; height: 30px; writing-mode: vertical-rl; transform: rotate(180deg);">           комитет         </div> <div style="background-color: #f1c40f; width: 30px; height: 30px; writing-mode: vertical-rl; transform: rotate(180deg);">           жөніндегі комитет         </div> <div style="background-color: #f1c40f; width: 30px; height: 30px; writing-mode: vertical-rl; transform: rotate(180deg);">           кадр мәселелері жөніндегі комитет         </div> </div>
 <b>Потт Филипп</b>	Бақылаушы кеңестің мүшесі – қатысушының мүдделерін танытады		<div style="display: flex; justify-content: space-around;"> <div style="background-color: #95a5a6; width: 30px; height: 30px;"></div> <div style="background-color: #f1c40f; width: 30px; height: 30px; writing-mode: vertical-rl; transform: rotate(180deg);">           комитет         </div> <div style="background-color: #95a5a6; width: 30px; height: 30px;"></div> </div>
 <b>Поспиловски Эндрю</b>	Бақылаушы кеңестің мүшесі – қатысушының мүдделерін танытады		<div style="display: flex; justify-content: space-around;"> <div style="background-color: #f1c40f; width: 30px; height: 30px; writing-mode: vertical-rl; transform: rotate(180deg);">           комитет         </div> <div style="background-color: #f1c40f; width: 30px; height: 30px; writing-mode: vertical-rl; transform: rotate(180deg);">           басқару жөніндегі комитет         </div> <div style="background-color: #95a5a6; width: 30px; height: 30px;"></div> </div>

Комитеттегі мүшелік



## Шәмшиева Гүлнара Жаманқұлқызы

Бақылаушы кеңестің Төрайымы

### Жұмыс тәжірибесі:

**18.12.2014 – қазіргі уақытқа дейін**, «КМФ (ҚМФ)» МҚҰ» ЖШС, Қазақстан, Бақылаушы кеңестің төрайымы және аудит жөніндегі комитеттің және сый-ақы төлеу және кадр мәселелері жөніндегі комитеттің мүшесі.

**21.05.2018 – қазіргі уақытқа дейін**, «Қырғыз инвестициялық-кредиттік банкі» ЖАҚ, Қырғызстан, Басқарма мүшесі, қаржы менеджері.

**11.04.2001–18.10.2017**, «Бай-Тушум» банкі ААҚ, Қырғызстан, Басқарма төрайымы.

**01.02.2001–11.04.2001**, «Бай-Тушум» микроқаржы қоры, Қырғызстан, ішкі аудитор.

**01.08.1996–30.10.2002**, Қырғызстанда монетизация және кредиттік қауымдастықтар құру бағдарламасы бойынша Ош облысындағы USAID жобасы, бухгалтер.

**01.05.1995–31.07.1996**, Ош облысының Салық полициясы, Қырғызстан, жалпы бөлім бастығы.


**01.11.1992–30.04.1995**, Ош облысының прокуратурасы, Қырғызстан, техникалық хатшы.

**01.06.1983–31.10.1992**, Қырғыз Республикасы Ош облысының тұтыну кооперациясы, инженер-технолог.

### Білімі:

**1978–1983** – Фрунзе политехникалық институты, Қырғызстан.

**1993–1995** – Қырғыз Ұлттық Мемлекеттік Университеті, Қырғызстан.



## Чалмерс Моррис Джеффри

Бақылаушы кеңестің мүшесі

### Жұмыс тәжірибесі:

**18.12.2014 – қазіргі уақытқа дейін**, «КМФ (ҚМФ)» МҚҰ» ЖШС, Қазақстан, Бақылаушы кеңестің мүшесі, сыйақы төлеу және кадр мәселелері жөніндегі комитеттің мүшесі (Төраға).

**01.09.2009 – қазіргі уақытқа дейін**, ACDI/VOCA корпорациясы, АҚШ, Вице-президент.

**01.09.2005–31.08.2009**, АҚШ Халықаралық даму агенттігі, Мексика, Қаржылық даму жөніндегі кеңесші.

**11.02.2001–31.08.2005**, АҚШ Халықаралық даму агенттігі, Микрокәсіпорындарды дамыту жөніндегі кеңесші.

**01.10.1999–10.02.2001**, Америкааралық даму банкі, Микрокәсіпорындарды дамыту жөніндегі маман.

**01.09.1997–31.08.1998**, BASICS, бағдарлама ассистенті.

**01.01.1996–31.08.1997**, Solar Tours, тур менеджері.

### Білімі:

**1990–1994** – Туфтенсис университеті, АҚШ.





## Болд Йоахим

Бақылаушы кеңестің мүшесі

### Жұмыс тәжірибесі:

**16.07.2018 – қазіргі уақытқа дейін**, Efa Group, Сингапур, FIDEF қаржы институттарын дамыту қорының директоры.

**18.12.2014 – қазіргі уақытқа дейін**, «КМФ (ҚМФ)» МҚҰ ЖШС, Қазақстан, Бақылаушы кеңестің мүшесі, тәуекелдер жөніндегі комитеттің мүшесі (Төраға), аудит жөніндегі комитеттің және сыйақы төлеу және кадр мәселелері жөніндегі комитеттің мүшесі.

**20.12. 2003 – қазіргі уақытқа дейін**, «Бай-Тушум» банкі ААҚ, Бішкек, Қырғызстан, Директорлар кеңесінің мүшесі.

**01.08.2004 – қазіргі уақытқа дейін**, Франкфурт қаржы және басқару мектебі, Германия, кеңесші, жаттықтырушы, оқытушы.

Тәуекелдің негізгі индикаторларының рұқсат етілген шектерден елеулі шығуы байқалатын немесе бизнес/операциялық бөлімшелер жоймаған, ал тәуекелдер бақылаулармен жабылмаған теріс трендтер анықталған жоғары тәуекелдер тән салалар бойынша Компания тәуекелдерді тереңдетілген бағалауды жүргізеді.

Тәуекелдерді басқарудың бүкіл процесі үнемі қадағаланып отырады және қажет болған жағдайда түзетіледі. Тәуекелдер мен бақылаулар

мониторингінің деректері операциялық тәуекелдер деңгейін төмендету бойынша уақтылы шешімдер қабылдау үшін және тұтастай алғанда тәуекелдерді басқару жүйесін түзету және жақсарту үшін пайдаланылады.

Операциялық тәуекелдерді басқару процесінде коммуникацияларға және 1-ші қорғау желісі үшін оқытуға ерекше рөл бөлінеді, компанияда ішкі корпоративтік портал белсенді дамып жатыр, қызметкерлер үшін тренингтер үнемі өткізіледі, сондай-ақ болашақта тәуекелдерді болдырмау мақсатында бұзушылықтардың алдын алу туралы ақпарат беріледі.

2019 жылы Компанияда тәуекелдерді өзін-өзі бағалау жүйесі енгізілді, 2021 жылы процесс толығымен автоматтандырылды, тәуекелдер картасы және оларға жауап беру, тәуекелдерді болдырмау және іс-шаралардың іске асырылуын бақылау тетіктері әзірленді.

### АКТИВТЕР МЕН ПАССИВТЕРДІ БАСҚАРУ

Активтер мен пассивтерді басқару тәуекелдері өтімділік тәуекелдерін, инвестициялық портфельдегі контрагенттің кредиттік тәуекелдерін, сондай-ақ пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі және валюта бағамдарының қозғалысы нәтижесінде туындайтын нарықтық тәуекелдерді қамтиды.

### ӨТІМДІЛІК ТӘУЕКЕЛІ

Өтімділік тәуекелі KMF-тің ағымдағы төлем міндеттемелерін уақтылы орындай алмауына байланысты компанияның пайдасы мен іскерлік беделіне теріс әсер ету мүмкіндігі ретінде айқындалады.

Компания өтімділікті басқаруды операциялық (жоспарлау мерзімі 1 айға дейін) және тактикалық деңгейде (жоспарлау мерзімі 1 жылға дейін), сондай-ақ стратегиялық деңгейде (жоспарлау мерзімі 1 жылдан астам) қаржыландыру мен қарыз алу қажеттілігін жоспарлаудың үздіксіз процесі ретінде айқындайды.

Өтімділікті басқарудың негізгі мақсаты KMF жұмыс істейтін активтерінің тұрақты өсуін қамтамасыз ету және KMF-тің үшінші тұлғалар алдындағы барлық міндеттемелерінің уақтылы орындалуын қамтамасыз ету болып табылады.

KMF өз қызметін негізінен Қазақстанның ішінде де, сондай-ақ шетелде де қаржы институттарынан алынатын теңгемен және шетел валюта-сымен орта мерзімді қарыздармен қаржыландырады.

Стандартты қарыздардан басқа, KMF капитал түріндегі тартуларды пайдаланады.

KMF өтімділіктің шұғыл жетіспеушілігі жағдайында іске қосылатын міндеттемелерді мерзімінен бұрын қайтарып алуға реакцияны реттеу үшін күтпеген жағдайлар болған жағдайда қаржыландыру жоспарын әзірлейді.

Бұдан басқа, Компания Бақылаушы кеңестің ішкі талаптарымен белгіленген өтімді активтердің тұрақты үлесін қолдайды және оны күн сайын ұстанады.

Өтімді активтер ішкі лимиттерге сәйкес екінші деңгейдегі банктерде, сондай-ақ рұқсат етілген қаржы құралдарының бекітілген тізбесіне



► Жалғасы

## 5.3 ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ПРОЦЕСІ

сәйкес бағалы қағаздар нарығында орналастырылады. Өтімді активтерді орналастыру мақсатында тек жоғары өтімді қаржы құралдары пайдаланылады, негізінен бұл мемлекеттік бағалы қағаздар мен РЕПО.

Екінші деңгейдегі банктерде шоғырлану тәуекелі мониторинг және контрагенттерге арналған лимиттерді тұрақты қайта қарау жолымен басқарылады.

### ПАЙЫЗДЫҚ ТӘУЕКЕЛ

КМФ-тегі пайыздық тәуекел нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне жауап ретінде таза пайыздық кіріске және активтер мен міндеттемелердің нарықтық құнына қолайсыз әсер ету мүмкіндігі ретінде айқындалады.

КМФ бизнес-моделі негізінен кредиттік портфель бойынша және КМФ өзінің кредиттік қызметін қаржыландыратын қарыздар бойынша

пайыздық мөлшерлемелерді қайта қарау мерзімдеріндегі сәйкессіздіктен пайыздық тәуекелдің туындауын болжайды.

ҚР заңнамасына сәйкес микрокредиттер бойынша кредиттеу мөлшерлемелерін арттырудың ең жоғары шегі бар, осылайша, кредиттік портфель бойынша мөлшерлемелерді арттыру пайыздық тәуекелді басқарудың тұрақты құралы бола алмайды. КМФ клиенттеріне берілген кредиттер әрдайым микрокредит мерзімі ішінде белгіленген сыйақы мөлшерлемесіне ие, ал КМФ міндеттемелері белгіленген және өзгермелі пайыздық мөлшерлемені болуы мүмкін.

### ВАЛЮТАЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ

КМФ бизнес-моделі валюталық тәуекелдің пайда болуын болжайды, өйткені КМФ кредитті тек теңгемен береді, сонымен бірге қызметін ішінара шетелдік валюталардағы қарыздар есебінен қаржыландырады. Валюталық бағамдардағы алыпсатарлық КМФ-тің бизнес-мақсаты болып

табылмайды, КМФ-тің мақсаты – қолжетімді қаржы құралдарымен капиталдың рентабельділігі мен құнына қатысты валюталық тәуекелді азайту.

Валюталық тәуекел ашық валюталық позиция лимиттері жүйесі арқылы басқарылады, соңғы бірнеше жыл ішінде Компания іс жүзінде нөлдік ашық валюталық позицияны ұстанады. 2021 жылдың соңында позиция меншікті капиталдың 0,2% құрады.

# 0,2%

### МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАН ВАЛЮТАЛЫҚ ПОЗИЦИЯ (2021 ЖЫЛ СОҢЫНДА)

## 5.4 ЗАҢНАМА ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕСТІК

2021 жыл ішінде «КМФ (ҚМФ)» МҚҰ» ЖШС заңнама талаптарын бұзған жоқ, осыған байланысты айыппұл төлеу туралы қандай да бір талаптар жоқ, сондай-ақ «КМФ (ҚМФ)» МҚҰ» ЖШС қатысты қандай да бір қаржылық емес санкциялар, оның ішінде шектеулі ықпал ету шаралары қолданылған жоқ.

Сондай-ақ есепті жыл ішінде бәсекелестікке кедергі келтіруге және монополияға қарсы заңнаманы бұзуға байланысты «КМФ (ҚМФ)» МҚҰ» ЖШС қатысуымен болған жағдайлар жоқ.

Қаржы ұйымдарына қатысты қолданылатын барлық санкциялар мен ықпал ету шараларын реттеушінің ресми сайтынан білуге болады: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm/sanctions?lang=ru>.



# ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

- ▼ ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ
- ▼ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ПЕН ДЕМЕУШІЛІК

59

63

- ▼ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ
- САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

65

## 6.1 ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ

Компанияда персоналды басқару Қазақстан заңнамасында көзделген қызметкерлердің құқықтарын қорғау қажеттілігін ескере отырып құрылады және әлеуметтік мәселелерді шешуде қызметкерлермен серіктестік қатынастарды қолдауды, әлеуметтік қорғау нормаларын сақтауды және оны жақсартуды мақсат етеді.

### ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН САНЫ

2021 жылдың соңында Компания қызметкерлерінің нақты саны 1 990 адамды құрады, оның ішінде жоғары буын басшысы – 4, орта буын басшысы – 420, инженерлік-техникалық қызметкерлер – 1 378 адам. Оның ішінде бас кеңседе 409 адам және филиалдарда 1 581 адам бар. Әйелдердің үлесі 52%-ды, ерлер – 48%-ды құрайды. Қызметкерлердің орташа жасы – 34 жас.

Шағымдармен жұмыс істеу тетігіне сәйкес шешімдер қабылдауда әділ тәсілді қамтамасыз ету үшін Компанияда Келісім комиссиясы жұмыс істейді, оған жұмысшылардың өкілдері мен жұмыс берушінің өкілдері тең мөлшерде кіреді.

2021 жылы қызметкерлер құқықтарының бұзылу жағдайлары және кемсітушілік белгілері тіркелген жоқ. Еңбек қатынастары тәжірибесіне шағым түскен жоқ.

Компания жыл сайын қызметкерлердің тұрақтамау нормаларын белгілейді. Жыл сайын қызметкерлердің тұрақтамау себептерін талдау негізінде оны төмендету шаралары әзірленеді, терең exit-сұхбат және автоматтандырылған сауалнама құралдары қолданылады. 2021 жылы қызметкерлердің тұрақтамауы 27% құрады. Бүгінде оны азайтудың

### ЖАС ТОПТАРЫ ЖӘНЕ ЖЫНЫСЫ БОЙЫНША БӨЛЕ ОТЫРЫП, ЕСЕПТІ КҮНГІ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҰЙЫМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ САНЫ

ЖАЛПЫ САНЫ	1 990
Бас кеңсе	409

ГЕНДЕРЛІК ҚҰРАМЫ	
ерлер	әйелдер

953  1037 

ЖАС ҚҰРАМЫ	
25 жасқа дейін	180
25 және 40 жас аралығы	1 382
40 және 55 жас аралығы	370
55 жастан жоғары	58

34% | 2021 ЖЫЛЫ  
ҚЫЗМЕТКЕР  
ҚАБЫЛДАНДЫ



► Жалғасы

## 6.1 ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ

пәрменді шаралары әзірленді. Рекрутинг тек лауазымдардың бейіні мен бөлімшелерден келіп түскен іріктеу туралы өтінімдер негізінде жүргізіледі, сондай-ақ бүгінгі күні жұмыстан кетудің нақты себептерін анықтау үшін бейімделуді автоматтандыру енгізіліп жатыр және ішкі нормативтік құжаттар және тәжірибелі және табысты әріптестерден жаңадан бастаушыларға тәжірибе мен дағдыларды үйретуді көздейтін тәлімгерлік бойынша жоба әзірленіп жатыр.

### ПЕРСОНАЛДЫ ЖАЛДАУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

Компания қызметкерлерді жалдау мәселесіне үлкен мән береді. Біліктілік талаптарына, жоғары жеке қасиеттерге сәйкестіктен басқа, корпоративтік мәдениетке сәйкестік маңызды болып табылады. Лауазымдардың әртүрлі деңгейлеріне үміткерлердің Компания талаптарына толық сәйкестігін бағалауға бағытталған іріктеудің қажетті кезеңдері қарастырылған.

Компания қызметкерлерді бейімдеу бағытында толыққанды жұмыс жүргізеді. Бейімделу процестерін автоматтандырады және қызметкерлердің функционалды бейімделуін, сонымен қатар әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан бейімделуін қамтамасыз етеді.

KMF-те қызметкерлерді оқыту және дамыту тұрақты негізде жүреді және корпоративтік мәдениеттің бөлігі болып табылады. Фронт-кеңсені оқыту жүйесі Компания үшін өте маңызды және көп сатылы және жүйелі болып табылады. Компанияда үнемі қол жетімді электронды курстары бар оқыту платформасы бар.

### ДАЙЫНДЫҚ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ

Компанияда оқыту қызметкердің жұмыс өтіліне және оның қызмет бағытына сәйкес бөлінеді. Төмендегілер үшін оқыту бағдарламалары жасалған:

- ▼ консультанттар;
- ▼ операционистер;
- ▼ кассирлер;
- ▼ кредиттік әкімшілік жүргізу бөлімінің мамандары;
- ▼ кредиттік сарапшылар;
- ▼ шағын топ менеджерлері (кредиттік сарапшылардың басшылары).

Сондай-ақ сыртқы реттеушілермен (Еңбек министрлігі, ҚР Ұлттық Банкі және т. б.) реттелетін қауіпсіздік техникасы, кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша міндетті оқыту жүргізіледі.

Жалпы, бір жыл ішінде:

**1521** | КҮНДІЗГІ  
НЫСАНДА  
ҚЫЗМЕТКЕР

**1348** | ҚАШЫҚТАН  
ҚЫЗМЕТКЕР  
ОҚЫТЫЛДЫ

### ЫНТАЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ

KMF-те компанияның бизнес-мақсаттарына қол жеткізуге, білікті қызметкерлерді ұстап қалуға бағытталған айқын, әділ ынталандыру жүйесі жұмыс істейді. Фронт-офис қызметкерлері үшін ай сайынғы негізде ынталандыру жүйесі қарастырылған.

Есепті жылдың қорытындысы бойынша Компания қызметкерлеріне рейтингтік жүйемен шартталған жылдық сыйлықақы төленеді. Рейтингтік жүйенің мақсаты – бөлімшелер қызметінің тиімділігін бағалау және қол жеткізген нәтижелері үшін компания қызметкерлерін ынталандыру. Сонымен қатар, Компанияда жобалық сыйақы бар, оның аясында жобаға қатысушылар жобаны аяқтау нәтижелері бойынша ақшалай сыйақы алады.

### KMF ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН ӘЛЕУМЕТТІК ПАКЕТ

Компанияның әлеуметтік пакеті персоналды әлеуметтік қолдауға, қызметкер мен оның отбасы мүшелерінің денсаулығына қамқорлық көрсетуге, «жұмыс және жеке өмір» балансын сақтауға, қызметкерлер мен балаларының дамуына мүмкіндік жасауға бағытталған.

Әлеуметтік пакет аясында кафетерий қағидаты бойынша қосымша жеңілдіктер қолданылады, онда әр қызметкер өзі үшін жеңілдіктер жиынтығын құра алады, оны Компания белгіленген лимиттер мөлшерінде төлейді.

▶ Жалғасы

## 6.1 ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ

### КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТ

Көптеген жылдар бойы Компания табысының негізгі факторы компаниядағы корпоративтік мәдениет болып есептеледі. Компанияның мәдениеті қоғамға пайда әкелудің және клиенттер мен қызметкерлердің өркендеуіне ықпал етудің саналы қажеттілігіне негізделген.

Компанияның корпоративтік және іскерлік мәдениетінің негізгі құралы Іскерлік этика кодексі болып табылады, онда мүдделі тұлғалармен өзара қарым-қатынастың негізгі қағидаттары мен ережелері және компаниядағы іскерлік этика нормалары қамтылған.

Компанияның корпоративтік мәдениеті және корпоративтік мәдениет процестері Компания қызметінің барлық салаларында қабылданған құндылықтарға негізделген.

Компанияның құндылықтарын ұстану біздің қызметкерлерімізде мақтаныш сезімін және жұмыста жақсы нәтижелерге қол жеткізуге деген ұмтылысты тудырады.

Компанияның корпоративтік мәдениеті мен командалық рухы мыналарға негізделген:

- ▶ барлық құрылымдық бөлімшелер басшыларының ортақ пайымымен біріктірілген ізбасарлар командасын құру жөніндегі тұрақты жұмысы;
- ▶ Компания қызметкерлерінің әріптестеріне, клиенттеріне және өзге тұлғаларға қатысты құрмет, сыпайылық, тілектестік, әділдік, өзін-өзі бағалау және этикалық қатынасы қағидаттарына негізделеді;
- ▶ қызметкерлердің корпоративтік дәстүрлерді қолдауға белсенді қатысуы, бұл корпоративтік мәдениет пен ішкі ынтымақтастықты дамытуға ықпал етеді;
- ▶ оқыту, тәлімгерлік, кеңес беру арқылы қызметкерлердің кәсіби дамуы мен мансаптық өсуіне нақты қамқорлық жасау. Әрбір жаңа қызметкер үшін оның бірінші жұмыс күнінде «KMF-ке қош келдіңіз!» бейімдеу тренингі өткізіледі, бұл Компанияның өз білімін бөлісетінін және қызметкерді бірінші күннен бастап оқытатындығын түсінуге көмектеседі;
- ▶ бастамашыл кәсіби қызметкерлер қатарынан Компанияның кадрлық резервін құру;
- ▶ ақпаратты әрқилы түсіндіру, бұрмалау немесе талдау мүмкіндігін болдырмайтын нақты және анық құрылған ішкі коммуникациялар;
- ▶ жұмысқа қабылдау, әр қызметкердің қызметін бағалау, Компания қызметкерлерін ашық критерийлер негізінде жылжыту кезінде бірыңғай стандарттарды қолдану.





# К Knowledge

# М Motivation

# F Freedom

Білім	Ынталандыру	Еркіндік
Жиырма жылдық <b>жауапты</b> және <b>сапалы</b> жұмыстың арқасында біз үлкен тәжірибе мен мол білім жинақтадық. Бұл бізге микроқаржы нарығында көшбасшы болуға көмектесті. Бірақ біз жеткен жетістіктермен шектелмейміз. Жаңа білімге деген құштарлық – KMF-тің маңызды қозғаушы күші.	Біз өз клиенттерімізді ынталандырамыз, өйткені біздің қызмет олардың <b>дамуына</b> және бейілділігіне бағытталған. Біздің <b>инновациялық</b> өнімдер қызмет көрсетуді <b>икемді</b> , ыңғайлы және тиімді етеді. Ал клиенттеріміздің жетістігі бүкіл командамызды ынталандырады.	Біз өз клиенттеріміз бен қызметкерлеріміздің мақсатқа жету еркіндігін иеленуіне көмектесеміз. Қаржылық еркіндік <b>айқындық</b> пен өзара <b>сенім</b> қағидаларынан құрылады. Берік сенім клиенттерге, қызметкерлерге, қоғамға және қоршаған ортаға <b>қамқорлықпен</b> қарауға негізделеді.
Бірегейлік	Жаңашылдық	Айқындық
Ісімізді жетік <b>білу</b> , командадағы әрбір қызметкерді <b>қабылдап</b> , бағалап, дамытуымыз – бізге нарықта тың және сұранысқа ие ұсыныстарды тудыруға мүмкіндік береді.	Бізді жаңа нәрсе <b>шабыттандырады</b> . Біз бейілді және жаңа клиенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін үнемі жаңа, батыл, өнімді шешімдерді, құралдарды, технологияларды іздейміз.	Біздің барлық ісіміз – адал, ашық және айқын. Біздің жасыратын ештеңеміз жоқ. Бұл бізге сенімділік береді, жағымсыз ойлардан арылтады.
Жауапкершілік	Даму	Қамқорлық
Біз көп нәрсе бізге байланысты екенін <b>түсінеміз, сезінеміз</b> . Жауапкершілік – ұзақ мерзімді табыстың негізі. Біз <ul style="list-style-type: none"> <li>▼ клиенттеріміз бен серіктестеріміздің;</li> <li>▼ командамыздың;</li> <li>▼ қала, облыс, еліміздің (жергілікті қауымдастықтар мен экономиканың дамуы, үнемшілдік, экологиялық тазалық) алдында жауапты екенімізді түсінеміз.</li> </ul>	Біз қызметтерімізді дамыту арқылы клиенттерді дамытуды <b>мақсат</b> тұтамыз. Біз бір орында тұрмаймыз. Үздіксіз даму – жетістіктеріміздің кепілі екеніне шын жүректен сенеміз. Біз – <b>жігерліміз</b> және табыстымыз, өйткені біздің дамуымыз клиенттеріміз бен қызметкерлеріміздің әл-ауқатына ықпал етеді.	Біз клиенттеріміз бен қызметкерлерімізге қамқорлық жасай отырып, оларға өздерін жайлы және <b>еркін</b> сезінуіне көмектесеміз. Клиенттерге деген қамқорлық – әр клиентпен жеке жұмыс жасауды қамтиды, бұл табысқа деген сенімді арттырады.
Сапа	Икемділік	Сенім
Біз <b>ең үздік халықаралық</b> микроқаржыландыру <b>тәжірибесін қолданамыз</b> . Біз жоғары сапаның критерийлерін <b>түсінеміз</b> және әр істе мүмкіндігінше оларға сай болуға тырысамыз.	Біздің өзгеріске құшағымыз ашық. Тосын жағдайда <b>қол қусырып отырмаймыз</b> . Біз әрқашан икемділік көрсетуге, <b>қайта-қайта әрекет жасауға</b> , міндетті басқа қырынан қарастыруға, жаңа мүмкіндіктерді көруге, өзгеруге және жетістікке жетуге дайынбыз.	Біз адамдарға сенеміз. Біз басқа қаржы ұйымдары сенбейтіндерге сенеміз. Себебі біз стереотиптен <b>аулақпыз</b> . Біз, әркімнің жақсы болуға мүмкіндігі бар екеніне сенеміз.

## 6.2 ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ПЕН ДЕМЕУШІЛІК

Компания үнемі қаржылық сауаттылық, әйелдер кәсіпкерлігі, балалар мен отбасыларды қолдау, сондай-ақ спорт саласындағы түрлі жобаларды қолдайды.

Қайырымдылық Компанияның әлеуметтік қызметінде маңызды орын алады. Қызметкерлер Компанияның мұндай көзқарасын бөліседі және қолдайды.

- ▼ 2020 жылы KMF әлемге әйгілі Қызыл Крест және Жарты Ай ұйымымен ынтымақтастықты бастады. Төтенше жағдай режимі енгізілген кезеңде 2020 жылғы наурыз-мамырда Компания жұмыссыз қалған және бірінші қажеттіліктегі өнімдер мен құралдарға мұқтаж адамдарға 800 азық-түлік жиынтығын сатып алу үшін 4 млн теңге бөлді. Сондай-ақ, компания резервтік қордан медицина қызметкерлері үшін арнайы қорғаныш костюмдерін сатып алуға 10 млн теңге бөлді.
- ▼ Сондай-ақ Түркістан қаласындағы балалар баскетбол командасына қолдау көрсетілді – тәрбиеленушілер үшін балалардың мектеп формасы сатып алынды. 2021 жылдың мамыр айында команда әйелдер арасындағы республикалық чемпионаттың финалына шықты. Алматыда Компания хоккейден екі балалар командасын қолдап, оларға елордалық Hockey planet турниріне қатысу ақысын төледі.



## ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ ЖОБАСЫ

Компанияның әлеуметтік жауапкершілігі қаржылық қызметтерді ұсынуды ғана емес, сонымен қатар қаржылық сауаттылықты тегін оқытуды да қамтамасыз етеді.

2013 жылдан бастап KMF ірі қатысушы – «KMF-Демеу» қорының қолдауымен «ҚР халқының қаржылық сауаттылығын арттыру» жобасын жүзеге асырып жатыр. Сабақтарға/консультацияларға тек клиенттер ғана емес, сондай-ақ Қазақстанның барлық ниет білдірген азаматтары да қатысады. 2022 жылғы 1 қаңтарға қарай «Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру» жобасына қатысушылардың жалпы саны 165 000 адамнан асты. 8 000-ға жуық KMF қарыз алушылары «Бизнесіті басқарудағы қаржылық сауаттылық» семинарларына қатысты.

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР

2021 жылы Компания дәстүрлі түрде аз қамтылған отбасылар мен көмекке мұқтаж балаларға көмектесті. «Мектепке жол» жобасы аясында Қазақстан бойынша тұрмысы төмен отбасылардағы балаларға мектеп керек-жарақтары, киім-кешек, қысқы киім және аяқ киім сатып алынады. Қызметкерлердің қамқорлығында ҰОС ардагерлері, көп балалы отбасылар мен қарттар үйі бар.

2020 жылдан бастап Компания «Мама Pro» әлеуметтік осал әйелдерді қолдау және дамыту қоры» ҚҚ-ны мүгедектігі бар балаларға арналған психологиялық бейімдеу курстарының және мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға арналған курстардың жобасын қаржыландыру түрінде қолдайды. 2021 жылы Қор жобаларын іске асыруға 2,5 млн теңге бағытталды: мүгедектігі бар балалар мен олардың аналарына арналған курстарды қаржыландыру. Мүмкіндігі шектеулі балалары бар 40 астам әйел KMF ұсынған қаржы есебінен оқудан өтті.

Компания «Береке» қоғамдық қорына 300 ш.м. үй-жайды жөндеуге 2 млн теңге сомасына қаржылық көмек көрсетті, онда тұрмысы төмен отбасылардағы балаларға қосымша білім беру орталығы орналасатын болады. Қордың 180 баласы және шағын ауданның бірнеше жүз баласы оқу орталығының жанындағы сабақтарға қатыса алады.

Salutaris қорын қолдау. Biodevel Professional компаниясының BDA оңалту курсына (Дамытудағы биомеханикалық тәсіл) қатысу үшін балалардың

церебралды сал ауруы (БЦП) диагнозы қойылған балаларға көмек көрсетілді. Көмек сомасы 2 млн теңгені құрады.

Түркістан облысының №4 Тасарық арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығын қолдау. 8 кілем және 45 төсек жапқыш сатып алуға қаржыландыру түрінде көмек көрсету. Орталықта БЦП диагнозы бар мүгедек балалар бар. Көмек сомасы 657 000 теңгені құрады.





► [жалғасы](#)

## 6.2 ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ПЕН ДЕМЕУШІЛІК

Павлодар облысы, Песчаное ауылындағы №2 арнайы мектеп-интернатты қолдау. Мүгедек балалардың шомылуы үшін қарқас бассейнін сатып алуға көмек көрсетілді. Көмек сомасы 250 мың теңгені құрады.

«KZ» қоғамдық қорын қолдау. Аз қамтылған 68 балаға мектеп киімін сатып алуға көмек көрсетілді. Көмек сомасы 1,3 млн теңгені құрады.

«International Fund» Global success of People» қорын қолдау. «Балаларға паллиативтік көмек көрсету орталығы» үшін үйді сатып алуға және ұстауға ішінара қаржылық көмек көрсетілді. Көмек сомасы 1 млн теңгені құрады.

Алматы облысы Талғар қаласындағы «Ковчег» балалар үйіне спорт залын жөндеуге 2,3 млн теңге бөлінді. Осы қаражатқа залдағы акустиканы едәуір жақсартты, ескі үлкен жұмыс істемейтін пешті алып тастады, құбырлардың көмегімен жылытуды жүргізді, электр сымдарын ауыстырды, қабырғаларды, төбелерді жөндетті және оларды бояды, терезелерді қалпына келтірді.

Компания ішіндегі қайырымдылық жиын аясында KMF қызметкерлері Компания қызметкерлерінің бірінің ауыр науқас баласын емдеу үшін 4,5 млн теңге қайырымдылық көмек көрсетті. Диагноз – сүйек саркомасы. Сондай-ақ, KMF басшылығы тағы 5,5 млн теңге бөлді. Жалпы 10 млн теңге жиналды, жиналған қаражат Түркияда емделуді ұйымдастыру үшін қыздың әкесіне аударылды.

Сондай-ақ Компания Қазақстанның түрлі өңірлерінде балалы мұқтаж отбасыларға қайырымдылық көмек көрсетеді. Алматы облысы Сарқант қаласы мен Қызылорда қаласында аз қамтылған отбасыларға 585 000 теңге сомасында азық-түлік себетін сатып алуға қаржылай көмек көрсетілді.



«Жалағаш ауданының Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» КММ қолдау көрсетті. Мұқтаж балаларға жаңа жылдық сыйлықтар түрінде 148 500 теңге қаржылай көмек көрсетілді.

«Өмірге сен» қоғамдық қорына қолдау көрсетті. «Жаңа жылдық жақсылық» акциясы аясында балалары бар мұқтаж отбасылар үшін азық-түлік себеттері сатып алынды. Көмек сомасы 1 млн теңгені құрады.

«KMF Isker hanymy 2021» жүлдесі үшін кәсіпкер әйелдер арасында алғашқы республикалық байқау өтті. Ұйымдастырушылар – «KMF» МҚҰ және «KMF-Демеу» қоры 1000-нан астам өтінім қабылдап, іріктеу барысында номинациялар санын 5-тен 14-ке дейін, ал жүлде қорын 3,9 млн теңгеге дейін ұлғайтты. Байқау 2021 жылғы шілдеде басталды, ал сол жылдың желтоқсан айында өз саласындағы бизнестің үздік өкілдері мен KMF белсенді клиенттеріне төрт номинация бойынша марапаттар, сондай-ақ қазылар алқасының арнайы сыйлығы берілді. Байқау жеңімпаздары бизнесті дамытуға жабдық, тұрмыстық техника сатып алу немесе саяхаттау үшін 500 мың теңгені құрайтын сертификаттар алды. Бас жүлде 1 млн теңгені құрады.

«Тәуелсіздік алған күннен бастап, әсіресе, әйелдер қауымы жаңа экономикаға белсенді араласып, кәсіпкерге айналды. Бүгінгі таңда олардың ашқан кәсіптері қарқын алып, жақсы дамып жатыр. Олардың әрқайсы экономиканың жалпы дамуына зор үлес қосып жатыр. Сондықтан біз осы жылдар ішінде әйелдерге кредит берумен қатар, оларды оқытуға, дағдылары мен құзыреттерін дамытуға ауқымды қаражат бөліп келеміз»

**Шалқар Жүсіпов**

Басқарма Төрағасы



«Байқауымыздың мақсаты – әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға назар аударту және Қазақстанның кәсіпкерханымдары арасында көшбасшыны анықтау. Байқау басталған күннен, яғни 12 шілдеден бастап үш айдың ішінде республика бойынша 1 066 өтінім қабылдадық. Іріктеу талаптарына сәйкес 791 өтінім өтті, оның ішінде рейтингтік жүйе бойынша 35 үміткер іріктелді, ал олардың арасынан қазылар алқасы ең үздік бес кәсіпкерді таңдады»

**Асель Шегебаева**

«KMF-Демеу» қорының директоры

Байқау ұйымдастырушыларының айтуы бойынша іріктеуге қатысуға өтінім беруде Алматы, Талдықорған, Шымкент және Түркістан облысының арулары белсенділік танытқан. Қазылар алқасының құрамында Әлеуметтік кәсіпкерлер қауымдастығының өкілі Гульзира Амантурлина, Франкфурт Қаржы және менеджмент мектебінің гендерлік мәселелер жөніндегі сарапшысы Беттина Виттлингер де Лима болды.

KMF Isker Hanymy байқауының бас жүлдесін Алматы облысы, Түрген ауылының тұрғыны Майра Сейсенғалиева жеңіп алды. Кәсіпкер әйел KMF қарыз қаражаты есебінен 17 жылдан астам уақыт бойы алма өсіріп келеді. 8 гектар жерде, ол 7 мыңға жуық жеміс ағашын өсіреді.

Өтінімдерді зерделеу барысында, жұмыс тобы және қазылар алқасы өз бизнесінің саласында белгілі бір жетістіктері үшін кәсіпкер әйелдерді арнайы номинациялармен марапаттауға шешім қабылдады. Нәтижесінде, тағы 9 әйел 100 мың теңге көлемінде тұрмыстық техника сатып алу үшін сертификат алды.

## 6.3 ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

KMF өз қызметінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы негізгі қағида-даттардың талаптарын сақтайды:

- ▶ адам өмірі мен денсаулығын қорғау, халықтың өмірі, еңбегі мен тынығуы үшін қолайлы қоршаған ортаны сақтау және қалпына келтіру басымдығы;
- ▶ қоршаған ортаға ықтимал зиянды болдырмау.

Қаржы ұйымы ретінде KMF қызметі қоршаған ортаға ластаушы заттардың авариялық және тұрақты емес төгінділері/сарқынды сулардың төгінділері/парниктік газдардың және басқа да ластаушы заттардың атмосфераға шығарындылары сияқты көрсеткіштер бойынша елеулі әсер етпейді.

Бұл ретте Компания жаңартылатын ресурстардың шамадан тыс жұмсалыуына жол бермеу бойынша барлық шараларды қабылдайды. Қағазды тиімді пайдалану үшін Компания электрондық құжат айналымына көшті және барлық ішкі қызметтік құжаттар (қызметтік жазбалар, өкімдер және басқа да нормативтік-құқықтық құжаттар) электрондық түрде әзірленіп, сақталады. Су мен электр энергиясын үнемдеу үшін кеңселерде су құбырларын жөндеу уақтылы жүргізіледі, энергия үнемдейтін жарық көздері мен қозғалыс датчиктері орнатылады.

KMF ішкі құжаттарында іске асырылуы экологияға, адам өмірі мен денсаулығына зиян келтіретін KMF жобаларын қаржыландыруға тыйым салатын нормалар көрсетілген.

Кредитке өтінімдерді қарау кезінде KMF қарыз алушылардың (өтініш берушілердің) қызметіндегі табиғат қорғау аспектілеріне ерекше

назар аударады және экологиялық бағдарланған жобаларды қолдайды.

Қоршаған ортаға, адам өмірі мен денсаулығына елеулі зиян келтіретін жобаларға кредит беруге қатаң тыйым салынады.

KMF экологиялық және әлеуметтік мәселелермен байланысты заңды, қаржылық және KMF-тің іскерлік беделіне зиян келтіретін салдарларды болдырмауға бағытталған тиісті шараларды қабылдайды.


KMF экологиялық және әлеуметтік әсерді сәйкестендіру, бағалау және басқару мақсатында әлеуметтік-экологиялық басқару жүйесінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін барлық ақылға қонымды шараларды жасайды.

Өз қызметін жүзеге асыру барысында Компания қоршаған ортаға және ресурстарды пайдалануға ұқыпты және ұтымды қарауды қамтамасыз етеді.

KMF бас кеңсесінің және оның филиалдарының ғимараттары су, электр және жылумен жабдықтаудың автоматтандырылған жүйелерімен жабдықталған. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес кейіннен қайта өңдеу және жою үшін қауіпті қалдықтарды (қорғасын батареялар, аккумуляторлар, құрамында майы бар қалдықтар, пневматикалық шиналар, тұрмыстық қатты қалдықтар, құрамында сынабы бар шамдар, пайдаланылған майлар) жинау жүзеге асырылады.

### ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ МЕН ЖЫЛУДЫ ТҰТЫНУ


Жылумен қамту, Гкал      Электр энергиясын тұтыну, кВт




Деректер жалға берілетін үй-жайлардың шығыстарын ескермей, меншікті ғимараттардың шығыстары бойынша берілді

### СУДЫ ТҰТЫНУ

Суды тұтыну, текше м.      Ақпа суды әкету, текше м.



Деректер жалға берілетін үй-жайлардың шығыстарын ескермей, меншікті ғимараттардың шығыстары бойынша берілді



# 07

21

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

ҚОСЫМШАЛАР

---

## 7.0 ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

### «КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

#### Қаржылық есептілік

2021 жылғы  
тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебімен

«КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

2021 жылғы қаржылық есептілік

#### МАЗМҰНЫ

##### ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

##### ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржы жағдайы туралы есеп.....	1
Жиынтық кіріс туралы есеп.....	2
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп.....	3
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп.....	4-5

##### ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. Қызметінің сипаттамасы.....	6
2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі.....	6
3. Есеп саясатының негізгі ережелері.....	7
4. Елеулі есептік пайымдаулар мен бағалаулар.....	21
5. Ақша қаражаты және оның баламалары.....	23
6. Туынды қаржы құралдары.....	23
7. Клиенттерге берілген кредиттер.....	24
8. Инвестициялық бағала қағаздар.....	31
9. Инвестициялық жылжымайтын мүлік.....	32
10. Негізгі құралдар.....	33
11. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер және жалдау шарттары бойынша міндеттемелер.....	34
12. Материалдық емес активтер.....	34
13. Өзге активтер мен міндеттемелер.....	35
14. Кредиттік ұйымдардың қаражаты.....	35
15. Салық салу.....	36
16. Шығарылған борыштық бағалы қағаздар.....	37
17. Капитал.....	37
18. Шарттық және шартты міндеттемелер.....	38
19. Клиенттерге берілген кредиттер бойынша пайыздық түсім.....	39
20. Кредиттік залалдар бойынша шығыстар.....	40
21. Қызметкерлерге жұмсалған шығыстар және өзге операциялық шығыстар.....	40
22. Тәуекелдерді басқару.....	42
23. Әділ құнды бағалау.....	57
24. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерін талдау.....	60
25. Байланысты тараптармен операциялар.....	60
26. Қаржылық қызметке қатысты міндеттемелердегі өзгерістер.....	61
27. Капиталдың жеткіліктілігі.....	62
28. Есепті күннен кейінгі оқиғалар.....	63



«КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

2021 жылғы қаржылық есептілік

## ҚАРЖЫ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2021 жылғы 31 желтоқсан

(мың теңге)

		2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
<b>Активтер</b>			
Ақша қаражаты және оның баламалары	5	6.257.217	4.815.542
Кредиттік ұйымдардағы қаражат		23.854	23.608
Туынды қаржы активтері	6	485.041	187.845
Клиенттерге берілген кредиттер	7	161.753.081	136.313.739
Инвестициялық бағалы қағаздар	8	4.663.222	4.116.045
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	9	66.958	52.992
Негізгі құралдар	10	7.615.716	7.304.210
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер	11	555.282	526.822
Материалдық емес активтер	12	469.539	432.678
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	15	256.837	43.539
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	15	113.880	—
Өзге активтер	13	664.501	489.986
<b>Активтер жиыны</b>		<b>182.925.128</b>	<b>154.307.006</b>
<b>Міндеттемелер</b>			
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	14	123.898.949	101.827.992
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	16	10.370.322	—
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер	15	—	30.834
Жалдау шарттары бойынша міндеттемелер	11	608.268	582.407
Өзге міндеттемелер	13	5.595.085	4.321.567
<b>Міндеттемелер жиыны</b>		<b>140.472.624</b>	<b>106.762.800</b>
<b>Капитал</b>			
Жарғалық капитал	17	14.430.993	14.430.993
Резервтік капитал	17	1.197.776	976.218
Әділ құн резерві		17.550	4.389
Қайта бағалау резерві		62.329	62.329
Бөлінбеген пайда		26.743.856	32.070.277
<b>Капитал жиыны</b>		<b>42.452.504</b>	<b>47.544.206</b>
<b>Капитал және міндеттемелер жиыны</b>		<b>182.925.128</b>	<b>154.307.006</b>

Компания Басқармасы қол қойды және шығаруға бекітті:

Ш.А.Жусупов

Басқарма Төрағасы

Е.Ю.Черных

Бас бухгалтер

2022 жылғы 24 наурыз

6-дан 62-ге дейінгі беттерде қоса беріліп отырған ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

1

«КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

2021 жылғы қаржылық есептілік

## ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

(мың теңге)

	Ескер.	2021 жыл	2020 жыл
<b>Тімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып есептелген пайыздық түсім</b>			
Ақша қаражаты және оның баламалары		449.623	631.659
Клиенттерге берілген кредиттер	19	53.679.123	48.766.478
Инвестициялық бағалы қағаздар		416.954	421.650
		<b>54.545.700</b>	<b>49.819.787</b>
<b>Тімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып есептелген пайыздық шығыстар</b>			
Кредиттік ұйымдардың қаражаты		(16.061.417)	(17.218.993)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар		(395.099)	—
«Рено» шарттары		(963)	(14.545)
		<b>(16.457.479)</b>	<b>(17.233.538)</b>
Жалдау шарттары бойынша міндеттемелер	11	(89.741)	(82.020)
		<b>(16.547.220)</b>	<b>(17.315.558)</b>
<b>Таза пайыздық кіріс</b>		<b>37.998.480</b>	<b>32.504.229</b>
Кредиттік залалдар бойынша шығыстар	20	(1.175.431)	(4.170.298)
<b>Кредиттік залалдар бойынша шығыстардан кейінгі таза пайыздық кіріс</b>		<b>36.823.049</b>	<b>28.333.931</b>
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарымен операциялар бойынша таза (залалдар)/кірістер	6	(609.302)	115.846
Шетел валютасымен операциялар бойынша таза залалдар:			
- валюта бағалары қайта бағалау		(210.465)	(836.416)
- сауда операциялары		(33.092)	(91.237)
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарын бастапқы тану нәтижесінде таза (залалдар)/кірістер		(82.019)	492.546
Өзге кірістер		175.715	168.102
Қызметкерлерге жұмсалған шығыстар	21	(12.944.271)	(9.202.243)
Өзге операциялық шығыстар	21	(5.418.537)	(3.959.523)
Өзге шығыстар		(191.245)	(119.599)
<b>Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарға дейінгі пайда</b>		<b>17.509.833</b>	<b>14.901.407</b>
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	15	(3.481.657)	(3.823.543)
<b>Бір жылдағы пайда</b>		<b>14.028.176</b>	<b>11.077.864</b>
<b>Өзге жиынтық кіріс</b>			
Кейінгі кезеңдерде пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктеуге жататын өзге жиынтық кіріс			
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдардың әділ құнының таза өзгеруі	8	8.543	376
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдар бойынша күтілетін кредиттік залалдарға бағалау резервінің өзгеруі	8	4.618	4.013
<b>Салықты шегергендегі бір жылдағы өзге жиынтық кіріс</b>		<b>13.161</b>	<b>4.389</b>
<b>Бір жылдағы жиынтық кіріс жиыны</b>		<b>14.041.337</b>	<b>11.082.253</b>

6-дан 62-ге дейінгі беттерде қоса беріліп отырған ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

2

«КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

2021 жылғы қаржылық есептілік

## КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

(мың теңге)

	Ескер.	Жарғалық капитал	Резервтік капитал	Әділ құн резерві	Қайта бағалау резерві	Бөлінбеген пайда	Капитал жиыны
<b>2020 жылғы 1 қаңтар</b>		14.430.993	721.550	—	70.296	21.239.114	36.461.953
Бір жылдағы пайда		—	—	—	—	11.077.864	11.077.864
Бір жылдағы өзге жиынтық кіріс		—	—	4.389	—	—	4.389
<b>Бір жылдағы жиынтық кіріс жиыны</b>		—	—	4.389	—	11.077.864	11.082.253
Қайта бағалау резервін бөлінбеген пайдаға аудару	9	—	—	—	(7.967)	7.967	—
Резервтік капиталға аудару	17	—	254.668	—	—	(254.668)	—
<b>2020 жылғы 31 желтоқсан</b>		<b>14.430.993</b>	<b>976.218</b>	<b>4.389</b>	<b>62.329</b>	<b>32.070.277</b>	<b>47.544.206</b>
Бір жылдағы пайда		—	—	—	—	14.028.176	14.028.176
Бір жылдағы өзге жиынтық кіріс		—	—	13.161	—	—	13.161
<b>Бір жылдағы жиынтық кіріс жиыны</b>		—	—	13.161	—	14.028.176	14.041.337
Жарияланған дивидендтер	17	—	—	—	—	(19.133.039)	(19.133.039)
Резервтік капиталға аудару	17	—	221.558	—	—	(221.558)	—
<b>2021 жылғы 31 желтоқсан</b>		<b>14.430.993</b>	<b>1.197.776</b>	<b>17.550</b>	<b>62.329</b>	<b>26.743.856</b>	<b>42.452.504</b>

6-дан 62-ге дейінгі беттерде қоса беріліп отырған ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

3



«КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2021 жылғы қаржылық есептілік

## АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

(мың теңге)

Ескер.	2021 жыл	2020 жыл
<b>Операциялық қызметтен түскен ақша ағыны</b>		
Ақша қаражаты және оның баламалары бойынша алынған пайыздар	449.622	655.486
Клиенттің кредиттері бойынша алынған пайыздар	54.475.133	43.172.040
Инвестициялық бағалы қағаздар бойынша алынған пайыздар	338.260	251.754
Өзге алынған кірістер	139.201	134.739
Кредиттік ұйымдардың қаражаты бойынша төленген пайыздар	(15.394.379)	(17.114.465)
«Repo» шарттары бойынша төленген пайыздар	(963)	(14.546)
Шетел валютасымен операциялар бойынша таза іске асырылған залалдар	(33.092)	(91.237)
Туынды қаржы құралдары бойынша таза іске асырылған залалдар	(906.499)	(431.588)
Қызметкерлерге төленген шығыстар	(10.728.917)	(8.836.382)
Төленген өзге операциялық шығыстар	(3.691.260)	(2.885.660)
Корпоративтік табыс салығы мен әлеуметтік аударымдардан бөлек, төленген салықтар	(1.069.816)	(1.074.021)
<b>Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейін операциялық қызметтен түскен ақша ағыны</b>	<b>23.577.290</b>	<b>13.766.120</b>
<i>Операциялық активтердегі таза (ұлғаюу)/азаяу</i>		
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	(244)	(18.021)
Клиенттерге берілген кредиттер	(27.481.895)	(2.250.553)
Өзге активтер	28.420	138.843
<i>Операциялық міндеттемелердегі таза (ұлғаюу)/азаяу</i>		
Өзге міндеттемелер	(701.210)	63.878
<b>Корпоративтік табыс салығына дейін операциялық қызметтен түскен таза ақша ағыны</b>	<b>(4.577.639)</b>	<b>11.700.267</b>
Төленген корпоративтік табыс салығы	(3.839.669)	(3.729.849)
<b>Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза (жұмсалуы)/түсуі</b>	<b>(8.417.308)</b>	<b>7.970.418</b>
<b>Инвестициялық қызметтен түскен ақша ағыны</b>		
Негізгі құралдарды сатып алу	(1.623.083)	(2.830.644)
Материалдық емес активтерді сатып алу	(168.676)	(165.686)
Инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу	(459.888)	(3.945.774)
Негізгі құралдарды сатудан түсетін түсімдер	31.304	90.174
Инвестициялық жылжымайтын мүлікті сатудан түсетін түсімдер	–	20.638
<b>Инвестициялық қызметтегі ақша қаражатының таза жұмсалуы</b>	<b>(2.220.343)</b>	<b>(6.831.292)</b>

6-дан 62-ге дейінгі беттерде қоса беріліп отырған ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

4

«КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2021 жылғы қаржылық есептілік

## АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП (жалғасы)

Ескер.	2021 жыл	2020 жыл
<b>Қаржы қызметінен түсетін ақша ағындары</b>		
Кредиттік ұйымдардан қаражаттың түсуі	26	73.564.151
Кредиттік ұйымдардың қаражатын өтеу	26	(51.842.724)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар		9.975.221
Төленген дивидендтер	17	(19.133.039)
Жалдау шарттары бойынша міндеттемелерді өтеу	11	(423.370)
<b>Қаржы қызметінен ақша қаражатының таза (жұмсалуы)/түсуі</b>		<b>12.140.239</b>
Күтілетін кредиттік залалдардың ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері	5	(1.209)
Айырбас бағамы өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері		(59.704)
<b>Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза (ұлғаюу)/азаяуы</b>		<b>1.441.675</b>
Ақша қаражаты мен оның баламалары, 1 қаңтарда		4.815.542
<b>Ақша қаражаты мен оның баламалары, 31 желтоқсанда</b>	<b>5</b>	<b>6.257.217</b>
Ақшалай емес операциялар		
Кредиттік ұйымдардағы қысқа мерзімді салымдар бойынша төлем көзінен салықты есепке алу		33.577
		44.415

6-дан 62-ге дейінгі беттерде қоса беріліп отырған ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

5

«КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2021 жылғы қаржылық есептілікке ескертпелер

(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)

## 1. Қызметінің сипаттамасы

«КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – «Компания») 2006 жылы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес «KazMicroFinance» микрокредиттік ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ретінде құрылды.

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 26 қарашадағы «Микроқаржы ұйымдары туралы» заңының қолданысқа енгізілуіне байланысты, 2015 жылғы 5 қаңтарда Компания Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде реттелетін микроқаржы ұйымы «КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ретінде ресми түрде қайта тіркелді. Компанияның қызметі уәкілетті органда есептік тіркеуден өту және пруденциалдық нормативтерді сақтау рәсімі арқылы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің (бұдан әрі – «Агенттік») қадағалауында болады және реттеледі.

Компанияның негізгі қызметі – клиенттерге микрокредит беру. 2021 және 2020 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша компанияның Қазақстан Республикасының аумағында 14 филиалы және 103 бөлімшесі бар. Филиалдар келесі қалаларда орналасқан: Алматы, Нұр-Сұлтан, Ақтөбе, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Семей, Талдықорған, Тараз, Түркістан, Өскемен және Шымкент. Компания Қазақстан Республикасында қызмет атқарады.

Компанияның бас кеңесінің тіркелген және нақты мекенжайы: Назарбаев даңғылы, 50, 050004, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

2021 және 2020 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жарғылық капиталы төмендегі қатысушыларға (бұдан әрі – «Акционерлер») тиесілі болды:

Атауы	% иелену үлесі	
	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
«КМФ-Демеу» корпоративтік қоры Multi Concept Fund Management S.A (бұған дейін – «responsAbility Management Company S.A.»)	45,435	45,435
Triodos Funds B.V. (ранее – «Triodos Custody B.V.»)	18,127	18,127
Triodos SICAV II	12,085	12,085
	6,226	6,226
responsAbility SICAV (Lux) Компаниясының басшылығы және қызметкерлері	6,042	6,042
	100,000	100,000

## Қазақстан Республикасында шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттары

Компания өз қызметін Қазақстан Республикасында жүргізеді. Осының салдарында Компания дамушы нарықтарға тән Қазақстан нарықтарында экономикалық және қаржылық тәуекелдерге ұшырайды. Құқықтық, салық және әкімшілік жүйелер дамуын жалғастыруда, алайда олардың талаптарын екіұшты түсіндіру тәуекелімен ұштасады, оған қоса олар жиі өзгерістерге ұшырайды, бұл басқа да заңдық және фискалдық кедергілермен жиынтығында Қазақстанда бизнес жүргізетін кәсіпорындар үшін қосымша проблемалар туғызады. Ұсынылған қаржылық есептілік Қазақстандағы бизнесті жүргізу жағдайларының компанияның қызметі мен қаржылық жағдайына қандай әсер ететініне басшылықтың көзқарасын көрсетеді. Болашақ шаруашылық жағдайлардың нақты әсері олардың басшылығының бағалауынан өзгеше болуы мүмкін.

## 2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі

### Жалпы бөлім

Осы қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес дайындалды.

Қаржылық есептілік «Есеп саясатының негізгі ережелері» бөлімінде көрсетілгендерді қоспағанда, тарихи құн бойынша есепке алу қағидатына сәйкес дайындалды, мысалы, пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары және өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар.

Осы қаржылық есептілік, егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңгемен ұсынылды.

6



«КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

2021 жылғы қаржылық есептілікке ескертпелер

(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)

## 2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі (жалғасы)

### COVID-19 пандемиясының әсері

2020 жылы басталып, 2021 жылы жалғасын тапқан COVID-19 пандемиясының тез таралуына байланысты көптеген үкіметтер, соның ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі де індетке қарсы түрлі шаралар қабылдады, атап айтсақ: сапарларға шектеулер енгізу, карантин, кәсіпорындар мен басқа да мекемелерді жабу және жекелеген аймақтарды жабу. Бұл шаралар жаһандық жабдықтау жүйесіне, тауарлар мен қызметтерге деген сұранысқа, сондай-ақ жалпы іскерлік белсенділік деңгейіне әсер етті. Пандемияның өзі, сондай-ақ тиісті денсаулық сақтау шаралары мен әлеуметтік шаралар экономиканың әртүрлі салаларындағы ұйымдардың қызметіне қатты әсер етті.

Үкімет пен Агенттік covid-19 індетінің салдарынан экономикалық көрсеткіштердің айтарлықтай нашарлауына жол бермеу үшін қолдау шараларын қабылдады. Бұл шараларға, басқалармен қатар, зарлап шеккен салаларда жұмыс істейтін ұйымдар мен зарлап шеккен адамдар үшін жеңілдетілген кредиттер, кредиттік демалыстар және қаржы секторы және оның ресурстарды қамтамасыз ету және клиенттерге covid-19 таралуын болдырмау шаралары нәтижесінде өтімді қаражаттың жетіспеушілігін болдырмауға көмектесетін белгілі бір нормативтік шектеулерді жеңілдету кіреді.

Компания пандемияның әсері мен экономикалық жағдайлардың өзгеруінің өз қызметіне, қаржылық жағдайына және қаржылық нәтижелеріне әсерін бағалауды жалғастырып келеді.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақпарат қолжетімді болған шамада Компания күтілетін кредиттік залалдарды (ККЗ) бағалауды жүргізу кезінде күтілетін болашақ ақша ағындарының қайта қаралған бағаларын көрсетті (7-Ескертпе).

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері

### Есеп саясатындағы өзгерістер

Компания 2021 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енген стандарттарға кейбір түзетулерді алғаш рет қолданды. Компания шығарылған, бірақ күшіне енген қандай да бір стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданбаған.

«Базалық пайыздық мөлшерлеме реформасы – 2-кезең – 9 ХКЕС (IFRS), 39 ХКЕС (IAS), 7 ХКЕС (IFRS), 4 ХКЕС (IFRS) және 16 ХКЕС (IFRS) («IBOR реформасы-2-кезең») енгізген түзетулер

Түзетулер уақытша босатуларды ұсынады, олар банкаралық ұсыныс мөлшерлемесі (IBOR) іс жүзінде тәуекелсіз баламалы пайыздық мөлшерлемені ауыстырылған жағдайда қаржылық есептілік үшін салдарларды жою үшін қолданылады. Түзетулер мыналарды көздейді:

- шартты өзгерту немесе реформа талап ететін ақша ағындарының өзгеруі нарықтық пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне балама өзгермелі пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі ретінде қарастырылатын практикалық сипаттағы жеңілдету;
- хеджирлеу қатынастары және хеджирлеу жөніндегі құжаттама анықтамасына IBOR реформасы талап ететін өзгерістерді хеджирлеу қатынастарын тоқтатпай енгізуге жол беріледі;
- тәуекелсіз мөлшерлемесі бар құрал ұйымның қалауы бойынша хеджирлеу қатынастары шеңберінде тәуекелді компонент ретінде анықталған жағдайларда ұйымдар жеке сәйкестендірілетін компоненттерге қатысты талаптарды сақтау қажеттілігінен уақытша босатылады.

Түзетулерді қолдану компанияның қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ.

«КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

2021 жылғы қаржылық есептілікке ескертпелер

(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

### Есеп саясатындағы өзгерістер (жалғасы)

«2021 жылғы 30 маусымнан кейін әрекет ететін COVID-19 пандемиясына байланысты жалдау бойынша жеңілдіктер» – 16 ХКЕС (IFRS) енгізлетін түзетулер

2020 жылғы 28 мамырда ХКЕС Кеңесі 16 ХКЕС (IFRS) «Жалдау» – «COVID-19 пандемиясына байланысты жалдау бойынша жеңілдіктері» түзетулерін шығарды. Бұл түзету жалға алушылар үшін COVID-19 пандемиясының тікелей салдары ретінде туындайтын жалға беру бойынша басқаға беру жағдайында жалдау шарттарының түрленуін есепке алу бөлігінде 16 ХКЕС (IFRS) талаптарын қолданудан босатуды көздейді. Практикалық сипаттағы жеңілдету ретінде жалға алушы Жалға беруші COVID-19 пандемиясына, жалдау шартының өзгеруіне байланысты жалға беруші берген жалдау бойынша жеңілдіктің бар-жоғын талдауға шешім қабылдауы мүмкін. Осындай шешім қабылдаған жалға алушы, егер ол жалдау шартының түрленуі болмаса, 16 ХКЕС (IFRS) сәйкес ол есепте қалай өзгеріс көрінетініне ұқсас, COVID 16 пандемиясымен байланысты жалдау бойынша жеңілдікке байланысты жалдау төлемдерінің кез келген өзгерісін ескеруі керек.

Бұл түзету 2021 жылғы 30 маусымға дейін қолданылады деп болжалды, бірақ COVID-19 пандемиясының әсері жалғасын тапқандықтан, ХКЕС Кеңесі 2021 жылғы 31 наурызда практикалық сипаттағы осы жеңілдіктің қолдану мерзімін 2022 жылғы 30 маусымға дейін ұзарту туралы шешім қабылдады.

Жаңа түзету 2021 жылғы 1 сәуірден немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты қолданылады. Компанияға COVID-19 пандемиясына байланысты жалдау бойынша жеңілдіктер берілмеді, бірақ қажет болған жағдайда ол рұқсат етілген мерзім ішінде практикалық сипаттағы жеңілдікті қолдануды жоспарлап отыр.

### Әділ құнды бағалау

Компания пайда немесе залал арқылы әділ құн (ПЗӘҚ) бойынша және өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн (ӨЖКӨҚ) бойынша көрсетілетін қаржы құралдарын және инвестициялық жылжымайтын мүлік сияқты қаржылық емес активтерді әрбір есепті күнге әділ құн бойынша бағалайды.

Әділ құн бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында әдеттегі тәртіптен жасалатын мәміле шеңберінде активті сатқаны үшін алынатын немесе міндеттемені беру кезінде төленетін баға болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша мәміле:

\* осы актив немесе міндеттеме үшін негізгі болып табылатын нарықта; немесе

\* негізгі нарық болмаған жағдайда, осы активке немесе міндеттемеге қатысты неғұрлым тиімді нарықта жасалады деп болжайды.

Компания негізгі немесе ең қолайлы нарыққа қол жеткізе алуы керек. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарыққа қатысушылар активтің немесе міндеттеменің бағасын белгілеу кезінде пайдаланатын жол берулерді пайдалана отырып бағаланады, бұл ретте нарыққа қатысушылар өздерінің үздік мүдделерінде әрекет етеді деп болжанады. Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарыққа қатысушының активті ең жақсы және неғұрлым тиімді түрде пайдаланудан немесе оны осы активті ең жақсы және неғұрлым тиімді түрде пайдаланатын нарықтың басқа қатысушысына сатудан экономикалық пайдаларды генерациялау мүмкіндігін ескереді.

Компания қалыптасқан жағдайларда қолайлы болып табылатын және әділ құнды бағалау үшін жеткілікті деректер қолжетімді болатын, бұл ретте тиісті бақыланатын бастапқы деректерді барынша пайдалана отырып және бақыланбайтын бастапқы деректерді барынша аз пайдалана отырып, бағалаудың осындай әдістерімен пайдаланады. Әділ құны қаржылық есептілікте бағаланатын немесе ашылатын барлық активтер мен міндеттемелер әділ құнды тұтастай бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдің бастапқы деректері негізінде әділ құн көздерінің төменде сипатталған иерархиясы шеңберінде жіктеледі:

- 1-деңгей – бірдей активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтардағы баға белгіленімдері (түзетілмейтін).
- 2-деңгей – әділ құнды бағалау үшін иерархияның неғұрлым төмен деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама байқалатын бағалау модельдері.
- 3-деңгей – әділ құнды бағалау үшін иерархияның неғұрлым төмен деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта байқалмайтын бағалау модельдері.

«КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

2021 жылғы қаржылық есептілікке ескертпелер

(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)

## 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

### Әділ құнды бағалау (жалғасы)

Мерзімді негізде қаржылық есептілікте танылатын активтер мен міндеттемелер жағдайында Компания әрбір есепті кезеңнің соңына жіктемені қайта талдай отырып (тұтас алғанда әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдің бастапқы деректері негізінде) иерархия көздерінің деңгейлері арасында ауысу фактісін айқындайды.

### Қаржылық активтер мен міндеттемелер

#### Бастапқы тану

#### Тану күні

Стандартты талаптарда қаржы активтері мен міндеттемелерін сатып алу немесе сату мәміле жасалған күні, яғни компания активті немесе міндеттемені сатып алу бойынша міндеттемені өзіне алған күні көрсетіледі. Стандартты талаптармен сатып алуға немесе сатуға талаптары бойынша нарықта қабылданған қағидаларда немесе келісімдерде белгіленген мерзім шегінде активтер мен міндеттемелерді жеткізу талап етілетін шарт шеңберінде қаржы активтері мен міндеттемелерін сатып алу немесе сату жатады.

#### Бастапқы бағалау

Бастапқы тану кезінде қаржы құралдарын жіктеу шарт талаптарына және құралдарды басқару үшін пайдаланылатын бизнес-модельге байланысты болады. Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер ПЗӘҚ бойынша бағаланатын жағдайларды қоспағанда, қаржы құралдары бастапқыда мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, әділ құны бойынша бағаланады.

#### Қаржылық активтер мен міндеттемелерді бағалау санаттары

Компания өзінің барлық қаржылық активтерін активтерді басқару үшін пайдаланылатын бизнес-модель және төмендегілер бойынша бағаланатын активтердің шарттық талаптары бойынша жіктейді:

- амортизацияланған құны;
- ӨЖКӨҚ;
- ПЗӘҚ.

Компания туынды құралдарды ПЗӘҚ бойынша жіктейді және бағалайды. Егер мұндай жіктеу бағалау немесе тану қағидаларын қолданудың сәйкессіздігін жоюға немесе айтарлықтай азайтуға мүмкіндік берсе, Компания өз қалауы бойынша қаржы құралдарын ПЗӘҚ бойынша бағаланатын ретінде жіктей алады.

Қарыздар мен қаржылық кепілдіктерді беру жөніндегі міндеттемелерден басқа, қаржылық міндеттемелер, егер олар саудаға және туынды құралдарға арналған болса, амортизацияланған құны бойынша немесе ПЗӘҚ бойынша бағаланады не ұйымның қалауы бойынша әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі.

Кредиттік ұйымдардағы қаражат және амортизацияланған құны бойынша бағаланатын клиенттерге берілетін кредиттер

Компания кредиттік ұйымдардағы қаражатты, клиенттерге берілетін кредиттерді және өзге де қаржылық инвестицияларды амортизацияланған құны бойынша бағалайды, бұл ретте мынадай екі шарт та орындалуы керек:

- қаржылық актив бизнес-модель шеңберінде ұсталды, оның мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін қаржылық активтерді ұстап қалу болып табылады;
- қаржылық активтің шарттық талаптары қарыздың негізгі сомасының және қарыздың негізгі сомасының өтелмеген бөлігінің (SPPI) пайыздарының есебіне тек қана төлемдер болып табылатын ақша ағындарын көрсетілген күндері алуға негіздейді.

Бұл шарттар төменде толығырақ қарастырылады.





«КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

2021 жылғы қаржылық есептілікке ескертпелер

(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Қаржылық активтер мен міндеттемелер (жалғасы)

##### Бастапқы бағалау (жалғасы)

##### Бизнес-модельді бағалау

Компания бизнес-модельді бизнестің белгілі бір мақсатына жету үшін топтарға біріктірілген қаржылық активтерді басқарудың қалай жүзеге асырылатынын жақсы көрсететін деңгейде анықтайды.

Компанияның бизнес-модельі жеке құралдар деңгейінде емес, портфельді біріктірудің жоғары деңгейінде бағаланады және бақыланатын факторларға негізделеді, атап айтқанда:

- бизнес-модельдің нәтижелілігі және осы бизнес-модель шеңберінде ұсталатын қаржы активтерінің кірістілігі қалай бағаланады және бұл ақпарат ұйымның негізгі басқарушы персоналына қалай хабарланады;
- бизнес-модельдің нәтижелілігіне (және осы бизнес-модель шеңберінде ұсталатын қаржы активтерінің табыстылығына) әсер ететін тәуекелдер, атап айтқанда, осы тәуекелдерді басқару тәсілі;
- бизнесті басқаратын менеджерлер қалай марапатталады (мысалы, сыйақы басқарылатын активтердің әділ құнына немесе шартта қарастырылған ақша ағындарына негізделген бе);
- күтілетін жиілік, көлем және сату мерзімдері компанияның бизнес-модельін бағалаудағы маңызды аспектілер болып табылады.

Бизнес-модельді бағалау «ең нашар» немесе «стресстік» сценарийлерді есепке алмағанда, пайда болуы негізді түрде күтілетін сценарийлерге негізделген. Егер бастапқы танудан кейін ақша ағындары компанияның күтулерінен өзгеше тәсілмен іске асырылса, Компания осы бизнес-модель шеңберінде ұсталатын қалған қаржы активтерінің жіктелуін өзгертейді, бірақ кейіннен мұндай ақпаратты жаңадан құрылған немесе жаңадан сатып алынған қаржы активтерін бағалау кезінде назарға алады.

«Қарыздың негізгі сомасына және қарыздың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздардың есебіне ғана төлемдер» тесті (SPPI тесті)

Жіктеу процесінің екінші кезеңі аясында Компания шартта қарастырылған активтер бойынша ақша ағындары тек қарыздың негізгі сомасының есебіне және қарыздың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздарға төленетін төлемдер болып табылатынын анықтау үшін қаржы активінің шарттық талаптарын бағалайды (SPPI тесті).

Осы тесттің мақсаттары үшін «борыштың негізгі сомасы» бастапқы тану кезінде қаржы активінің әділ құнын білдіреді және ол осы қаржы активінің қолданылу мерзімі ішінде өзгеруі мүмкін (мысалы, егер борыштың негізгі сомасын өтеу есебіне төлеу немесе сыйлықақы/дисконт амортизациясы орын алса).

Кредит шарты шеңберіндегі пайыздардың ең маңызды элементтері, әдетте, ақшаның уақытша құнын өтеу және кредит тәуекелін өтеу болып табылады. SPPI тестін жүргізу үшін Компания пайымдауды қолданады және тиісті факторларды, мысалы, қаржылық актив қай валютада көрсетілгенін және пайыздық мөлшерлеме белгіленген кезеңді талдайды.

Сонымен бірге, шартта көзделген, базалық кредиттік келісімге байланысты емес ақша ағындарының тәуекелдерге ұшырағандығына немесе құбылмалылығына барынша аз әсер ететін шарттық талаптар шартта көзделген ақша ағындарының туындауына себепші болмайды, олар борыштың негізгі сомасының есебіне және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне проценттердің ғана төлемдері болып табылады. Мұндай жағдайларда қаржылық активті ПЗӘҚ бойынша бағалау қажет.

##### ӨЖКӨҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдар

Компания келесі шарттардың екеуі де орындалса, ӨЖКӨҚ бойынша қарыз құралдарын бағалайды:

- құрал бизнес-модель шеңберінде ұсталады, оның мақсатына шартта көзделген ақша ағындарын алу арқылы да, қаржы активтерін сату арқылы да қол жеткізіледі;
- қаржы активінің шарттық талаптары SPPI тестінің критерийлерін сақтайды.

«КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

2021 жылғы қаржылық есептілікке ескертпелер

(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Қаржылық активтер мен міндеттемелер (жалғасы)

##### Бастапқы бағалау (жалғасы)

##### ӨЖКӨҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдар

ӨЖКӨҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдар кейіннен әділ құн бойынша бағаланады, ал әділ құнның өзгеруі нәтижесінде туындайтын пайда немесе залалдар өзге жиынтық кірістің құрамында танылады. Валюталық бағамдардың өзгеруінен түскен пайыздық түсім және пайда немесе залалдар пайданың немесе залалдың құрамында амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері жағдайындағыдай танылады. Тану тоқтатылған кезде бұрын өзге жиынтық кірістің құрамында танылған жинақталған пайда немесе залал өзге жиынтық кірістің құрамынан пайданың немесе залалдың құрамына қайта сыныпталады.

ӨЖКӨҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдар бойынша ҚКЗ әділ құны бойынша бағалануды жалғастыратын қаржылық жағдай туралы есепте осы қаржы активтерінің баланстық құнын төмендетпейді. Оның орнына амортизацияланған құны бойынша активті бағалау кезінде құрылған күтілетін шығындарға арналған бағалау резервіне тең сома өзге жиынтық кіріс құрамында пайда немесе залал құрамындағы тиісті сомаларды тани отырып, құнсызданудың жинақталған сомасы ретінде танылады. Өзге жиынтық кірістің құрамында танылған залалдардың жинақталған сомасы активті тану тоқтатылған кезде пайданың немесе залалдың құрамына қайта сыныпталады.

##### Кредит беру жөніндегі міндеттемелер

Кредит беру жөніндегі міндеттемелер шарттық міндеттемелер болып табылады, олардың талаптары бойынша Компания міндеттеменің қолданылу мерзімі ішінде Клиентке алдын ала келісілген шарттарда кредит беруге міндетті. Мұндай міндеттемелерге қатысты ҚКЗ-ны бағалауға қойылатын талаптар қолданылады.

##### Қаржы активтері мен міндеттемелерін қайта жіктеу

Компания қаржы активтерін басқарудың бизнес-модельін өзгертетін ерекше жағдайларды қоспағанда, олар бастапқы танылғаннан кейін қаржы активтерін қайта жіктемейді. Қаржылық міндеттемелер ешқашан қайта жіктелмейді. 2021 жылы Компания қаржылық активтер мен міндеттемелерді қайта жіктемеді.

##### Ақша қаражаты және оның баламалары

Ақша қаражаты мен оның баламаларына қолма-қол ақша қаражаты, кредиттік ұйымдардағы өтеу мерзімі туындаған күннен бастап тоқсан (90) күн ішінде қандай да бір шарттық міндеттемелермен ауыртпалық салынбаған қаражат кіреді.

##### «Репо» және кері «репо» шарттары және бағалы қағаздармен қарыз операциялары

Бағалы қағаздарды сату және кері сатып алу шарттары («репо» шарттары) есептілікте қамтамасыз етілген қаржыландыру операциялары ретінде көрсетіледі. «Репо» шарттары бойынша өткізілген бағалы қағаздар қаржылық жағдай туралы есепте көрсетуінен жалғастырады және контрагенттің шарт талаптарынан немесе жалпы қабылданған практикадан туындайтын осы бағалы қағаздарды сатуға немесе қайта кепілге қою құқығы болған жағдайда «репо» шарттары бойынша кепіл ретінде берілген бағалы қағаздар санатына ауыстырылады. Тиісті міндеттемелер кредиттік ұйымдар немесе клиенттер қаражатының құрамына енгізіледі. Кері сату (кері «репо») шарттары бойынша бағалы қағаздарды сатып алу жағдайға байланысты кредиттік ұйымдардағы қаражаттың немесе Клиенттерге берілген кредиттердің құрамында көрсетіледі. Сату бағасы мен кері сатып алу бағасы арасындағы айырма пайыздық түсім ретінде қаралады және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша «репо» шарттарының қолданылу мерзімі ішінде есептеледі.

Контрагенттерге қарыз талаптарымен берілген бағалы қағаздар қаржылық жағдай туралы есепте көрсетіледі. Қарыз талаптарымен тартылған бағалы қағаздар қаржылық жағдай туралы есепте оларды үшінші тұлғаларға өткізген кезде ғана көрсетіледі. Бұл жағдайда сатып алу-сату мәмілесі пайда немесе залал туралы есепте сауда бағалы қағаздарымен операциялар бойынша залалдар шегеріле отырып, пайда құрамында ескеріледі. Мұндай бағалы қағаздарды қайтару жөніндегі міндеттеме сауда операциялары бойынша міндеттемелердің құрамында әділ құн бойынша көрсетіледі.

«КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

2021 жылғы қаржылық есептілікке ескертпелер

(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Туынды қаржы құралдары

Өзінің әдеттегі қызметі барысында Компания валюталық тәуекелді азайту үшін валюталық нарықтардағы форвардтар мен своптарды қоса алғанда, әртүрлі туынды қаржы құралдарын пайдаланады. Бұл қаржы құралдары пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша көрсетіледі. Әділ құн тиісті базалық құралдардың ағымдағы нарықтық және шарттық құнына және өзге де факторларға негізделген нарықтық баға белгілемдер немесе бағалау модельдері негізінде айқындалады. Оң әділ құны бар туынды қаржы құралдары активтердің құрамында, ал теріс әділ құны бар қаржы құралдары міндеттемелердің құрамында көрсетіледі. Көрсетілген құралдармен жасалған операциялардан түскен кірістер мен шығыстар жиынтық кіріс туралы есепте пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарымен операциялар бойынша таза кірістер/(залалдар) құрамында көрсетіледі.

#### Қарыз қаражаты

Шығарылған қаржы құралдары немесе олардың құрамдас бөліктері, егер шарттық келісімнің нәтижесінде компанияның ақша қаражатын немесе өзге де қаржы активтерін жеткізу не міндеттемені ақша қаражатының немесе басқа да қаржы активтерінің тіркелген сомасын меншікті үлестік құралдардың тіркелген санына айырбастау жолымен өзге түрде орындау міндеттемесі болса, міндеттемелер ретінде жіктеледі. Қарыз қаражатына кредиттік ұйымдардың қаражаты және шығарылған борыштық бағалы қағаздар кіреді. Бастапқы танылғаннан кейін қарыз қаражаты тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі. Пайдалар мен залалдар міндеттемелерді тану тоқтатылған кезде, сондай-ақ амортизация процесінде пайданың немесе залалдың құрамында көрсетіледі.

#### Жалдау

##### i. Компания жалға алушы ретінде

Компания қысқа мерзімді жалдау мен төмен құны бар активтерді жалдаудан басқа, барлық жалдау шарттарын тануға және бағалауға бірінші тәсілді қолданады. Компания жалдау төлемдерін жүзеге асыруға қатысты жалдау бойынша міндеттемелерді және базалық активтерді пайдалану құқығын білдіретін пайдалану құқығы нысанындағы активтерді мойындайды.

##### Пайдалану құқығы нысанындағы активтер

Компания пайдалану құқығы нысанындағы активтерді жалдау басталған күні таниды (яғни базалық актив пайдалану үшін қолжетімді болатын күн). Пайдалану құқығы нысанындағы активтер жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалауға түзетіле отырып, жинақталған амортизация мен құнсызданудан болған жинақталған шығындар шегеріле отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтердің бастапқы құны жалдау бойынша танылған міндеттемелердің шамасын, жалдау басталған күні немесе осындай күнге дейін жүргізілген, жалдау бойынша алынған ынталандыру төлемдері шегерілген бастапқы тікелей шығындарды және жалдау төлемдерін қамтиды. Егер компания жалдау мерзімінің соңында жалға алынған активке меншік құқығын алатынына жеткілікті сенімді болмаса, пайдалану құқығы нысанында танылған актив келесі кезеңдердің қысқа мерзіміне сызықтық әдіспен амортизацияланады: активті пайдалы пайдалану мерзімі немесе жалдау мерзімі. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер құнсыздану тұрғысынан тексеріледі.

##### Жалдау бойынша міндеттемелер

Жалдау басталған күні Компания жалдау мерзімі ішінде жүзеге асырылатын жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланатын жалдау бойынша міндеттемелерді мойындайды. Жалдау төлемдеріне кез келген ынталандыру төлемдерін алып тастағандағы тіркелген төлемдер (соның ішінде мәні бойынша тіркелген төлемдер), индекске немесе мөлшерлемеге байланысты ауыспалы жалдау төлемдері және тарату құнының кепілдіктері бойынша төленуі күтілетін сомалар кіреді. Жалдау төлемдеріне, егер компанияның осы опционды орындайтынына жеткілікті сенім болса, сатып алу опционның орындалу бағасы және егер жалдау мерзімі компанияның опционды тоқтатуды ықтимал орындауын көрсетсе, жалдауды тоқтату үшін айыпшұл төлеу кіреді. Индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді емес ауыспалы жалдау төлемдері осындай төлемдерді жүзеге асыруға әкелетін оқиға немесе шарт басталатын кезеңде шығыстар ретінде танылады.

Егер жалдау шартына енгізілген пайыздық мөлшерлемені оңай анықтау мүмкін болмаса, жалдау төлемдерінің келтірілген құнын есептеу үшін Компания жалдау басталған күнге қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады. Жалдау басталған күннен кейін жалдау бойынша міндеттемелердің шамасы пайыздардың есептелуін көрсету үшін ұлғайтылады және жүзеге асырылған жалдау төлемдерін көрсету үшін азайтылады. Бұдан басқа, жалдау мерзімі өзгертілген жағдайда, жалдау төлемдерінің мәні бойынша өзгерген немесе базалық активті сатып алуға опционды бағалау өзгерген жағдайда, жалдау бойынша міндеттемелердің баланстық құнын қайта бағалау жүргізіледі.



«КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

2021 жылғы қаржылық есептілікке ескертпелер

(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Жалдау (жалғасы)

##### і. Компания жалға алушы ретінде (жалғасы)

Қысқа мерзімді жалгерлік және құны төмен активтерді жалға алу

Компания қысқа мерзімді жалға алуға қатысты танудан босатуды қысқа мерзімді жалдау шарттарына (яғни, жалға алудың басталу күніне көзделген жалдау мерзімі 12 айдан аспайтын және сатып алуға арналған опционды қамтымайтын шарттарға) қолданады. Компания сондай-ақ құны төмен болып саналатын офистік жабдықты жалдау шарттарына құны төмен активтерді жалға алуға қатысты танудан босатуды қолданады (яғни 1.900 мың теңгеге дейін). Қысқа мерзімді жалдау және төмен құны бар активтерді жалдау бойынша жалдау төлемдері жалдау мерзімі ішінде желілік әдіспен жалдау бойынша шығыс ретінде танылады.

##### ii. Операциялық жалгерлік – Компания жалға беруші ретінде

Компания активті иеленумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайданы іс жүзінде бере алмайтын жалдау операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Жалдаудан туындайтын кіріс жалдау мерзімі ішінде желілік әдіспен есепке алынады және өзінің операциялық сипатына байланысты пайда немесе залал туралы есептегі түсімнің құрамына енгізіледі. Операциялық жалдау шарттарын келісу және жасау процесінде келтірілген бастапқы тікелей шығындар жалға берілген активтің баланстық құнына енгізіледі және жалдау мерзімі ішінде жалға беруден түскен кіріс сияқты негізде танылады. Шартты жалдау төлемдері олар алынған кезеңде түсім ретінде танылады.

#### Қаржы активтерін өзара есепке алу

Қаржылық жағдай туралы есепте тек таза сальдонды көрсете отырып, қаржы активтері мен міндеттемелерін өзара есепке алу өзара есеп айырысуды жүргізу және нетто-негізде есеп айырысуды жүзеге асыру не міндеттемені реттеумен бір мезгілде активті іске асыру ниеті заңды түрде бекітілген құқық болған кезде ғана жүзеге асырылады. Есепке алуды жүргізу құқығы болашақтағы оқиғаға негізделмеуге тиіс және мынадай барлық мән-жайларда заңды күшке ие болуға тиіс:

- әдеттегі қызмет барысында;
- міндеттемені орындалмаған жағдайда; және
- ұйым немесе контрагенттердің біреуі дәрменсіз немесе банкрот болған жағдайда.

Бұл шарттар, әдетте, өзара есепке алу туралы бас келісімдерге қатысты орындалмайды және тиісті активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте толық сомада көрсетіледі.

#### Кредиттерді қайта құрылымдау

Компания қарыз алушы мән-жайлардағы объективті өзгерістердің салдарынан белгіленген өтеу кестесін ұстана алмайтын жағдайларда кредиттерді қайта құрылымдауға ұмтылатын болады, бірақ бұл ретте Компания қарыз алушы өзгертілген өтеу кестесі бойынша кредитті толық көлемде өтей алады деп есептейді. Қайта құрылымдау төлемдердің шарттық мерзімдерін ұзартуды және кредиттеудің жаңа шарттарын келісуді қамтуы мүмкін.

Егер шарттың талаптары іс жүзінде ол жаңа кредитке айналатындай етіп қайта қаралса, Компания қаржылық активті мысалы, клиентке берілген кредитті тануды тоқтатады, ал айырмашылық құнсызданудан болатын залал танылғанға дейін тануды тоқтатудан пайда немесе залал ретінде танылады. Бастапқы тану кезінде құрылған кредиттер сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған (СКҚК) актив болып саналатын жағдайларды қоспағанда, кредиттер ККЗ-ны бағалау максаттары үшін 1-кезеңге жатады. Клиенттің кредитін мойындауды тоқтату керектігін бағалау кезінде Компания, басқалармен қатар, келесі факторларды қарастырады:

- кредит валютасын өзгерту;
- контрагентті өзгерту;
- модификация құралдың SPP1 тестінің критерийлеріне сәйкес келмеуіне әкелуі мүмкін бе?

«КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

2021 жылғы қаржылық есептілікке ескертпелер

(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Кредиттерді қайта құрылымдау (жалғасы)

Егер модификация ақша ағындарының айтарлықтай өзгеруіне әкелмесе, модификация тануды тоқтатуға әкелмейді. Бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған ақша ағындарының өзгеруі негізінде Компания құнсызданудан болған залал танылғанға дейін пайданың немесе залалдың құрамындағы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып есептелген пайыздық түсімнің құрамында ұсынылатын модификациядан түскен пайданы немесе залалды мойындайды.

Тануды тоқтатуға алып келмейтін модификация жағдайында, Компания кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюының немесе кредиттік-құнсызданған ретінде активтерді жіктеу қажеттілігінің болуын қайта бағалайды. Активті модификациялау нәтижесінде кредиттік-құнсызданған ретінде жіктелгеннен кейін ол кемінде 2 айлық сынақ кезеңі ішінде 3-кезеңнің құрамында қалады. Қайта құрылымдалған қарызды 3-кезеңнен аудару үшін модификацияланған төлемдер кестесіне сәйкес сынақ кезеңі ішінде негізгі қарыз сомасы мен пайыздардың тұрақты төлемдері қажет.

#### Қаржылық активтер мен міндеттемелерді тануды тоқтату

##### Қаржылық активтер

Қаржылық актив (немесе қолданылатын жерде – қаржылық активтің бір бөлігі) немесе ұқсас қаржылық активтер тобының бөлігі) қаржылық жағдай туралы есепте танылуын тоқтатады, егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталды;
- Компания активтен ақша ағындарын алу құқығын берді немесе «транзиттік» келісім шарттарында үшінші тарапқа айтарлықтай кідіріссіз алынған ақша ағындарын толық аудару міндеттемесін қабылдады; сондай-ақ
- Компания не (а) активтен түсетін барлық тәуекелдер мен пайданы іс жүзінде берді, не (б) активтен түсетін барлық тәуекелдер мен пайданы бермеді, бірақ өзінде сақтамайды, бірақ осы активке бақылауды берді.

Егер Компания активтен ақша ағындарын алу құқығын берсе, бұл ретте оған байланысты барлық тәуекелдер мен пайдаларды беріп те, сақтап та қоймай, сондай-ақ активті бақылауды бермесе, мұндай актив компанияның осы активке тұрақты қатысуы шегінде есепте көрсетіледі. Берілген актив бойынша кепілдік нысаны бар активке қатысуды жалғастыру активтің бастапқы баланстық құны мәндерінің ең азы және компанияға ақы төлеуге ұсынылуы мүмкін өтеудің ең жоғары мөлшері бойынша бағаланады.

Егер активке жалғасып жатқан қатысу берілетін активке сатылған және/немесе сатып алынған опцион (есеп айырысулар нетто-негізде ақша қаражатымен жүргізілетін опционды немесе соған ұқсас құралды қоса алғанда) нысанын қабылдаса, Компанияның жалғасып жатқан қатысу мөлшері – сатуға арналған сатылған опцион (опцион) жағдайын қоспағанда (опцион «пут»), Компания сатып ала алатын берілетін активтің құны (есеп айырысулары нетто-негізде ақша қаражатымен жүргізілетін опционды немесе соған ұқсас құралды қоса алғанда) әділ құны бойынша бағаланып отырған актив бойынша жүзеге асырылады. Бұл жағдайда компанияның жалғастырылатын қатысу мөлшері екі шаманың: берілетін активтің әділ құнының және опционды орындау бағасының ең азы ретінде айқындалады.

##### Есептен шығару

Қаржылық активтер Компания оларды қалпына келтіру екіталай деп санаған кезде ғана ішінара немесе толығымен есептен шығарылады. Егер есептен шығаруға жататын сома құнсыздануға жинақталған резервтің шамасынан жоғары болса, онда айырма алдымен резервтің ұлғаюы ретінде есепке алынады, содан кейін ол жалпы баланстық құнға қолданылады. Кез келген кейінгі қалпына келтіру кредиттік залалдар бойынша шығыстарға жатқызылады. Есептен шығару тануды тоқтатуға жатады.

##### Қаржылық міндеттемелер

Қаржылық міндеттемені тану тиісті міндеттеме орындалған, күші жойылған немесе қолданылу мерзімі өткен жағдайда тоқтатылады.

Бір қолданыстағы қаржылық міндеттемені сол кредитор алдындағы басқа міндеттеменен айтарлықтай ерекше шарттарда алмастырған кезде немесе қолданыстағы міндеттеменің талаптарына елеулі өзгерістер енгізілген жағдайда бастапқы міндеттемені тану тоқтатылады, ал жаңа міндеттеме пайда немесе залал құрамындағы міндеттемелердің баланстық құнындағы айырманы тани отырып есепте көрсетіледі.

«КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

2021 жылғы қаржылық есептілікке ескертпелер

(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Салық салу

Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы шығыстар Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес есептеледі.

Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер баланстық міндеттемелер әдісі пайдаланыла отырып, барлық уақытша айырмаларға қатысты есептеледі. Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы қаржылық есептілік максаттары үшін активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасында туындайтын барлық уақытша айырмалар бойынша көрсетіледі, бұған кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы компаниялар бірлестігі болып табылмайтын және жүзеге асыру кезінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе залалға да әсер етпейтін операция бойынша гудвиллді, активті немесе міндеттемені бастапқы көрсету нәтижесінде туындайтын жағдайлар жатпайды.

Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер болашақта салық базасын азайтатын осы уақытша айырмалар оған қарсы есептелуі мүмкін салық салынатын пайданы алу ықтималдығы бар шамада ғана көрсетіледі. Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер және міндеттемелер есепті күні күшіне енген немесе іс жүзінде күшіне енген заңнаманы негізге ала отырып, активті іске асыру немесе міндеттемені реттеу кезеңі ішінде қолданылатын салық салу мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасында Компанияның қызметіне қатысты қолданылатын әртүрлі операциялық салықтар бар. Бұл салықтар өзге операциялық шығыстар құрамында жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі.

#### Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болған жинақталған залалдарды шегере отырып, күнделікті қызмет көрсетуге арналған шығындарды есепке алмай, нақты құны бойынша көрсетіледі. Мұндай құн, егер олар тану критерийлеріне сай келсе, туындаған сәтте танылатын жабдықты ауыстыруға байланысты шығындарды қамтиды.

Негізгі құралдардың баланстық құны осы активтің баланстық құнын өтеу мүмкін еместігін көрсететін оқиғалар немесе мән-жайларда өзгерістер туындаған жағдайда құнсыздану мәніне бағаланады.

Нысанның амортизациясы ол пайдалануға қолжетімді болған кезде басталады. Амортизация активтерді пайдалы пайдаланудың келесі бағалау мерзімі ішінде сыздық әдіспен есептеледі:

	<u>Жылдар</u>
Ғимарат	40
Компьютерлік жабдық	2-7
Көлік құралдары	5-7
Кеңсе жиһазы және жабдық	5-10

Тарату құны, пайдалы пайдалану мерзімі және активтердің амортизациясын есептеу әдістері әрбір есепті жылдың соңында талданады және қажеттілігіне қарай түзетіледі.

Жөндеуге және реконструкциялауға арналған шығыстар олардың жүзеге асырылуына қарай шығындарға жатқызылады және олар капиталдандыруға жататын жағдайларды қоспағанда, жиынтық кіріс туралы есепте басқа операциялық шығыстардың құрамына енгізіледі.

#### Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Инвестициялық жылжымайтын мүлікке жалдау кірісін немесе капитал құнының өсуін алу мақсатында ұсталатын және Компания пайдаланбайтын, сондай-ақ әдеттегі қызмет барысында сатуға арналмаған жер немесе ғимараттар не ғимараттардың бөліктері жатады. Болашақта инвестициялық жылжымайтын мүлік ретінде пайдалану үшін құрылыс, абаттандыру немесе реконструкциялау процесіндегі объектілер де инвестициялық жылжымайтын мүлік құрамында жіктеледі.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік бастапқыда мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, бастапқы құн бойынша танылады және кейіннен есепті кезеңнің соңында нарықтық жағдайларды көрсете отырып, әділ құн бойынша қайта бағаланады. Компанияның инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділ құны тиісті танылған кәсіби біліктілігі және ұқсас орналасқан жері мен сипаттамалары бар жылжымайтын мүлікті бағалау тәжірибесі бар тәуелсіз бағалаушылардың есептерін қоса алғанда, әртүрлі көздердің негізінде айқындалады.



«КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

2021 жылғы қаржылық есептілікке ескертпелер

(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Инвестициялық жылжымайтын мүлік (жалғасы)

Инвестициялық жылжымайтын мүлік ретінде одан әрі пайдалану үшін қайта құру процесіндегі инвестициялық жылжымайтын мүлік әділ құны бойынша бағалануын жалғастырады. Алынған жалгерлік кіріс пайда немесе залал туралы есепте өзге кірістер құрамында көрсетіледі. Инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділ құнының өзгерістерімен негізделген пайда мен залалдар пайданың немесе залалдың құрамында көрсетіледі және өзге де кірістердің немесе өзге де операциялық шығыстардың құрамында көрсетіледі.

Кейінгі шығыстар компанияның тиісті болашақ экономикалық пайда алу ықтималдығы және шығындарды сенімді бағалау мүмкіндігі болған жағдайда ғана капиталдандырылады. Жөндеуге және қызмет көрсетуге арналған барлық басқа шығындар жұмсалып шамасына қарай шығыстарға жатқызылады. Егер меншік иесі инвестициялық жылжымайтын мүлікті иеленсе, ол негізгі құралдар санатына қайта жіктеледі, ал оның қайта жіктеу күніндегі баланстық құны кейіннен амортизацияланатын шартты бастапқы құнға айналады.

#### Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер бағдарламалық жасақтаманы қамтиды және бастапқыда нақты құны бойынша бағаланады. Бастапқы танылғаннан кейін материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болған жинақталған залалдарды шегергендегі нақты құны бойынша көрсетіледі. Материалдық емес активтер 5 жылдан 10 жылға дейінгі пайдалы пайдалану мерзімі ішінде амортизацияланады және материалдық емес активтің ықтимал құнсыздану белгілері болған жағдайда құнсыздану мәніне талданады.

#### Бағалау міндеттемелері

Егер компания өткен уақыттағы белгілі бір оқиғаның салдарынан заңды немесе өз еркімен өзіне қабылдаған міндеттемелерге ие болса және оларды реттеу үшін жоғары ықтималдық дәрежесімен өзіне болашақ экономикалық пайдаларды қамтитын және жеткілікті сенімділік дәрежесімен бағалауға болатын ресурстардың жылыстауы талап етілетін болса, бағалау міндеттемелері мойындалады.

#### Қызметкерлерді зейнетақымен қамтамасыз ету және басқа да жеңілдіктер бойынша міндеттемелер

Компанияда зейнетақымен қамсыздандырудың қосымша схемалары жоқ, ол тек Қазақстан Республикасының мемлекеттік зейнетақы жүйесіне қатысады, бұл жүйе жұмыс берушінің ағымдағы жарналарын қызметкерлерге төленетін ағымдағы жалпы төлемдердің пайызы ретінде есептеуді қарастырады. Бұл шығыстар тиісті жалақы жататын есепті кезеңде көрсетіледі. Сонымен қатар, компания еңбек қызметі аяқталғаннан кейін қызметкерлер үшін айтарлықтай жеңілдіктерге ие емес.

#### Жарғылық капитал

##### Жарғылық капитал

Жарғылық капитал капитал ретінде жіктеледі. Қосымша жарғылық капиталды шығаруға тікелей байланысты қосымша шығындар кез келген салық әсерлерін шегере отырып, капитал құрамынан шегерім ретінде танылады.

##### Дивидендтер

Дивидендтер міндеттемелер ретінде танылады және егер олар есепті күнді қоса алғанға дейін жарияланған жағдайда ғана есепті күнге капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті күнге дейін ұсынылса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ шығаруға қаржылық есептілік бекітілген күнге дейін ұсынылса немесе жарияланса, есептілікте көрсетіледі. Компанияның дивидендтерді жариялау және төлеу мүмкіндігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

#### Шартты активтер мен міндеттемелер

Шартты міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілмейді, бұл ретте оларды өтеуге байланысты ресурстардың шығуы екіталай болып табылған жағдайларды қоспағанда, олар туралы ақпарат қаржылық есептілікте көрсетіледі. Шартты активтер қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілмейді, бұл ретте олармен байланысты экономикалық пайданы алу ықтимал болып табылған жағдайларда олар туралы ақпарат қаржылық есептілікте көрсетіледі.

«КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

2021 жылғы қаржылық есептілікке ескертпелер

(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Кірістер мен шығыстарды тану

Егер компанияның экономикалық пайда алу ықтималдығы жоғары болса және түсім сенімді бағалануы мүмкін болса, түсім мойындалады. Түсімді қаржылық есептілікте тану үшін келесі критерийлер орындалуы керек:

##### Пайыздық және ұқсас кірістер мен шығыстар

Компания кредиттік-құнсызданған қаржы активтерінен басқа, қаржы активтерінің жалпы баланстық құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып, амортизацияланған құны бойынша немесе ӨЖКӨҚ бойынша бағаланатын борыштық қаржы активтері бойынша пайыздық түсімді есептейді. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл дисконттау кезінде болашақ есептік ақпалай төлемдер немесе түсімдер қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішінде немесе ол қолданылатын жерде неғұрлым қысқа уақыт кезеңі ішінде қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің таза баланстық құнына дәл келтіретін мөлшерлеме. Есептеу кезінде қаржы құралы бойынша барлық шарттық талаптар (мысалы, мерзімінен бұрын өтеу құқығы) және тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырама бөлігі болып табылатын құралмен тікелей байланысты комиссиялық немесе қосымша шығыстар ескеріледі, бірақ болашақ кредиттік залалдар ескерілмейді. Қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің баланстық құны компания төлемдерді немесе түсімдерді бағалауды қайта қараған жағдайда түзетіледі. Түзетілген баланстық құн бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме негізінде есептеледі, ал баланстық құнның өзгеруі пайыздық кіріс немесе шығыстар ретінде көрсетіледі.

Кредиттік-құнсызданған қаржылық актив жағдайында Компания осы қаржылық активтің таза амортизацияланған құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып, пайыздық кірісті есептейді. Егер қаржы активі бойынша дефолт жойылса және ол енді кредиттік-құнсызданбаған болса, Компания жалпы құн негізінде пайыздық түсімді есептеуге оралады.

Қаржы активтерінің ПЗӨҚ жағдайында Компания қаржы активінің амортизацияланған құнына кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып, пайыздық түсімді есептейді. Кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл бастапқы тану кезінде активтердің ПЗӨҚ амортизацияланған құнына дейінгі есептік болашақ ақындарын (кредиттік шығындарды қоса алғанда) дисконттайтын мөлшерлеме.

#### Шетел валюталарын қайта есептеу

Қаржылық есептілік компанияның функционалдық валютасы және есептілікті ұсыну валютасы болып табылатын қазақстандық теңгемен танытылған. Шетел валютасындағы операциялар бастапқыда операциялар күніне Қазақстан қор биржасында (бұдан әрі – «ҚКБ») белгіленген нарықтық айырбас бағамдары бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Шетел валюталарында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күні қолданылып жүрген ресми бағам бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Шетел валюталарындағы операцияларды қайта есептеу кезінде туындайтын кірістер мен шығыстар «Шетел валютасымен операциялар бойынша таза кірістер (залалдар)» бабы бойынша жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі. Нақты құны бойынша шетел валютасында көрсетілетін монетарлық емес бантар операция күні қолданыста болған ресми бағам бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша шетел валютасында көрсетілетін монетарлық емес бантар әділ құнды айқындау күніне қолданылатын ресми бағам бойынша қайта есептеледі. Шетел валютасындағы операциялар бойынша шарттық айырбас бағамы мен осындай операция күніндегі ресми бағам арасындағы айырма шетел валютасындағы операциялар бойынша таза кірістер немесе шығыстар құрамына енгізіледі.

2021 және 2020 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚКБ белгілеген ресми бағам сәйкесінше 1 АҚШ доллары үшін 431,80 теңгені және 420,91 теңгені құрады.

#### Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттар

Төменде компанияның қаржылық есептілігі жарияланған күні шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттар мен түсіндірмелер берілген. Компания бұл стандарттарды олар күшіне енгеннен кейін қолдануды жоспарлап отыр.

«КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

2021 жылғы қаржылық есептілікке ескертпелер

(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттар (жалғасы)

##### 17 ХКЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары»

2017 жылғы мамырда ХКЕС жөніндегі кеңес 17 ХКЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары» стандартын шығарды, ол ақпаратты тану және бағалау, ұсыну және ашу мәселелерін қарастыратын сақтандыру келісімшарттарына арналған қаржылық есептіліктің жаңа тұтастай қамтитын стандарт болып табылады. 17 ХКЕС (IFRS) күшіне енген кезде, ол 2005 жылы шығарылған 4 ХКЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттарын» алмастырады. 17 ХКЕС (IFRS) оларды шығаратын ұйымның түріне қарамастан, сақтандыру шарттарының барлық түрлеріне (яғни өмірді сақтандыру және өмірді сақтандырудан басқа сақтандыру, тікелей сақтандыру және қайта сақтандыру), сондай-ақ дискрециялық қатысу шарттары бар белгілі бір кепілдіктер мен қаржы құралдарына қолданылады. Стандартты қолдануға қатысты бірнеше ерекшеліктер бар. 17 ХКЕС (IFRS) сақтандыру шарттарының сипаттамалары бар банк өнімдері үшін жаңа есепке алу талаптарын енгізеді, бұл 9 ХКЕС (IFRS) немесе 17 ХКЕС (IFRS) қолдану саласына қандай құралдар немесе олардың компоненттері жатқызылатынын айқындауға әсер етуі мүмкін. Кредиттік карталар және сақтандыруды қамтамасыз ететін ұқсас өнімдер: осындай өнімдер эмитенттерінің көпшілігі қолданыстағы есепке алу тәртібін қолдануды жалғастыра алады және оларды 9ХКЕС (IFRS) сәйкес қаржы құралдары ретінде есепке ала алады. Ұйым жеке клиентпен шарттың бағасын айқындау кезінде сол клиентпен байланысты сақтандыру тәуекелінің бағасын көрсетпеген жағдайда ғана, 17 ХКЕС (IFRS) сақтандыру шартының анықтамасына жауап беретін кредиттік карталар шарттарын (немесе кредиттік келісімдерді немесе төлемдерге қызмет көрсету туралы келісімдерді бекітетін ұқсас шарттарды) өзінің қолданылу аясынан алып тастайды.

Кредиттік картаның шарттық талаптары аясында сақтандыру төлемі берілген кезде, эмитент:

- сақтандыру өтелімінің компонентін бөліп алып, оған 17 ХКЕС (IFRS) қолдануы қажет;
- басқа компоненттерге басқа стандарттарды (мысалы, 9 ХКЕС (IFRS), 15 ХКЕС (IFRS) «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім») немесе 37 ХКЕС (IAS) «Бағалау міндеттемелері, шартты міндеттемелер және шартты активтер») қолдануы қажет.

Сақтандыру шартының анықтамасына жауап беретін, бірақ сақтандыру жағдайлары бойынша өтемақы сомасын осы Шартта жасалған полисті ұстаушының міндетін реттеу үшін басқаша талап етілетін сомамен шектейтін қарыз шарттары: осындай қарыз эмитенттері (мысалы, қарыз алушы қайтыс болған жағдайда оларды өтеуден босатуы көздейтін қарыздар) 9ХКЕС (IFRS) немесе 17 ХКЕС (IFRS) қолдануды таңдауға құқылы. Мұндай шешім портфель деңгейінде қабылданады және қайта қарауға жатпайды.

17 ХКЕС (IFRS) 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді, бұл ретте салыстырмалы ақпаратты ұсыну талап етіледі. Ұйым сондай-ақ бірінші қолдану күніне 9ХКЕС (IFRS) және 15 ХКЕС (IFRS) қолданған жағдайда мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі.

Қазіргі уақытта Компания 17 ХКЕС (IFRS) қолданудың өзінің қаржылық есептілігіне қалай әсер ететін бағалап жатыр.

##### «Міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді ретінде жіктеу» 1 ХКЕС (IAS) енгізілетін түзетулер

2020 жылғы қаңтарда ХКЕС жөніндегі кеңес міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеуге қатысты талаптар түсіндірілетін 1 ХКЕС (IAS) 69-76-тармақтарына түзетулер енгізді. Түзетулерде мыналар түсіндіріледі:

- міндеттемелерді реттеуді кейінге қалдыру құқығы дегеніміз не;
- міндеттемелерді реттеуді кейінге қалдыру құқығы есепті кезеңнің соңында болуы керек;
- міндеттемелерді жіктеуге ұйымның міндеттемелерді реттеуді кейінге қалдыру құқығын орындау ықтималдығы әсер етпейді;
- егер айырбасталатын міндеттеме енгізілген туынды құрал үлестік құрал болса, міндеттеме шарттары оның жіктелуіне әсер етпейді.

Бұл түзетулер 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді және ретроспективті түрде қолданылады. Қазіргі уақытта Компания осы түзетулердің міндеттемелердің ағымдағы жіктелуіне ықтимал әсерін және қолданыстағы қарыз шарттары бойынша шарттарды қайта қарау қажеттілігін талдап жатыр.



«КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

2021 жылғы қаржылық есептілікке ескертпелер

(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттар (жалғасы)

«Тұжырымдамалық негіздерге сілтемелер» 3 ХКЕС (IFRS) енгізілетін түзетулер

2020 жылғы мамырда ХКЕС жөніндегі кеңес «*Бизнес бірлестіктері*» – «Тұжырымдамалық негіздерге сілтемелер» 3 ХКЕС (IFRS) түзетулер енгізді. Бұл түзетулердің мақсаты – стандарт талаптарына елеулі өзгерістер енгізбестен, 1989 жылы шығарылған «Қаржылық есептілікті дайындау және ұсыну тұжырымдамасына» сілтемелерді, 2018 жылғы наурызда шығарылған «Қаржылық есептерді ұсынудың тұжырымдамалық негіздеріне» сілтемелерді ауыстыру.

Кеңес сондай-ақ жеке операциялар аясында пайда болатын болса, 37 ХКЕС (IAS) қолдану саласына немесе «Міндетті төлемдер» 21 КРМФО (IFRIC) түсіндірмесіне жататын міндеттемелер мен шартты міндеттемелер үшін «2-ші күн» әлеуетті пайда немесе залалдың туындауын болдырмау үшін 3 ХКЕС (IFRS) 3 тану қағидатына арнайы ереже қосты.

Сонымен бірге Кеңес «Қаржылық есептілікті дайындау және ұсыну тұжырымдамасына» сілтемелерді ауыстыру әсер етпейтін шартты активтерге қатысты қолданыстағы 3 ХКЕС (IFRS) талаптарын түсіндіруге шешім қабылдады.

Бұл түзетулер 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді және перспективалы түрде қолданылады. Бұл түзетулер компанияға айтарлықтай әсер етпейді деп күтіледі.

«Негізгі құралдар: мақсаты бойынша пайдаланғанға дейінгі түсімдер» 16 ХКЕС (IAS) енгізілетін түзетулер

2020 жылдың мамыр айында ХКЕС жөніндегі кеңес «Негізгі құралдар: мақсаты бойынша пайдаланғанға дейінгі түсімдер» құжатын шығарды, бұл ұйымдарға объектінің бастапқы құнынан басшылықтың ниетіне сәйкес осы объектіні орналасқан жеріне жеткізу және оны пайдалану үшін талап етілетін күнге келтіру процесінде өндірілген өнімді сатудан түскен кез келген түсімдерді алып тастауға тыйым салады. Оның орнына ұйым осындай бұйымдарды сатудан түсетін түсімдерді, сондай-ақ осы бұйымдарды пайда немесе залал құрамында өндіру құнын мойындайды.

Бұл түзетулер 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді және ұйым осы түзетулерді алғаш рет қолданатын қаржылық есептілікте ұсынылған кезеңнің ең алғашқысы басталған (немесе одан кейін) күні пайдалану үшін қолжетімді болған негізгі құралдар объектілеріне ретроспективті түрде қолданылуға тиіс.

Бұл түзетулер компанияға айтарлықтай әсер етпейді деп күтіледі.

«Ауыртпалықты шарттар – шартты орындауға жұмсалған шығындар» 37 ХКЕС (IAS) енгізілген түзетулер

2020 жылғы мамырда ХКЕС жөніндегі кеңес 37 ХКЕС (IAS) түзетулер енгізді, онда ұйым шарттың ауыртпалықты немесе залалды болып табылатындығын бағалау кезінде қандай шығындарды ескеруі тиіс екендігі түсіндіріледі.

Түзетулер «шартқа тікелей байланысты шығындарға» негізделген тәсілді қолдануды көздейді. Тауарларды немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған шартқа тікелей байланысты шығындар осы шартты орындауға арналған қосымша шығындарды да, шартты орындауға тікелей байланысты бөлінген шығындарды да қамтиды. Жалпы және әкімшілік шығындар шартқа тікелей байланысты емес, сондықтан олар шарт бойынша контрагенттің нақты өтеуіне жататын жағдайларды қоспағанда, алынып тасталады.

Бұл түзетулер 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Компания осы түзетулерді ол алғаш рет қолданатын жылдық есептік кезең басталған күні өзінің барлық міндеттерін әлі орындамаған шарттарға осы түзетулерді қолданатын болады.

«Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын бірінші рет қолдану» – «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын бірінші рет қолданатын еншілес ұйым» 1 ХКЕС (IFRS)

2018-2020 жылдар кезеңіндегі ХКЕС жыл сайынғы жетілдіру процесі шеңберінде ХКЕС жөніндегі кеңес «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын бірінші рет қолдану» 1 ХКЕС (IFRS) стандартына түзету енгізді. Осы түзетуге сәйкес 1 ХКЕС(IFRS) D16 (a) тармағын қолдануды шешетін еншілес ұйым негізгі ұйымның ХКЕС-қа көшу күнін негізге ала отырып, негізгі ұйымның қаржылық есептілігінде көрсетілген сомаларды пайдалана отырып, жинақталған бағамдық айырмаларды бағалауға құқылы. Осы түзету 1 ХКЕС (IFRS) D16 (a) тармағын қолдануды шешетін қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға да қолданылады.

Осы түзету 2022 жылғы 1 қаңтардан кейін немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі.

«КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

2021 жылғы қаржылық есептілікке ескертпелер

(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)

### 3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

#### Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттар (жалғасы)

«Қаржы құралдары» – «Қаржылық міндеттемелерді таңуды тоқтату үшін «10% тест» жүргізген кездегі комиссиялық сыйақы» 9 ХКЕС (IFRS)

2018-2020 жылдар кезеңіндегі ХКЕС жыл сайынғы жетілдіру процесі шеңберінде ХКЕС жөніндегі кеңес 9 ХКЕС (IFRS) түзету енгізді. Түзетуде ұйым жаңа немесе түрлендірілген қаржылық міндеттеменің шарттары бастапқы қаржылық міндеттеменің шарттарынан айтарлықтай өзгеше болып табылатындығын бағалау кезінде ескерілетін комиссиялық сыйақы сомасының құрамы нақтыланады. Мұндай сомаларға екінші тараптың атынан кредитор немесе қарыз алушы төлеген немесе алған комиссиялық сыйақыны қоса алғанда, кредитор мен қарыз алушы арасында төленген немесе алынған комиссиялық сыйақылар ғана жатады. Ұйым осы түзетуді алғаш рет қолданатын жылдық есепті кезеңнің басталу күніне (немесе одан кейін) өзгертілген немесе ауыстырылған қаржылық міндеттемелерге қатысты осы түзетуді қолдануға тиіс.

Осы түзету 2022 жылғы 1 қаңтардан кейін немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Компания осы түзетуді алғаш қолданған жылдық есепті кезеңнің басталу күніне (немесе одан кейін) өзгертілген немесе ауыстырылған қаржылық міндеттемелерге қатысты қолданады.

Бұл түзету компанияның қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтіледі.

«Бухгалтерлік бағалауды айқындау» 8 ХКЕС (IAS) енгізілген түзетулер

2021 жылғы ақпанда ХКЕС жөніндегі кеңес 8 ХКЕС (IAS) түзетулер енгізді, онда «бухгалтерлік бағалау» анықтамасы енгізіледі. Түзетулерде бухгалтерлік бағалардағы өзгерістер мен есеп саясатындағы өзгерістер мен қателерді түзету арасындағы айырмашылық түсіндіріледі. Сонымен қатар, құжат ұйымдардың бухгалтерлік бағалауды жасау үшін өлшеу әдістері мен бастапқы деректерді қалай қолданатынын түсіндіреді.

Түзетулер 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты күшіне енеді және көрсетілген кезеңнің басталу күнінде немесе одан кейін болатын есеп саясатындағы өзгерістерге және бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістерге қолданылады. Бұл факт ашылған жағдайда мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі.

Бұл түзетулер компанияға айтарлықтай әсер етпейді деп күтіледі.

1 ХКЕС (IAS) және ХКЕС «Есеп саясаты туралы ақпаратты ашу» стандартын қолдану жөніндегі № 2 практикалық ұсынымдарға енгізілетін түзетулер

2021 жылғы ақпанда ХКЕС жөніндегі кеңес 1 ХКЕС (IAS) және ХКЕС «Маңыздылық туралы пайымдауларды қалыптастыру» қолдану жөніндегі № 2 практикалық ұсынымдарға түзетулер енгізді, онда ұйымдарға есеп саясаты туралы ақпаратты ашу кезінде маңыздылық туралы пайымдауларды қолдануға көмектесетін басшылық пен мысалдар бар. Түзетулер ұйымдарға ұйымдардың есеп саясатының «маңызды ережелерін» ашуы туралы талапты есеп саясаты туралы «елеулі ақпаратты» ашу туралы талапқа ауыстыру арқылы, сондай-ақ ұйымдардың есеп саясаты туралы ақпаратты ашу туралы шешім қабылдау кезінде маңыздылық ұғымын қалай қолдануға болатындығы туралы басшылықты қосу арқылы есеп саясаты туралы неғұрлым пайдалы ақпаратты ашуға көмектесуі керек.

«КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2021 жылғы қаржылық есептілікке ескертпелер

(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)

## 22. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

### Нарықтық тәуекел (жалғасы)

#### Валюталық тәуекел (жалғасы)

Төмендегі кестеде Компанияның 31 желтоқсанда саудалық емес монетарлық активтер мен міндеттемелер, сондай-ақ болжанатын ақша ағындары бойынша елеулі позициялары бар валюталар көрсетілген. Жүргізілген талдау теңгеге қатысты валюталық бағамдардағы ықтимал өзгерістің пайдаға немесе залалға әсерін есептейді (әділ құны валюта бағамының өзгеруіне сезімтал болатын саудалық емес монетарлық активтер мен міндеттемелердің болуы салдарынан). Капиталға әсер ету пайдаға немесе залалға әсер етуден ерекшеленбейді. Барлық басқа параметрлер тұрақты шамалармен қабылданады. Кестедегі теріс сомалар пайданың немесе залалдың немесе капиталдың құрамындағы ықтимал таза азаюды көрсетеді, ал оң сомалар ықтимал таза өсуді көрсетеді.

	2021 жыл			
	Валюта бағамындағы өзгеріс %	Салық салғанға дейін пайдаға әсері	Валюта бағамындағы өзгеріс %	Салық салғанға дейін пайдаға әсері
АҚШ доллары	13,00%	(18.885)	-10,00%	14.527

АҚШ доллары

	2020 жыл			
	Валюта бағамындағы өзгеріс %	Салық салғанға дейін пайдаға әсері	Валюта бағамындағы өзгеріс %	Салық салғанға дейін пайдаға әсері
АҚШ доллары	14,00%	(8.353)	-11,00%	6.563

АҚШ доллары

#### Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел – компания клиенттерінің немесе контрагенттерінің өзінің шарттық міндеттемелерін орындамауына байланысты Компанияның залалға ұшырау тәуекелі. Компания кредиттік тәуекелді кредиттік тәуекелді шоғырландыру лимиттерін белгілеу және сақтау жөніндегі талаптарды қамтитын бекітілген саясаттар мен процедураларды қолдану арқылы, сондай-ақ функцияларына кредиттік тәуекелдің белсенді мониторингі кіретін кредиттік комитеттерді құру арқылы басқарады. Микрокредит беру қағидаларын акционерлер бекітеді.

Кредиттік саясаты:

- кредиттік өтінімдерді қарау және мақұлдау процедураларын;
- қарыз алушылардың кредит төлеу қабілеттілігін бағалау әдістемесін;
- ұсынылатын қамтамасыз етуді бағалау әдістемесін;
- кредиттік құжаттамаға қойылатын талаптарды;
- кредит тәуекелі бар кредиттер мен өзге де өнімдерге тұрақты мониторинг жүргізу процедураларын белгілейді.

Компания жекелеген кредиттердің және басқа да кредиттік тәуекелдердің жай-күйіне тұрақты мониторинг жүргізеді.

Жеке қарыз алушыларды талдаудан басқа, Компания кредит портфеліне жалпы кредиттердің шоғырлануына және нарықтық тәуекелдерге қатысты бағалау жүргізеді.

Компанияның баланстық кредиттік тәуекелінің ең жоғары мөлшері қаржы жағдайы туралы есепте қаржы активтерінің баланстық құнында және танылмаған шарттық міндеттемелердің сомаларында ең жақсы түрде көрсетіледі. Активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу мүмкіндігі әлеуетті кредиттік тәуекелді төмендету үшін елеулі мәнге ие емес.

Пайда мен залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары бойынша баланстық құн кредиттік тәуекелдің ағымдағы мөлшерін білдіреді, бірақ болашақта құнның өзгеруі нәтижесінде туындауы мүмкін

«КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2021 жылғы қаржылық есептілікке ескертпелер

(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)

## 22. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

### Кредиттік тәуекел (жалғасы)

#### Құнызыдануды бағалау

Компания тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның шамаланған мәнін пайдалана отырып дисконтталатын ақшалай қаражаттың күтілетін толық алынбаған сомасын бағалау үшін макроэкономикалық фактордың әсеріне түзетілген миграция матрицалары негізінде ККЗ-ны топтық негізде есептейді. Ақша қаражатын толық алмау – шартқа сәйкес ұйымға тиесілі ақша ағыны мен ұйым аламын деп күтетін ақша ағыны арасындағы айырмашылық. ККЗ-ны есептеу механикасы төменде сипатталған, ал негізгі элементтер мыналар:

Дефолт ықтималдығы (PD)

Дефолт ықтималдығы берілген уақыт аралығында дефолттың пайда болу ықтималдығын есептеу. Дефолт, егер активті тану тоқтатылмаса және ол әлі де портфельдің бөлігі болса, қарастырылып отырған кезең ішінде белгілі бір уақытта ғана орын алуы мүмкін.

Дефолт тәуекеліне ұшырайтын шама (EAD)

Дефолт тәуекеліне ұшыраған шама берілген қарызды және төлемнің мерзімін өткізу нәтижесінде есептелген пайыздарды өтеуден күтілетін шартта немесе өзгеше түрде көзделген борыш пен пайыздардың негізгі сомасын төлеуді қоса алғанда, есепті күннен кейін осы шаманың күтілетін өзгерістерін ескере отырып, болашақта қандай да бір күнге дефолтқа ұшыраған шаманың есептік бағасын білдіреді.

Дефолт кезінде шығын деңгейі (LGD)

Дефолт кезіндегі шығындар деңгейі белгілі бір уақытта дефолт туындаған жағдайда пайда болатын шығындардың есептік бағасын білдіреді. Бұл көрсеткіш шартта көзделген ақша ағындары мен кредитор алуды күтетін, оның ішінде қамтамасыз етуді іске асыру нәтижесінде алуды күтетін ақша ағындары арасындағы айырма негізге алына отырып есептеледі. Әдетте EAD -ға қатысты пайызбен көрсетіледі.

Егер бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекел елеулі түрде ұлғайған болса, ККЗ-ға арналған бағалау резерві активтің қолданылу мерзімі ішінде пайда болуы күтілетін кредиттік залалдар негізінде есептеледі (бүкіл мерзім үшін күтілетін кредиттік залалдар немесе бүкіл мерзім үшін ККЗ), олай болмаған жағдайда бағалау резерві күтілетін 12 айлық кредиттік залалдарға (12 айлық ККЗ) тең сомада есептеледі. 12 айлық ККЗ – есепті күннен кейін 12 ай ішінде мүмкін болатын қаржы құралы бойынша дефолттар салдарында туындайтын ККЗ-ны білдіретін бүкіл мерзім ішінде ККЗ-ның бөлігі. Барлық мерзімдегі ККЗ және 12 айлық ККЗ қаржы құралдарының базалық портфелінің сипатына қарай жеке негізде немесе топтық негізде есептеледі.

«КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

2021 жылғы қаржылық есептілікке ескертпелер

(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)

## 22. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

### Кредиттік тәуекел (жалғасы)

#### Құнсыздануды бағалау

Дефолт кезінде шығын деңгейі (LGD) (жалғасы)

Компания қаржы құралының қалған қолданылу мерзімі ішінде дефолт басталу тәуекелінің өзгерістерін есепке алу жолымен бастапқы тану сәтінен бастап қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы болған-болмағанына қатысты әрбір есепті кезеңнің соңында бағалауды жүзеге асыру үшін әдістемені әзірледі. Жоғарыда сипатталған процестің негізінде Компания өзі берген кредиттерді мына топтарға біріктіреді:

- 1-кезең: кредитті бастапқы тану кезінде Компания бағалау резервін 12 айлық ККЗ-ға тең сомада таниды. 1-кезеңге сондай-ақ кредиттік тәуекелі 2 және/немесе 3-кезеңнен ауыстырылған дәрежеге дейін төмендеген кредиттер және басқа да кредиттік желілер жатады.
- 2-кезең: егер кредит бойынша кредиттік тәуекел бастапқы танылған сәттен бастап айтарлықтай ұлғайған болса, Компания бағалау резервін бүкіл мерзім ішінде ККЗ-ға тең сомада таниды. 2-кезеңге сондай-ақ кредиттік тәуекелі 3-кезеңнен ауыстырылған дәрежеге дейін төмендетілген кредиттер мен басқа да кредиттік желілер жатады.
- 3-кезең: кредиттік-құнсызданған болып табылатын кредиттер, Компания бағалау резервін бүкіл мерзім ішінде ККЗ-ға тең сомада таниды.
- СҚКҚ: сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған (СҚКҚ) активтер – бұл бастапқы тану сәтінде кредиттік құнсыздану болған қаржылық активтер. СҚКҚ-ны бастапқы тану кезінде активтер әділ құны бойынша бағаланады және кейіннен кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып есептелген пайыздық түсім танылады. ККЗ арналған бағалау резерві бүкіл мерзім ішінде ККЗ сомасының кейіннен өзгеруі болған көлемде ғана танылады немесе танылуын тоқтатады. 2021 және 2020 жылдары және 2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияда клиенттерге берілген СҚКҚ кредиттері болған жоқ.

Дефолт пен сауығуды анықтау

Компания қаржы құралы бойынша дефолт болды деп есептейді, сондықтан кез келген жағдайда, ККЗ есептеу мақсаттары үшін оны 3-кезеңге (кредиттік-құнсызданған активтер) жатқызады:

- қарыз алушының шартта көзделген төлемдерді 90 күнге кешіктіруі;
- қарыз алушының қайтыс болуы;
- кредитті өтеу қамтамасыз етуді сату нәтижесінде күтілетін кезде қамтамасыз ету құнының айтарлықтай төмендеуі;
- қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауына не сотқа талап-арыз беруге байланысты кредит бойынша номиналды сыйақыны есептеуді тоқтата тұру;
- қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауына байланысты кредитті қайта құрылымдау;
- борышкер (немесе борышкер тобының құрамындағы заңды тұлға) банкроттық туралы өтініш берді немесе өзін банкрот деп жариялады.

«КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

2021 жылғы қаржылық есептілікке ескертпелер

(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)

## 22. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

### Кредиттік тәуекел (жалғасы)

#### Құнсыздануды бағалау

Дефолт пен сауығуды анықтау (жалғасы)

Компания банктердегі қаражатқа қатысты дефолт болды деп есептейді және егер операциялық күн жабылған сәтте банктің сыйақыны және депозиттің негізгі сомасын төлеу бойынша міндеттемелерін орындамауы, сондай-ақ Компанияның төлем тапсырмаларына сәйкес ақша қаражатын аударуды 60 күннен артық орындамауы, сондай-ақ депозиттік және ағымдағы шоттарда қалдықтары бар екінші деңгейдегі банктердің банктің кредиттік рейтингінің төмендеуі тіркелсе, оны жою бойынша дереу шаралар қабылдайды.

Компанияның саясатына сәйкес қаржы құралдары «сауыққан» деп саналады, сондықтан дефолт белгілерінің ешқайсысы қатарынан кемінде екі ай бойы байқалмаған кезде 3-кезеңнен ауыстырылады.

Дефолт тәуекеліне ұшырайтын шама

Дефолт тәуекеліне ұшырайтын шама (EAD) құнсыздану мәніне бағалауға жататын қаржы құралдарының жалпы баланстық құнын білдіреді және клиенттің дефолтқа жақындаған кезде өзінің берешегін ұлғайту қабілетін де, мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігін де көрсетеді. 1-кезеңнің кредиттері үшін EAD есептеу үшін Компания 12 айлық ККЗ бағалау үшін 12 ай ішінде дефолт ықтималдығын бағалайды. 2-кезең, 3-кезең активтері және СҚКҚ қаржылық активтері үшін EAD көрсеткіші құралдың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде болуы мүмкін оқиғалар үшін қаралады.

Компания EAD көрсеткішін өнім тұрғысынан EAD орташа коэффициентін анықтау үшін әр кредит бойынша алдыңғы өтеу туралы статистикалық ақпаратты талдау арқылы анықтайды. Содан кейін, сегменттеу аймағына және өнімге байланысты, әр кредитке көші-қон матрицалары негізінде дефолт ықтималдығын есептеу моделіне сәйкес PD көрсеткіштері беріледі.

Микрокредиттік желіні беру туралы келісімге сәйкес Компания кез келген қолайсыз жағдайлар туындаған жағдайда шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы. Осылайша, келісімдер компания тарапынан қарыз беру жөнінде нақты міндеттеме бермейді. Осындай кредиттік желілерге ККЗ арналған резервті бағалау нақты берілген транш бойынша ғана жүргізіледі.

Кредиттер бойынша ККЗ дисконтоау үшін пайдаланылатын пайыздық мөлшерлеме орташа тиімді пайыздық мөлшерлемеге негізделген, ол тәуекелге ұшыраудың күтілетін кезеңі ішінде қолданылады деп күтіледі.

Дефолт кезінде шығын деңгейі

LGD деңгейлері активтердің барлық сыныптары үшін бағаланады. LGD көрсеткішін тәуекелдерді басқару бөлімшесінің мамандары жылжып кезінде бір рет бағалайды және резервті бағалау модельдерінің валидация нәтижелері негізінде Компания Басқармасы қайта қарайды және бекітеді.

Кредиттік тәуекелді бағалау LGD бағалаудың стандартты моделіне негізделеді. Бұл LGD деңгейлері қарызды өндіріп алу нәтижесінде қалпына келтірілетін немесе іске асырылатын сомалармен салыстырғанда күтілетін EAD көрсеткішін ескереді.

Компания LGD бағалау үшін өнім түрлері бойынша сегменттелген дефолттық кредиттерді қайтару бойынша тарихи деректерді пайдаланады. Компания кепілді сатумен сирек кездеседі, осыған байланысты LGD моделінде Компания оны жүзеге асырудан күтілетін ақша ағындарын пайдаланбайды, бірақ дефолттан кейін қарыз алушылар жасаған статистикалық өтемақаларды пайдаланады. Макроэкономикалық факторларды талдау LGD-нің макроэкономикадан сызықтық корреляциясының жоқтығын көрсетті. Географиялық белгісі, сондай-ақ қамтамасыз ету түрі бойынша сегменттеу тиісті статистикалық нәтиже бермейді, дегенмен, LGD моделі модельдің дәлдігін жақсартуға қабілетті жана тәуелділіктер мен сегменттердің болуын анықтау мақсатында валидацияның жыл сайынғы стандартты процесінен өтеді.

«КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

2021 жылғы қаржылық есептілікке ескертпелер

(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)

## 22. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

### Кредиттік тәуекел (жалғасы)

#### Құнсыздануды бағалау (жалғасы)

Кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсуі

Құрал немесе құралдар портфелі бойынша құнсыздануға арналған бағалау резервін қандай сомада құру қажет екенін анықтау үшін (яғни, 12 айлық ККЗ немесе бүкіл мерзімге ККЗ), Компания бастапқы танылған сәттен бастап осы құрал немесе құралдар портфелі бойынша кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсуін талдайды. Компания қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекел бастапқы танылған сәттен бастап айтарлықтай өсті деп есептейді, егер:

- шартта көзделген төлемдер 30 күннен астам мерзімге кешіктірілсе;
- коммерциялық, қаржылық немесе экономикалық жағдайлардың қолданыстағы немесе болжанып отырған қолайсыз өзгерістері, олар қарыз алушының қарыз міндеттемелерін орындау қабілетінің айтарлықтай өзгеруіне әкеледі деп күтілсе;
- қарыз алушы қызметінің нормативтік-құқықтық, экономикалық немесе технологиялық жағдайлары нақты немесе күтілетіндей қолайсыз өзгерсе және т. б.;
- депозиттік және ағымдағы шоттарда қалдықтары бар екінші деңгейдегі банктің кредиттік рейтингі «ССС» деңгейіне дейін төмендесе;
- банк сыйақыны және депозиттің негізгі сомасын төлеу бойынша міндеттемелерін орындамаса, сондай-ақ компанияның төлем тапсырмаларына сәйкес ақша қаражатын аударуды 30 күннен артық орындамаса.

2021 жылы Компания кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуының көрсеткіштерін қайта қарады және мемлекеттік қолдау шараларын жүзеге асыру нәтижесінде кредит өзгертілген жағдайда кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өскені туралы автоматты қорытынды жасамады.

Бағалау топтық негізде жүзеге асырылатын қаржы активтерін топтастыру

Төменде көрсетілген факторларға байланысты Компания ККЗ-ны жеке немесе топтық негізде есептейді.

Компания ККЗ-ды жеке негізде есептейтін активтер кластарына мыналар жатады:

- қазынашылық және банкаралық қатынастар (мысалы, банктердегі қаражат және ақша қаражатының баламалары);
- бастапқы қарызды тану және борышты қайта құрылымдау нәтижесінде жаңа қарызды тану тоқтатылған сәтте СҚКҚ ретінде жіктелген қаржы активтері.

3-кезеңнің жеке елеулі кредиттері, сондай-ақ басқа қаржы институттарында орналастырылған активтер сценарий талдауы ескеріле отырып, құнсыздану тұрғысынан бағаланады.

Активтердің қалған барлық сыныптары бойынша компания ККЗ-ды топтық негізде есептейді.

Компания осы қаржы активтерін кредиттердің ішкі және сыртқы сипаттамаларына, мысалы, қарыз алушы өз қызметін жүзеге асыратын өнім түріне немесе салаға байланысты біртекті топтарға біріктіреді.

Болжамдық ақпарат және көптеген экономикалық сценарийлер

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ККЗ арналған резервтерді есептеу мақсаттары үшін Компания мыналарды назарға алды:

- халыққа және бизнеске мемлекеттік қолдау шаралары;
- экономикалық орта өзгеруінің экономиканың түрлі салаларына әсері;
- ЖІӨ өзгеруінің жаңартылған болжамы.

Болжамды ақпаратты алу үшін Компания сыртқы көздерден (сыртқы рейтингтік агенттіктер, мемлекеттік органдар, мысалы, орталық банктер және халықаралық қаржы ұйымдары) алынған деректерді пайдаланады.





«КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

2021 жылғы қаржылық есептілікке ескертпелер

(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)

## 22. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

### Кредиттік тәуекел (жалғасы)

#### Қаржы активтерінің сыныптары бойынша кредиттік сапа (жалғасы)

Төлемдерді кейінге қалдыру және жеңілдікпен қаржыландыру (жалғасы)

Төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты жеке тұлғаларды және шағын және орта бизнес өкілдерін қолдау (жалғасы)

Төмендегі кестеде 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде берілген төлемдерді кейінге қалдыру қолданылған клиенттерге берілетін кредиттерге қатысты кезеңдер бөлінісінде жалпы баланстық күн және тиісті ККЗ берілген:

	1-кезең	2-кезең	3-кезең	Жиын
<b>Төлемдерді кейінге қалдыру</b>				
<b>Болике саудаға, қызметтерге және өндіріске берілген кредиттер</b>				
Жалпы баланстық күн ККЗ	21.347.719 (271.605)	859.969 (394.429)	1.712.302 (1.074.167)	<b>23.919.990</b> <b>(1.740.201)</b>
<b>Ауыл шаруашылығына кредит беру</b>				
Жалпы баланстық күн ККЗ	12.305.471 (81.919)	541.850 (217.733)	677.071 (380.658)	<b>13.524.392</b> <b>(680.310)</b>
<b>Тұтынушылық кредит беру</b>				
Жалпы баланстық күн ККЗ	2.827.017 (21.803)	68.911 (21.701)	254.359 (123.801)	<b>3.150.287</b> <b>(167.305)</b>
<b>Жиын</b>				
Жалпы баланстық күн ККЗ	36.480.207 (375.327)	1.470.730 (633.863)	2.643.732 (1.578.626)	<b>40.594.669</b> <b>(2.587.816)</b>

Неттинг туралы бас келісімдерді және қамтамасыз етуді ұсыну туралы келісімдерді пайдалану салдарынан тәуекелді төмендетудің әсерін есепке алмағанда, туынды құралдарды қоса алғанда, қаржылық жағдай туралы есеп баптарының баланстық құны осы баптар бойынша кредиттік тәуекелдің ең жоғары мөлшерін барынша дәл көрсетеді.

Әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы құралдары бойынша олардың баланстық құны кредиттік тәуекелдің ағымдағы мөлшерін білдіреді, бірақ болашақта құнның өзгеруі нәтижесінде туындауы мүмкін тәуекелдің ең жоғары мөлшерін білдірмейді.

Қаржы құралдарының әрбір сыныбы бойынша кредиттік тәуекелдің ең жоғары мөлшері туралы толық ақпарат жекелеген ескертпелерде берілген.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жоғарыда көрсетілген мемлекеттік қолдау бағдарламалары аяқталды.

«КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

2021 жылғы қаржылық есептілікке ескертпелер

(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)

## 22. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

### Кредиттік тәуекел (жалғасы)

#### Қаржы активтерінің сыныптары бойынша кредиттік сапа (жалғасы)

Төменде Компанияның қаржылық активтері мен міндеттемелерінің географиялық белгісі бойынша шоғырлануы берілген:

	2021 жылғы 31 желтоқсан			2020 жылғы 31 желтоқсан		
	Қазақстан	ӘБДҰ	ТМД және басқа елдер	Қазақстан	ӘБДҰ	ТМД және басқа елдер
<b>Активтер</b>						
Ақша қаражаты және оның баламалары	6.257.217	–	–	6.257.217	4.815.542	–
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	23.854	–	–	23.854	23.608	–
Туынды қаржы активтері	–	485.041	–	485.041	–	187.845
Клиенттерге берілген кредиттер	161.753.081	–	–	161.753.081	136.313.739	–
Инвестициялық бағалы қағаздар	4.663.222	–	–	4.663.222	4.116.045	–
Өзге қаржы активтері	66.046	–	–	66.046	68.174	–
	<b>172.763.420</b>	<b>485.041</b>	<b>–</b>	<b>173.248.461</b>	<b>145.337.108</b>	<b>187.845</b>
<b>Міндеттемелер</b>						
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	34.418.076	89.480.873	–	123.898.949	14.253.484	87.574.508
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	10.370.322	–	–	10.370.322	–	–
Жалдау шарттары бойынша міндеттемелер	608.268	–	–	608.268	582.407	–
Өзге қаржы міндеттемелері	4.605.021	2.455	1.340	4.608.816	3.608.443	–
	<b>50.001.687</b>	<b>89.483.328</b>	<b>1.340</b>	<b>139.486.355</b>	<b>18.444.334</b>	<b>87.574.508</b>
<b>Активтер/(міндетте мелер) бойынша нетто-позиция</b>	<b>122.761.733</b>	<b>(88.998.287)</b>	<b>(1.340)</b>	<b>33.762.106</b>	<b>126.892.774</b>	<b>(87.386.663)</b>
						<b>–</b>
						<b>39.506.111</b>

«КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

2021 жылғы қаржылық есептілікке ескертпелер

(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)

## 22. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

### Кредиттік тәуекел (жалғасы)

#### Қаржы активтерінің сыныптары бойынша кредиттік сапа (жалғасы)

Операциялық тәуекел

Операциялық тәуекел – бұл жүйелік іркілік, қызметкерлердің қателері, алаяқтық немесе сыртқы оқиғалар салдарынан туындайтын тәуекел. Бақылау жүйесі жұмысын тоқтатқан кезде операциялық тәуекелдер компания беделіне нұқсан келтіруі, құқықтық салдарға алып келуі немесе қаржылық залалдарға әкелуі мүмкін. Компания барлық операциялық тәуекелдер жойылды деген болжам жасай алмайды, бірақ бақылау жүйесі және ықтимал тәуекелдерге тиісті шаралар қабылдау арқылы Компания осындай тәуекелдерді басқара алады. Бақылау жүйесі міндеттерді тиімді бөледі, қол жеткізу құқықтарын, бекіту және салыстыру рәсімдерін, персоналды оқытуды, сондай-ақ ішкі бақылауды (аудитті) қоса алғанда, бағалау рәсімдерін көздейді.

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі – бұл есеп айырысулар ақша қаражатын немесе басқа қаржы активін беру арқылы жүзеге асырылатын қаржылық міндеттемелерді орындау бойынша Компанияда қиындықтар туындауы мүмкін тәуекел. Өтімділік тәуекелі активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдері бойынша сәйкес келмеген кезде туындайды. Өтеу мерзімдері мен активтер мен міндеттемелердің пайыздық мөлшерлемелері бойынша сәйкес келуі және/немесе бақыланатын сәйкес келмеуі өтімділік тәуекелін басқаруда негізге алынатын сәт болып табылады. Жүргізілетін операциялардың аулан түрлілігіне және олармен байланысты белгісіздікке байланысты активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдері бойынша толық сәйкестік қаржы институттары үшін әдеттегі практика болып табылмайды, бұл операциялардың кірістілігін арттыруға мүмкіндік береді, алайда залалдардың туындау тәуекелін арттырады.

Компания міндеттемелерді өтеу мерзімінің басталуына қарай барлық міндеттемелерді орындау үшін қажетті ақша қаражатының тұрақты болуын қамтамасыз ету мақсатында өтімділіктің қажетті деңгейін қолдайды. Өтімділікті басқару жөніндегі саясатты Басқарма қарайды және бекітеді.

Компания басқа банктердің ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кредиттерінен тұратын қаржыландыру көздерінің әртарапандырылған және тұрақты құрылымын, сондай-ақ Компанияның өтімділікке қатысты күтпеген талаптарға жедел және күрт ауытқуларсыз ден қоюға қабілетті болуы үшін жоғары өтімді активтердің әртарапандырылған портфелін белсенді қолдауға ұмтылады.

Өтімділікті басқару саясаты мыналардан тұрады:

- негізгі валюталар бөлінісінде ақша қаражатының ағынын болжау және өтімді активтердің қажетті деңгейін ақша қаражатының осы ағындарымен байланысты есептеу;
- қаржыландыру көздерінің әртарапандырылған құрылымын қолдау;
- қарыз қаражатының шоғырлануы мен құрылымын басқару;
- қарыз қаражаты есебінен қаржыландыруды тарту бойынша жоспарларды әзірлеу;
- қасалық өтімділік бұзылған жағдайда қорғау шарасы ретінде еркін іске асыруға болатын жоғары өтімді активтер портфелін қолдау;
- өтімділікті және қаржыландырудың белгіленген деңгейін қолдау бойынша резервтік жоспарларды әзірлеу;
- өтімділік көрсеткіштерінің заңнамалық белгіленген нормативтерге сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру.



«КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

2020 жылғы қаржылық есептілікке ескертпелер

(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)

## 22. Тәуекелдерді басқару (жалғасы)

### Өтімділік тәуекелі (жалғасы)

#### Өтеуге дейін қалған мерзімдер бойынша қаржылық міндеттемелерді талдау

Төмендегі кестелерде өтеу бойынша дисконтталмаған шарттық міндеттемелер негізінде өтеуге дейін қалған мерзімдер бөлінісінде 31 желтоқсандағы жағдай бойынша компанияның қаржылық міндеттемелері көрсетілген:

	Талап етілгенге дейін және 1 айдан аз					Жиыны
	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін		
<b>2021 жылғы 31 желтоқсан</b>						
<b>Қаржы міндеттемелері</b>						
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	7.178.064	12.790.318	19.384.814	35.592.386	65.572.033	140.517.615
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	–	649.791	–	649.791	11.299.525	12.599.107
Жалдау шарттары бойынша міндеттемелер	29.577	86.861	86.101	161.792	366.393	730.724
Өзге қаржы міндеттемелері	3.955.246	134.011	137.490	287.074	149.759	4.663.580
<b>Дисконтталмаған қаржы міндеттемелерінің жиыны</b>	<b>11.162.887</b>	<b>13.660.981</b>	<b>19.608.405</b>	<b>36.691.043</b>	<b>77.387.710</b>	<b>158.511.026</b>
	Талап етілгенге дейін және 1 айдан аз					
	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін		Жиыны
<b>2020 жылғы 31 желтоқсан</b>						
<b>Қаржы міндеттемелері</b>						
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	3.180.824	12.412.490	14.461.602	29.673.930	59.796.071	119.524.917
Жалдау шарттары бойынша міндеттемелер	31.649	94.097	88.855	153.003	342.078	709.682
Өзге қаржы міндеттемелері	1.540.336	178.007	986.357	250.173	653.570	3.608.443
<b>Дисконтталмаған қаржы міндеттемелерінің жиыны</b>	<b>4.752.809</b>	<b>12.684.594</b>	<b>15.536.814</b>	<b>30.077.106</b>	<b>60.791.719</b>	<b>123.843.042</b>

56

«КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

2021 жылғы қаржылық есептілікке ескертпелер

(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)

## 23. Әділ құнды бағалау

Әділ құнды бағалау бағалау күнінде нарыққа қатысушылар арасында ұйымдастырылған нарықта жүзеге асырылатын операция жағдайларында активті сату кезінде алынатын немесе міндеттемені беру кезінде төленетін бағаны айқындауға бағытталған. Алайда, белгісіздік пен субъективті пайымдауды ескере отырып, әділ құн активтерді дереу сату немесе міндеттемелерді беру аясында жүзеге асырылатын ретінде түсіндірілмеуі керек.

Қаржы активтері мен міндеттемелерінің болжамды әділ құны есепті күнгі жағдай бойынша ұқсас құралдар бойынша болжанатын болашақ ақша қаражатының ағындары және дисконттау мөлшерлемелері негізінде ақша қаражатының ағындарын дисконттау әдістерін пайдалану жолымен есептеледі.

### Әділ құнды бағалау иерархиясы

Әділ құн туралы ақпаратты ашу мақсатында Компания актив немесе міндеттеме бойынша табиғаты, сипаттамалары мен тәуекелдері негізінде активтер мен міндеттемелер кластарын, сондай-ақ әділ құн көздері иерархиясының деңгейін айқындайды.

	Бағалау күні	Белсенді нарықтардағы	Айтарлықтай байқалатын	Айтарлықтай байқалатын	Жиыны
		белгілеулер (1-деңгей)	бастапқы деректер (2-деңгей)	бастапқы деректер (3-деңгей)	
<b>2021 жылғы 31 желтоқсан</b>					
<b>Әділ құны бойынша бағаланатын активтер</b>					
Инвестициялық бағалы қағаздар	2021 жылғы 31 желтоқсан	4.663.222	–	–	4.663.222
Туынды қаржы активтері	2021 жылғы 31 желтоқсан	–	485.041	–	485.041
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	2021 жылғы 15 желтоқсан	–	–	66.958	66.958
<b>Әділ құны жарияланатын активтер</b>					
Ақша қаражаты және оның баламалары	2021 жылғы 31 желтоқсан	–	6.257.217	–	6.257.217
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	2021 жылғы 31 желтоқсан	–	23.854	–	23.854
Клиенттерге берілген кредиттер	2021 жылғы 31 желтоқсан	–	–	161.489.975	161.489.975
Өзге қаржы активтері	2021 жылғы 31 желтоқсан	–	–	66.046	66.046
<b>Әділ құны жарияланатын міндеттемелер</b>					
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	2021 жылғы 31 желтоқсан	–	121.475.815	–	121.475.815
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	2021 жылғы 31 желтоқсан	–	10.370.322	–	10.370.322
Жалдау шарттары бойынша міндеттемелер	2021 жылғы 31 желтоқсан	–	–	608.268	608.268
Өзге қаржы міндеттемелері	2021 жылғы 31 желтоқсан	–	–	4.608.816	4.608.816

57



«КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

2021 жылғы қаржылық есептілікке ескертпелер

(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)

### 23. Әділ құнды бағалау (жалғасы)

#### Әділ құнды бағалау иерархиясы (жалғасы)

	Бағалау күні	Белсенді	Айтарлықтай	Айтарлықтай	Жиыны
		нарықтардағы	байқалатын	байқалатын	
		баға	бастапқы	бастапқы	
		белгілеулер	деректер	деректер	
		(1-деңгей)	(2-деңгей)	(3-деңгей)	
<b>2020 жылғы 31 желтоқсан</b>					
<b>Әділ құны бойынша бағаланатын активтер</b>					
Инвестициялық бағалы қағаздар	2020 жылғы 31 желтоқсан	2.090.882	2.025.163	–	4.116.045
Туынды қаржы активтері	2020 жылғы 31 желтоқсан	–	187.845	–	187.845
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	2020 жылғы 1 желтоқсан	–	–	52.992	52.992
<b>Әділ құны жарияланатын активтер</b>					
Ақша қаражаты және оның баламалары	2020 жылғы 31 желтоқсан	–	4.815.542	–	4.815.542
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	2020 жылғы 31 желтоқсан	–	23.608	–	23.608
Клиенттерге берілген кредиттер	2020 жылғы 31 желтоқсан	–	–	136.263.870	136.263.870
Өзге қаржы активтері	2020 жылғы 31 желтоқсан	–	–	68.174	68.174
<b>Әділ құны жарияланатын міндеттемелер</b>					
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	2020 жылғы 31 желтоқсан	–	98.082.671	–	98.082.671
Жалдау шарттары бойынша міндеттемелер	2020 жылғы 31 желтоқсан	–	–	582.407	582.407
Өзге қаржы міндеттемелері	2020 жылғы 31 желтоқсан	–	–	3.608.443	3.608.443

2021 және 2020 жылдар ішінде Компания қаржы құралдары үшін әділ құнның иерархиялық моделінің деңгейлері арасында аударымдарды жүзеге асырған жоқ.

«КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

2021 жылғы қаржылық есептілікке ескертпелер

(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)

### 23. Әділ құнды бағалау (жалғасы)

#### Әділ құны бойынша ескерілмейтін қаржы активтері мен міндеттемелерінің әділ құны

Төменде қаржылық жағдай туралы есепте әділ құн бойынша көрсетілмейтін Компанияның қаржы құралдарының сыныптары бөлінісінде баланстық құны мен әділ құнын салыстыру келтіріледі. Кестеде қаржылық емес активтердің және қаржылық емес міндеттемелердің әділ құнының мәні келтірілмейді.

	2021 жылғы 31 желтоқсан			2020 жылғы 31 желтоқсан		
	Мойындалма		Мойындалма	Мойындалма		Мойындалма
	Баланстық	Әділ құн		Баланстық	Әділ құн	
	құн	құн	құн	құн	құн	
<b>Қаржы активтері</b>						
Ақша қаражаты және оның баламалары	6.257.217	6.257.217	–	4.815.542	4.815.542	
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	23.854	23.854	–	23.608	23.608	
Клиенттерге берілген кредиттер	161.753.081	161.489.975	(263.106)	136.313.739	136.263.870	
Өзге қаржы активтері	66.046	66.046	–	68.174	68.174	
<b>Қаржы міндеттемелері</b>						
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	123.898.949	121.475.815	2.423.134	101.827.992	98.082.671	
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	10.370.322	10.370.322	–	–	–	
Жалдау шарттары бойынша міндеттемелер	608.268	608.268	–	582.407	582.407	
Өзге қаржы міндеттемелері	4.608.816	4.608.816	–	3.608.443	3.608.443	
<b>Әділ құнды мойындалмаған өзгерістің жиыны</b>		<b>2.160.028</b>		<b>3.695.452</b>		

#### Бағалау әдістемелері және жол беру

Бұдан әрі осы қаржылық есептілікте әділ құн бойынша көрсетілмеген қаржы құралдарының әділ құнын айқындау кезінде пайдаланылған әдістемелер мен жол берулер сипатталған.

Әділ құны шамамен активтердің баланстық құнына тең активтер

Өтімді болып табылатын немесе өтеу мерзімі қысқа (үш айдан кем) қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер жағдайында олардың баланстық құны шамамен әділ құнға тең болуына жол беріледі. Жол беру талап етілгенге дейінгі салымдарға және белгіленген өтеу мерзімі жоқ жинақ шоттарына да қолданылады.

Туынды құралдар

Бастапқы деректері нарықта байқалатын, құны бағалау әдістерінің көмегімен анықталатын туынды құралдар негізінен валюталық своптар болып табылады. Бағалаудың жиі қолданылатын әдістемелеріне келтірілген құнның есептеулерін пайдаланатын своптардың бағасын анықтау модельдері кіреді. Модельдер әртүрлі бастапқы деректерді, соның ішінде контрагенттердің кредиттік сапасын, форвардтық және спот-бағамдарды, сондай-ақ пайыздық мөлшерлемелер қисықтарын біріктіреді.

Инвестициялық бағалы қағаздар

Баға белгіленетін облигациялардың әділ құны есепті күнгі баға белгіленімдеріне негізделеді.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер және қаржылық міндеттемелер

Клиенттерге берілетін кредиттерді, кредиттік ұйымдардағы қаражатты, кредиттік ұйымдардың қаражатын және жалдау шарттары бойынша міндеттемелерді, сондай-ақ өзге де қаржы активтері мен міндеттемелерді қоса алғанда, кейбір құралдардың әділ құны ұқсас талаптары, кредиттік тәуекелі және өтеу мерзімі бар берешек бойынша бағалау күніне қолда бар мөлшерлемелерді пайдалана отырып, ақша қаражатының болашақ ағындарын дисконттау арқылы бағаланады.

«КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

2021 жылғы қаржылық есептілікке ескертпелер

(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)

### 24. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерін талдау

Төмендегі кестеде өтеудің күтілетін мерзімдері бөлінісінде активтер мен міндеттемелер берілген. Компанияның өтеу жөніндегі шарттық дисконтталмаған міндеттемелері туралы ақпарат 22-ескертемеде жарияланған.

	2021 жылғы 31 желтоқсан			2020 жылғы 31 желтоқсан		
	Бір жылдың ішінде	Бір жылдан астам	Жиыны	Бір жылдың ішінде	Бір жылдан астам	Жиыны
Ақша қаражаты және оның баламалары	6.257.217	–	6.257.217	4.815.542	–	4.815.542
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	23.854	–	23.854	23.608	–	23.608
Туынды қаржы активтері	–	485.041	485.041	–	187.845	187.845
Клиенттерге берілген кредиттер	61.449.652	100.303.429	161.753.081	56.084.990	80.228.749	136.313.739
Инвестициялық бағалы қағаздар	191.818	4.471.404	4.663.222	4.116.045	–	4.116.045
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	–	66.958	66.958	–	52.992	52.992
Негізгі құралдар	–	7.615.716	7.615.716	–	7.304.210	7.304.210
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер	–	555.282	555.282	–	526.822	526.822
Материалдық емес активтер	–	469.539	469.539	–	432.678	432.678
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	256.837	–	256.837	43.539	–	43.539
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	–	113.880	113.880	–	–	–
Өзге активтер	663.270	1.231	664.501	489.986	–	489.986
<b>Жиыны</b>	<b>68.842.648</b>	<b>114.082.480</b>	<b>182.925.128</b>	<b>65.573.710</b>	<b>88.733.296</b>	<b>154.307.006</b>
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	65.480.014	58.418.935	123.898.949	49.865.412	51.962.580	101.827.992
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	404.322	9.966.000	10.370.322	–	–	–
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер	–	–	–	–	30.834	30.834
Жалдау шарттары бойынша міндеттемелер	271.788	336.480	608.268	280.199	302.208	582.407
Өзге міндеттемелер	5.456.278	138.807	5.595.085	3.667.997	653.570	4.321.567
<b>Жиыны</b>	<b>71.612.402</b>	<b>68.860.222</b>	<b>140.472.624</b>	<b>53.813.608</b>	<b>52.949.192</b>	<b>106.762.800</b>
<b>Нетто позиция</b>	<b>(2.769.754)</b>	<b>45.222.258</b>	<b>42.452.504</b>	<b>11.760.102</b>	<b>35.784.104</b>	<b>47.544.206</b>

### 25. Байланысты тараптармен операциялар

«Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу» 24 ХҚЕС (IAS) сәйкес бір тарап екінші тараптың операциялық және қаржылық шешімдерін бақылауға немесе елеулі дәрежеде ықпал етуге мүмкіндігі болса, байланысты тараптар деп есептеледі. Тараптардың бір-бірімен байланысты екендігі туралы мәселені шешу кезінде олардың заңды нысаны ғана емес, тараптар арасындағы қатынастардың мазмұны да ескеріледі.

Байланысты тараптар байланысты емес тараптар арасында жүргізілмейтін мәмілелерге кіруі мүмкін. Мұндай мәмілелердің бағалары мен шарттары байланысты емес тараптар арасындағы мәмілелер бағалары мен шарттарынан өзгеше болуы мүмкін.

#### Ірі акционер

Компанияның ірі акционері «КМФ-Демеу» корпоративтік қоры (бұдан әрі – «Қор») болып табылады.

Қордың құрылтайшысы – «ACDI / VOCA», Америка Құрама Штаттарында тіркелген коммерциялық емес ұйым, ол сыртқы пайдаланушыларға қолжетімді қаржылық есептілікті дайындайды.

#### Акционерлермен операциялар

Басқа да байланысты тараптармен операциялар Компания акционерлерімен операцияларды қамтиды (1-Ескертпе).

«КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

2021 жылғы қаржылық есептілікке ескертпелер

(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)

## 25. Байланысты тараптармен операциялар (жалғасы)

### Акционерлермен операциялар (жалғасы)

Шоттар бойынша қалдықтар және орташа тиімді пайыздық мөлшерлемелер, сондай-ақ басқа да байланысты тараптармен операциялар бойынша тиісті пайда немесе залал:

	Акционерлер			
	2021 жылғы 31 желтоқсан	Жылдық орташа пайыздық мөлшерлеме, %	2020 жылғы 31 желтоқсан	Жылдық орташа пайыздық мөлшерлеме, %
<b>Қаржы жағдайы туралы есеп</b>				
<b>Міндеттемелер</b>				
Кредиттік ұйымдардың қаражаты, теңге	22.790.390	13,18%	8.131.840	17,17%
<b>Жиынтық кіріс туралы есеп</b>				
Пайыздық шығыстар	(2.650.696)	–	(1.272.137)	–

### Компания қатысушыларын қоса алғанда, негізгі басқарушы персонал мүшелерімен операциялар

Құрамында 9 адам бар негізгі басқарушы персоналға сыйақы:

	2021 жыл	2020 жыл
Жалақы және өзге қысқа мерзімді төлемдер	447.434	289.291
Әлеуметтік салықтар және басқа аударымдар	34.518	27.639
<b>Негізгі басқарушы персоналға берілген сыйақы жиыны</b>	<b>481.952</b>	<b>316.930</b>

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар ішінде негізгі басқарушы персонал ешқандай ақшалай емес сыйақы алған жоқ.

	2021 жылғы	Жылдық	2020 жылғы	Жылдық
	31 желтоқсан	орташа пайыздық мөлшерлеме, %	31 желтоқсан	орташа пайыздық мөлшерлеме, %
<b>Қаржы жағдайы туралы есеп</b>				
<b>Активтер</b>				
Клиенттерге берілген кредиттер	14.652	19,1%	69.099	19,44%

Компанияның қатысушыларын қоса алғанда, негізгі басқарушы персонал мүшелерімен операциялар бойынша пайданың немесе залалдың құрамына енгізілген сомалар былайша ұсынылуы мүмкін:

	2021 жыл	2020 жыл
<b>Жиынтық кіріс туралы есеп</b>		
Пайыздық кірістер	6.678	8.912

## 26. Қаржылық қызметке қатысты міндеттемелердегі өзгерістер

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі қаржылық қызметке қатысты міндеттемелер мен ақша ағындарының өзгерістерін салыстырып тексеру былайша берілген:

	2021 жылғы	Қаражатты	Бағам	2021 жылғы	
	1 қаңтар	ң таза түсуі	айырмасы	Өзге	31 желтоқсан
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	101.827.992	21.721.427	239.505	110.025	123.898.949
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	–	9.975.221	–	395.101	10.370.322
<b>Қаржылық қызметке қатысты міндеттемелер жиыны</b>	<b>101.827.992</b>	<b>31.696.648</b>	<b>239.505</b>	<b>505.126</b>	<b>134.269.271</b>

«КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

2021 жылғы қаржылық есептілікке ескертпелер

(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)

## 26. Қаржылық қызметке қатысты міндеттемелердегі өзгерістер (жалғасы)

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі қаржылық қызметке қатысты міндеттемелер мен ақша ағындарының өзгерістерін салыстырып тексеру былайша берілген:

	2021 жылғы	Қаражатты	Бағам	2020 жылғы	
	1 қаңтар	ң таза түсуі	айырмасы	Өзге	31 желтоқсан
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	106.473.047	(5.016.536)	855.636	(484.155)	101.827.992
<b>Қаржылық қызметке қатысты міндеттемелер жиыны</b>	<b>106.473.047</b>	<b>(5.016.536)</b>	<b>855.636</b>	<b>(484.155)</b>	<b>101.827.992</b>

«Басқа» бабы кредиттік ұйымдардың қаражаты бойынша есептелген, бірақ әлі төленбеген пайыздардың әсерін қамтиды. Компания төленген пайыздарды операциялық қызметтен түскен ақша ағындары ретінде жіктейді.

## 27. Капиталдың жеткіліктілігі

«Микроқаржы ұйымдары туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 26 қарашадағы заңына сәйкес Компания 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2.917 теңгеге тең (2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 2.778 теңге) 30.000 еселенген айлық есептік көрсеткіштен («АЕК») кем емес мөлшерде капитал төлеуге тиіс болды.

Бұдан басқа, белгілі бір шетелдік қаржы ұйымдарымен жасалған кредиттік келісімдердің талаптарына сәйкес Компания капиталдың жалпы активтерге арақатынасын кемінде 15% деңгейінде ұстап тұруға тиіс.

Компания өзінің қызметіне тән тәуекелдерден қорғау мақсатында капиталдың жеткіліктілігі деңгейін белсенді басқарады. Компания капиталының жеткіліктілігі басқа әдістермен қатар, Компания қызметін қадағалауды жүзеге асыру кезінде ҚРҰБ белгілеген коэффициенттерді пайдалана отырып бақыланады.

2021 және 2020 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания капиталға қатысты заңнамада белгіленген барлық сыртқы талаптарды сақтады.

Компания үшін капиталды басқарудың негізгі мақсаты Компанияның капиталға қатысты сыртқы талаптарды сақтауын қамтамасыз ету және жоғары кредиттік рейтинг пен қызметті жүзеге асыру және акционерлер үшін пайданы барынша арттыру үшін қажетті капиталдың жеткіліктілігі нормативтерін қолдау болып табылады.

Компания өз капиталының құрылымын басқарады және оны экономикалық жағдайлардағы өзгерістер мен жүзеге асырылатын қызмет түрлерінің тәуекел сипаттамалары аясында түзетеді.

ҚРҰБ микроқаржы ұйымдарынан активтердің кемінде 10% мөлшерінде 1 деңгейдегі капиталдың жеткіліктілігі коэффициентін ұстауды талап етеді. 2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанында ҚРҰБ әдіснамасы бойынша Компания капиталының жеткіліктілігі коэффициенті белгіленген минимумнан асып түсті.

31 желтоқсанға ҚРҰБ талаптарына сәйкес есептелген Компания капиталының жеткіліктілігі коэффициенті былайша берілген:

	2021 жылғы	2020 жылғы
	31 желтоқсан	31 желтоқсан
1-деңгей капиталы	42.452.504	47.544.206
Активтер жиыны	182.925.128	154.307.006
1-деңгейдегі капитал жеткіліктілігінің нормативі	0,23	0,31

«КМФ (ҚМФ)» микроқаржылық ұйымы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

2021 жылғы қаржылық есептілікке ескертпелер

(Егер өзгесі көрсетілмесе, мың теңге)

## 28. Есепті күннен кейінгі оқиғалар

2022 жылғы 2 қаңтарда Қазақстанның Маңғыстау облысында сұйылған табиғи газдың бөлшек сауда бағасының айтарлықтай өсуіне байланысты наразылық акциялары басталды. Бұл наразылықтар басқа қалаларға таралды және тәртіпсіздіктерге, мүліктің бүлінуіне және адамдардың өліміне әкелді. 2022 жылғы 5 қаңтарда Үкімет төтенше жағдай енгізді.

Жоғарыда көрсетілген наразылықтар мен төтенше жағдайды енгізу нәтижесінде Қазақстан Президенті салық заңнамасына өзгерістер енгізуді, қаржылық тұрақтылықты қолдау шараларын енгізуді, инфляция деңгейін және теңгенің айырбас бағамын бақылау мен тұрақтандыруды қоса алғанда, ықтимал шаралар туралы бірқатар жария мәлімдемелер жасады.

2022 жылғы 19 қаңтарда барлық аймақтарда төтенше жағдай алынып тасталды. Қазіргі уақытта Компанияның Үкімет қабылдауы мүмкін кез келген жаңа шаралар Компанияның қаржылық жағдайына қандай әсер ете алатынын немесе жоғарыда көрсетілген наразылықтар мен төтенше жағдайдың енгізілуі Қазақстан экономикасына қандай әсер ететінін сандық бағалауға мүмкіндігі жоқ.

2022 жылдың ақпан айында Ресей Федерациясы мен Украина арасындағы қақтығысқа байланысты АҚШ, ЕО және Ұлыбритания Ресей Федерациясына қарсы көптеген санкциялар жариялады. Бұл санкциялар Ресей Федерациясына теріс экономикалық әсер етуге бағытталған.

2022 жылғы ақпаннан бастап геосаяси шиеленістің өсуіне байланысты қор және валюта нарықтарындағы құбылмалылықтың айтарлықтай өсуі, сондай-ақ АҚШ доллары мен еуроға қатысты теңге бағамының айтарлықтай төмендеуі байқалады. 2022 жылғы 24 ақпанда ҚРҰБ ақша-кредит саясаты комитеті базалық мөлшерлемені +/-1% пайыздық дәлізімен жылдық 13,5%-ға дейін арттыру туралы кезектен тыс шешім қабылдады.

Компания осы оқиғаларды есепті кезеңнен кейінгі түзетілмейтін оқиғалар ретінде бағалайды, олардың сандық әсерін ағымдағы сәтте жеткілікті дәрежеде сенімділікпен бағалау мүмкін емес.

Қазіргі уақытта Компания басшылығы өзгеріп отырған микро- және макроэкономикалық жағдайлардың Компанияның қаржылық жағдайы мен қызметінің нәтижелеріне ықтимал әсеріне талдау жүргізеді.

## МЕКЕНЖАЙЛАР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР

---

### Тіркеушінің деректемелері:

«Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ

Алматы қ.: +7 (727) 262 08 46, 355 47 60

Нұр-Сұлтан қ.: +7 (717) 247 67 50

Шұғыл желі: 8 800 080 86 68 (Қазақстан Республикасы бойынша қала және ұялы телефоннан қоңырау шалу тегін)

Электрондық пошта: [csmail@kacd.kz](mailto:csmail@kacd.kz), [ofa@kacd.kz](mailto:ofa@kacd.kz)

### Бас кеңсе:

050040, Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі, 30/8, 163 тұрғын емес жай

Ресми сайт: [www.kacd.kz](http://www.kacd.kz)

### Аудитордың деректемелері:

«Эрнст энд Янг» ЖШС,

Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» бизнес орталығы,

Тел.: +7 (727) 258 59 60

Ресми сайт: [www.ey.com](http://www.ey.com)

### Корпоративтік хатшы:

Калилаева Роза Оразбековна

Алматы қаласы, Назарбаев даңғылы, 50, +7 (727) 331-74-74, ішкі 102

[roza.kalilayeva@kmf.kz](mailto:roza.kalilayeva@kmf.kz)

<https://kmf.kz/>

### Қазынашылық басқармасы:

Скуфаляриси Елена Христофоровна

Қазынашылық басқармасының менеджері

Алматы қаласы, Назарбаев даңғылы, +7 (727) 331-74-74, ішкі 156

[elena.skufa@kmf.kz](mailto:elena.skufa@kmf.kz)

### Ким Владимир Николаевич

Қаржы құралдарымен жұмыс істеу бөлімінің менеджері

Алматы қаласы, Назарбаев даңғылы, 50, +7 (727) 331-74-74, ішкі 303

[vladimir.kim@kmf.kz](mailto:vladimir.kim@kmf.kz)

<https://kmf.kz/>